



ҚазМұнайГаз
NATIONAL COMPANY ҰЛТТЫҚ КОМПАНИЯСЫ



«ҚАЗМҰНАЙГАЗ» ҰК АҚ 2023 ЖЫЛҒА АРНАЛҒАН ОРНЫҚТЫ ДАМУ ТУРАЛЫ ЕСЕБІ

ESG-КОД

ТАҚЫРЫБЫ

Есеп туралы	14
Директорлар кеңесі төрағасының үндеуі	16
Басқарма төрағасының үндеуі	18

01 КОМПАНИЯ ТУРАЛЫ

Компанияның стратегиясы және негізгі нәтижелері	27
Орнықты дамуды басқару	34
Біздің орнықты дамуды басқару тәсіліміз	35
Есептің маңызды тақырыптары	40
Мүдделі тараптармен өзара іс-қимыл	41
Бастамалар мен мүшелік	44
Компанияның ОДМ-ға қол жеткізуге қосқан үлесі туралы	52
ESG тәуекелдерін басқару	63
Цифрлық даму	73

02 ЭКОЛОГИЯ ЖӘНЕ ӨНЕРКӘСІПТІК ҚАУІПСІЗДІК

Біздің басқару тәсіліміз	77
Су ресурстарын басқару бағдарламасы	82
Қоршаған ортаны қорғау	92
Атмосфералық ауаны қорғау	93
Шикі газды ұтымды пайдалану	97
Қалдықтарды өңдеу және топырақ құнарлығын қалпына келтіру	98
Жұмыс алаңдарын жабу және қалпына келтіру	101
Теңіз ұңғымаларын басқару	103
Мұнай төгілуінің алдын алу және жою	103
Биоәртүрлілікті сақтау және ерекше қорғалатын табиғи аумақтарды қолдау	106
Экологиялық менеджмент мәселелері бойынша персоналды оқыту	110
Жоспарланған шаруашылық қызметті экологиялық бағалау	112
Қоғамдық ұйымдармен өзара іс-қимыл	113
ҚМГ-дағы Жасыл кеңсе тұжырымдамасы	114
Өнеркәсіптік қауіпсіздік және еңбекті қорғау	117
Мердігерлік ұйымдармен өзара іс-қимыл	120
Өндірістік санитария және еңбек гигиенасы	124



Компанияның басқа есептерін алу үшін QR кодты сканерлеңіз

03 ТӨМЕН КӨМІРТЕКТІ ДАМУ

Компаниядағы төмен көміртекті саясат	129
Энергия тиімділігін арттыру және энергия үнемдеу	136
Жаңартылатын энергия көздері	140
Күкіртсіздендірудің қосымша шаралары	140

04 БІЗДІҢ АДАМДАР ЖӘНЕ ҚАТЫСУ АЙМАҚТАРЫН ДАМУ

Біздің басқару тәсіліміз	147
Жұмыспен қамту	149
Персоналды дамыту	154
Қызметкерлердің тең мүмкіндіктері мен уәждемесі	161
Адам құқықтарын сақтау және әлеуметтік қолдау	162
Әдеп және адалдық	163
Компанияның әлеуметтік саясаты	167
Біздің қауымдастықтар	174

05 КОРПОРАТИВТІК БАСҚАРУ

Корпоративтік басқару жүйесі	179
Экономикалық нәтижелілік	193
Құрылған және бөлінген экономикалық құны	194
ҚМГ Салықтық есеп саясаты	195
Инвестициялық жобалардың іске асырылуы	198
Сатып алу тәжірибесі	203
Экологиялық заңнама талаптарына сәйкестік	206

06 ҚОСЫМШАЛАР

Тәуелсіз тексеру туралы есеп	210
1-қосымша. Есептілік шекаралары, өзгерістер, ескертпелер	214
2-қосымша. Экологиялық индикаторлар	219
3-қосымша. Әлеуметтік индикаторлар	223
4-қосымша. GRI Content Index мазмұнының көрсеткіші	224
5-қосымша. Терминдер мен анықтамалар	242
Байланыс ақпараты	246



ЕСЕП ТҰЖЫРЫМДАМАСЫ

ESG-KOD

Ағзаның ерекшеліктерін анықтайтын ген сияқты, орнықты даму тұжырымдамасы кез келген компанияның бірегей бизнес-кодын құрайды. ESG қағидаттары қызметтің барлық аспектілеріне енгізілуі керек. Бұл элементтер стратегияның бір бөлігі ғана емес, олар Компанияның тіршілікке қабілеттілігі мен эволюциясын анықтайтын негіз болып табылады. Экологиялық жауапкершілік, әлеуметтік қолдау және корпоративтік мінез-құлықты тиімді басқару тұрақты бизнес үлгісінің ажырамас бөлігі болып табылады.

ҚМГ қоршаған ортамен үйлесімділікке ұмтылады, өз қызметкерлері мен қоғамдастықтарының әлеуметтік әл-ауқатын қамтамасыз етеді, сондай-ақ корпоративтік басқарудың жоғары стандарттарын қолдайды. Компания уақыт талаптарын қадағалап қана қоймайды – ол ESG кодын әрбір бизнес процесіне енгізу арқылы ұзақ мерзімді перспективада орнықты және жауапты бизнесті құру арқылы оларды қалыптастырады.




МҰНАЙ МЕН ГАЗ ӨНДІРУ


НЕГІЗГІ КӨРСЕТКІШТЕР

2-6


**PRMS ҚОРЛАРЫ
2P САНАТЫ**
млн т.м.б.




**МҰНАЙ
ЖӘНЕ КОНДЕНСАТ**
мың тонна



**ТАБИҒИ
ЖӘНЕ ІЛЕСПЕ ГАЗ**
млн м³



**CO₂ ШЫҒАРЫНДЫЛАР
ИНДЕКСІ¹**
1000 тонна КСШ үшін тонна



¹Өндірілген көмірсутек шикізатының 1000 тоннасына CO₂ шығарындларының қарқындылығы.





МҰНАЙ ТАСЫМАЛДАУ


НЕГІЗГІ КӨРСЕТКІШТЕР

2-6



ҚМГ ҮЛЕСІНЕ МҰНАЙ ТАСЫМАЛДАУ КӨЛЕМІ¹

МЫҢ ТОННА




¹ Мұнай тасымалдау көлемі ҚМГ (ҚТО-ны қоспағанда) операциялық үлесі ескеріле отырып, әрбір жеке құбыр компаниясының тасымалдаудың шоғырландырылған көлемін қамтиды. Мұнай көлемінің бір бөлігін екі немесе үш құбыр компаниясы тасымалдауы мүмкін және сәйкесінше бұл көлемдер мұнай тасымалдаудың шоғырландырылған көлемінде бір реттен артық есепке алынады.



МҰНАЙДЫ ТЕҢІЗ АРҚЫЛЫ ТАСЫМАЛДАУ КӨЛЕМІ

МЫҢ ТОННА




- Каспий өңірінде мұнай тасымалдау көлемі
- Қара және Жерорта теңіздерінде мұнай тасымалдау көлемі



ҚМГ ҮЛЕСІНЕ МҰНАЙДЫҢ ЖҮК АЙНАЛЫМЫ²

МЛН ТОННА *КМ



- ҚазТрансОйл (100%)
- Қазақстан-Қытай Құбыры (50%)
- МұнайТас (51%)
- Каспий Құбыр Консорциумы (20,75%)

² Әрбір жеке құбыр компаниясы мұнайдың жүк айналымы ҚМГ операциялық үлесі ескеріле отырып (ҚТО қоспағанда) қабылданды.



ӨНДЕУ ЖӘНЕ МАРКЕТИНГ


НЕГІЗГІ КӨРСЕТКІШТЕР

2-6




МҰНАЙ МЕН ГАЗ ӨНДІРУ

мың тонна



ҚР-ДА ӨНДІРІЛГЕН ҚМГ МҰНАЙ ӨНІМДЕРІН КӨТЕРМЕ САУДАДА ӨТКІЗУ

мың тонна



СЕРВИС



ЖЕР ҮСТІ КӨЛІГІ, ОНЫҢ ІШІНДЕ ЖҮКТЕР МЕН ЖОЛАУШЫЛАРДЫ ТАСЫМАЛДАУ, КЕН ОРЫНДАРЫНА КӨЛІКТІК-ТЕХНОЛОГИЯЛЫҚ ҚЫЗМЕТ КӨРСЕТУ



ТЕҢІЗ ОПЕРАЦИЯЛАРЫН ҚОЛДАУ



МҰНАЙ ЖӘНЕ ГАЗ ҰҢҒЫМАЛАРЫН БҰРҒЫЛАУ ЖӘНЕ ИГЕРУ



ҰҢҒЫМАЛАРДЫ ЖЕРАСТЫ ЖӘНЕ КҮРДЕЛІ ЖӨНДЕУ



МҰНАЙ-ГАЗ ЖАБДЫҚТАРЫН ӨНДІРУ



ТЕХНОЛОГИЯЛЫҚ ПРОЦЕСТЕРДІ АВТОМАТТАНДЫРУ



ӨЛШЕУ ҚҰРАЛДАРЫНА, АВТОМАТИКА ЖӘНЕ ТЕЛЕМЕХАНИКА ЖҮЙЕЛЕРІНЕ ТЕХНИКАЛЫҚ ҚЫЗМЕТ КӨРСЕТУ, МҰНАЙ КӘСІПШІЛІКТЕРІНДЕ ТЕЛЕКОММУНИКАЦИЯ, РАДИОБАЙЛАНЫС, КӘБІЛДІК ЖӘНЕ СПУТНИКТИК ТЕЛЕДИДАР ҚЫЗМЕТТЕРІН ҰСЫНУ; ӨЛШЕУ ҚҰРАЛДАРЫН ТЕКСЕРУ ЖӘНЕ ЖӨНДЕУ; КҮЗЕТ СИГНАЛИЗАЦИЯСЫНА ТЕХНИКАЛЫҚ ҚЫЗМЕТ КӨРСЕТУ



МҰНАЙ ТӨГІЛУІНЕ ДЕН ҚОЮ СЕРВИСІ



АУЫЗ СУДЫ ӨНДІРУ ЖӘНЕ ТАСЫМАЛДАУ, ТЕҢІЗ СУЫН ТАСЫМАЛДАУДЫ ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУ



ТАМАҚТАНДЫРУДЫ ЖӘНЕ ӘЛЕУМЕТТІК ОБЪЕКТІЛЕРГЕ ҚЫЗМЕТ КӨРСЕТУДІ ҰЙЫМДАСТЫРУ ЖӘНЕ Т.Б.




ЭКОЛОГИЯЛЫҚ ЖАУАПКЕРШІЛІК


НЕГІЗГІ КӨРСЕТКІШТЕР

2-6

СУ АЛУ млн м³




ІЛЕСПЕ МҰНАЙ ГАЗЫН КӘДЕГЕ ЖАРАТУ ДЕҢГЕЙІ %



CO₂ ТІКЕЛЕЙ ШЫҒАРЫНДЫЛАРЫ млн тонна




КӘДЕГЕ ЖАРАТЫЛҒАН ТАРИХИ ҚАЛДЫҚТАРДЫҢ КӨЛЕМІ мың тонна



¹2021 жылға арналған ақпарат осы көрсеткіш бойынша есепте ҚТГ қоспағанда, ҚМГ тобы бойынша ұсынылған. 2020 жылғы деректер ҚТГ ескеріле отырып ұсынылды. 6,7 тCO₂ верификацияланды, квоталанбайтын қондырғылардан 0,2 мың тCO₂-ні Компания дербес есептейді.

ЭНЕРГИЯ ҮНЕМДЕУ мың. ГДж



ҚҰРЛЫҚТА МҰНАЙДЫҢ ТӨГІЛУ КӨЛЕМІ тонна



²2022 жылы энергия үнемдеу көрсеткішінің ұлғаюы 2020–2021 жылдары жүргізілген энергия аудитінің ұсынымдарына сәйкес 2022–2027 жылдарға арналған энергия үнемдеу және энергия тиімділігі жөніндегі іс-шаралар жоспарын іске асырумен байланысты.



ӘЛЕУМЕТТІК ЖАУАПКЕР- ШІЛІК ЖӘНЕ ҚТ ЖӘНЕ ЕҚ КӨРСЕТКІШТЕРІ

НЕГІЗГІ КӨРСЕТКІШТЕР

2-6, 2-7


ЖҰМЫСКЕРЛЕРДІ ӘЛЕУМЕТТІК ҚОЛДАУ млрд тенге




ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРДІҢ ТҰРАҚТАМАУЫ %



ЖҰМЫСКЕРЛЕР ЖЫНЫСЫ БОЙЫНША БӨЛІНІСТЕ %



ЖҰМЫСКЕРЛЕР АРАСЫНДАҒЫ LTIR ЖӘНЕ FAR КОЭФФИЦИЕНТІ



● Жұмыс уақыты жоғалатын жазатайым оқиғалардың коэффициенті (LTIR)
● Өлім жағдайларының коэффициенті (FAR)

АКАДЕМИЯЛЫҚ САҒАТТАРДЫҢ ОРТАША ЖЫЛДЫҚ САНЫ





КОРПОРАТИВТІК БАСҚАРУ

НЕГІЗГІ КӨРСЕТКІШТЕР


2-6



ESG-ТӘУЕКЕЛ РЕЙТИНГІ




САЛЫҚТАР² млрд тенге



² Төленген салықтар және ел бюджетіне төленетін басқа да міндетті төлемдер.




ПАЙДА млрд тенге



¹ ҚЕХС стандарттарына сәйкес, 2022 жылғы ҚМГ көрсеткіштері «Полимер Продакшн» ЖШС-ның 100% үлесі қосылғаны ескеріле отырып қайта есептелді.



САТЫП АЛУ³ млрд тенге




³ ҚМГ компаниялар тобы бойынша жеткізілген тауарлардың, жұмыстар мен қызметтердің көлемі



САТЫП АЛУДАҒЫ ЕЛШІЛІК ҚҰНДЫЛЫҚ ҮЛЕСІ

%



ЕСЕП ТУРАЛЫ

2-14, 2-3, 2-5, 3-1

«КазМұнайГаз» ҰК АҚ (бұдан әрі – ҚМГ) орнықты даму саласындағы өз қызметі туралы есептілікті дайындауды 2008 жылдан бастап жыл сайынғы негізде жүргізіп, 2012 жылдан бастап есептілікті Жаһандық есептілік бастамасына (Global Reporting Initiative – GRI) сәйкес жариялап келеді.

Мүдделі тараптар алдында өз қызметінің айқындығы мен ашықтығын қамтамасыз ету мақсатында ҚМГ жыл сайын орнықты дамуға, әлеуметтік, экономикалық және экологиялық жауапкершілікке өзінің көзқарасын жариялайды.

Осы Есеп Global Reporting Initiative Sustainability Reporting Standards орнықты даму саласындағы есептілікті дайындау жөніндегі халықаралық стандарттарға, сондай-ақ GRI 11: Oil and Gas Sector 2021 мұнай-газ компанияларына арналған салалық қосымшаға сәйкес дайындалды.

ҚМГ есебінің сыртқы верификаторын іріктеу «Самұрық-Қазына» ұлттық әл-ауқат қоры» акционерлік қоғамының Сатып алуды жүзеге асыру тәртібі (https://online.zakon.kz/Document/?doc_id=39101813) негізінде және бәсекелестік келіссөздер жүргізу арқылы тендер өткізу сатып алу туралы шешім негізінде жүргізіледі. 2021 жылғы 12 мамырда өткен 2021–2025 жылдарға арналған қызметтерді сатып алу бойынша іріктеу рәсімінің нәтижесінде ҚМГ және «Эрнст Энд Янг – консультациялық қызметтер» ЖШС-мен GRI халықаралық стандарттарына сәйкес дайындалған есепті верификациялау бойынша қызметтерді сатып алу шартын жасасты. Тәуелсіз тексеру туралы есеп осы Есептің 210 бетінде қолжетімді.

Есепте 2023 күнтізбелік жылға арналған ҚМГ және оның еншілес және тәуелді ұйымдары туралы шоғырландырылған ақпарат ұсынылған (есепте – ҚМГ, Компания, Компаниялар тобы деп аталады).

Есептің шекаралары дауыс беретін акцияларының (қатысу үлестерінің) елу және одан да көп пайызы меншік немесе сенімгерлік басқару құқығында ҚМГ-ге тікелей немесе жанама түрде тиесілі ҚМГ еншілес және тәуелді ұйымдарын, сондай-ақ ҚМГ қызметін бақылауға құқылы заңды тұлғаларды қамтиды (бөлімдер бойынша есептілік шекараларының егжей-тегжейлі сипаттамасы есепке 1-қосымшада берілген).

Компания қызметінің қаржылық және өндірістік нәтижелері Компанияның тиісті блоктарының ұйымдастырушылық қолдауымен Компанияның шоғырландырылған деректері пайдаланыла отырып ұсынылған. Осы Есепті дайындау кезінде халықаралық қаржылық есептілік стандарттары бойынша құрастырылған ҚМГ басқарушылық және аудиттелген қаржылық есептілігі пайдаланылды, ол қаржылық емес есептілікпен бірдей мерзімділікпен – жыл сайын жарияланады.

Есепті дайындау процесі, маңызды тақырыптарды айқындау және мүдделі тараптармен өзара әрекеттесу туралы – «Орнықты дамуды басқару» бөлімінде толығырақ айтылған.

Көрсеткіштер бойынша деректерді салыстыру және салыстырмалау мүмкіндігін қамтамасыз ету үшін ақпарат бірнеше жыл ішіндегі динамикада ұсынылған.

ҚМГ Орнықты дамуы туралы есебі ҚМГ Директорлар кеңесінің шешімімен бекітіледі және корпоративтік интернет-сайтта жариялау және баспа нұсқасын тарату арқылы мүдделі тараптардың назарына жеткізіледі.

ҚМГ-ның орнықты дамуы туралы есептер электрондық форматта мемлекеттік, орыс және ағылшын тілдерінде ҚМГ веб-сайтында қолжетімді: <https://www.kmg.kz/sustainable-development/>

Есептің интерактивті нұсқасы ҚМГ сайтында мемлекеттік, орыс және ағылшын тілдерінде орналастырылған: <https://www.kmg.kz/ru/sustainable-development/>.

Орнықты даму саласындағы халықаралық бастамаларды басшылыққа ала отырып, ҚМГ БҰҰ Жаһандық шартының (бұдан әрі – БҰҰ ЖШ) қағидаттарын ұстанады және өз қызметіне Орнықты даму мақсаттарын (бұдан әрі – ОДМ) интеграциялайды.

БҰҰ ЖАҒАНДЫҚ ШАРТЫНЫҢ ҚАҒИДАТТАРЫ

Адам құқықтары	1-қағидат	Іскерлік топтар халықаралық деңгейде жария етілген адам құқықтарын қорғауды қолдап, құрметтеуге тиіс.
	2-қағидат	Іскерлік топтар адам құқықтарының бұзылуына қатысы болмауы тиіс.
Еңбек қарым-қатынастары	3-қағидат	Іскерлік топтар бірігу еркіндігін және ұжымдық шарттар жасасу құқығын нақты мойындауды қолдауы тиіс.
	4-қағидат	Іскерлік топтар мәжбүрлі және міндетті еңбектің барлық нысандарын жою үшін әрекет етуге тиіс.
	5-қағидат	Іскерлік топтар балалар еңбегін толық жоюды қолдауы тиіс.
	6-қағидат	Іскерлік топтар еңбек және жұмыспен қамту саласындағы кемсітушілікті жоюды қолдауы тиіс.
Қоршаған орта	7-қағидат	Іскерлік топтар сақтық қағидатына негізделген экологиялық мәселелерге көзқарасты қолдауы тиіс.
	8-қағидат	Іскерлік топтар қоршаған ортаның жай-күйі үшін жауапкершілікті арттыруға бағытталған бастамаларды қабылдауы тиіс.
	9-қағидат	Іскерлік топтар экологиялық қауіпсіз технологияларды дамытуға және таратуға жардемдесуі тиіс.
Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл.	10-қағидат	Іскерлік топтар бопсалау мен парақорлықты қоса алғанда, сыбайлас жемқорлықтың барлық нысандарына қарсы тұруға тиіс.



2006 жылдан бастап ҚМГ БҰҰ ЖШ мүшесі және белсенді қатысушысы болып табылады және БҰҰ ЖШ он қағидатына және 17 ОДМ-ға адалдығын қолдайды.

Компанияның орнықты дамуы туралы жыл сайынғы есеп БҰҰ Жаһандық шарты шеңберіндегі ілгерілеу туралы біздің хабарламамыз болып табылады.

<https://unglobalcompact.org/what-is-gc/participants/6810#>

ДИРЕКТОРЛАР КЕҢЕСІ ТӨРАҒАСЫНЫҢ ҮНДЕУІ

2-22



Құрметті стейкхолдерлер,

Сіздердің назарларыңызға біздің жетістіктеріміз бен Компанияның стратегиялық бағытын көрсететін «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ 2023 жылға арналған орнықты дамуы туралы есепті ұсынамын.

Соңғы жылдардағы сын-қатерлер мен қиындықтарға қарамастан, біз белгіленген мақсаттарға қарай жылжуды жалғастырамыз және ҚМГ-нің 2022–2031 жылдарға арналған даму стратегиясына сәйкес бастамаларды іске асырамыз. Біз басты күш-жігерімізді – «Энергиялық ауысу және көміртек ізін азайту», «Персоналдың денсаулығын басқару» және «Қызметтің барлық бағыттары бойынша тұрақты дамыту» сияқты үш негізгі бастаманың көмегімен іске асырылатын «Өндірістің көміртек сыйымдылығын тұрақты дамыту

және үдемелі азайту» бойынша стратегиялық бағытқа жұмсаймыз. Осы бастамаларды іске асыру орнықты даму қағидаттарын барлық негізгі бизнес-процестерге, операциялық қызметке және шешім қабылдау процестеріне біріктіруді қамтиды.

2023 жылы күн тәртібінің ESG экологиялық аспектісі шеңберінде Компания көміртегі ізін азайту мақсатында ҚМГ төмен көміртекті даму бағдарламасы бойынша 60 маңызды іс-шараны іске асырған болатын. Көміртектендіру жобаларын белсенді енгізу тұрақты дамуға және қоршаған ортаға әсерді азайтуға бағытталған маңызды қадам болып отыр.

Сонымен қатар, Компания су тапшылығын болдырмауға, экожүйелердің тұрақтылығын сақтауға, сондай-ақ ұзақ мерзімді кезеңде су ресурстарын басқару жүйесін жетілдіруге бағытталған Су ресурстарын басқару бағдарламасын әзірледі. Тиімді ішкі стандарттарды енгізу, экологиялық мәдениетті арттыру және менеджмент жүйесін қолдау сияқты процестердің көмегімен ҚМГ өз қызметінің экологиялық және өндірістік қауіпсіздігін арттыруға ұмтылады.

Әлеуметтік аспект шеңберінде ҚМГ компаниялар тобында персоналдың денсаулығын басқаруға бағытталған іс-шаралар бағдарламасы бекітілді және іске асырылуда, оған Міндетті медициналық тексерулерді ұйымдастыру бойынша жаңа корпоративтік стандарт енгізілді. Бұдан басқа, Компанияның барлық объектілерінде қызметкерлердің денсаулығы мен қауіпсіздігін арттыруға бағытталған Өндірістік санитарлық бақылаудың бірыңғай үлгілік бағдарламасы іске асырылып жатыр. Бұл іс-шаралар Компанияда персоналдың денсаулығын басқарудың неғұрлым ашық процесін құруға, медициналық-профилактикалық қамтамасыз ету жүйесін жақсартуға және өндірістік санитарлық бақылауды күшейтуге мүмкіндік береді.

Компания өз қызметкерлерінің еншілес және мердігерлік ұйымдардағы құқықтарын қатаң сақтайды және олардың өмір сүру жағдайлары мен әл-ауқатын жақсартуға күш салады, бұл 75% құрайтын әлеуметтік тұрақтылық индексіне көрініс табады.

Сонымен қатар, ҚМГ қатысатын өңірлерді дамытуға және қайырымдылық мақсаттарға қомақты қаражат бөлу арқылы қабылданған әлеуметтік міндеттемелерді уақтылы орындайды. Мәселен, 2023 жылы жергілікті қоғамдастықтарға қайырымдылық көмекке ҚМГ еншілес кәсіпорындары 1,1 млрд теңгеден астам қаражат бөлді.

Болашақта Компания әртүрлілік пен инклюзивтікті ынталандыруға, жергілікті қауымдастықтарды дамытуға, адам құқықтары мен гендерлік теңдікті қорғауға бағытталған бағдарламаларды жүзеге асыруға бағытталған.

Корпоративтік басқару бөлігінде есептілікке, ашықтыққа, этикалық мінез-құлыққа және қабылданған халықаралық стандарттарға сәйкестікке ерекше назар аударып отыр. Ол үшін Компания өзінің ESG көрсеткіштерін белсенді талдайды және тиісті мақсаттарды басшылардың стратегиялық және орта мерзімді ҚНҚ жүйесіне біріктіреді. Оның ішінде, ҚМГ-да тәуекелдерді тиімді анықтауға және бағалауға, ESG мәселелерін қамтитын тәуекелдерді азайту үшін негізделген шешімдер мен шаралар қабылдауға мүмкіндік беретін тәуекелдерді басқару жүйесі енгізілді.

Sustainalytics деректері бойынша 32,3 баллды құраған ҚМГ-нің 2023 жылғы ESG тәуекел рейтингі біздің қоршаған ортаны қорғау, әлеуметтік сала және корпоративтік басқару мәселелерін басқару сапасын көрсетеді. Жаһандық рейтингте 315 мұнай-газ компаниясы арасында 40-орынға ие бола отырып, біз орнықты даму бағытында өз міндеттемелерімізді және нәтижелілігімізді

көрсетеміз. ESG рейтингін одан әрі жақсарту және ықтимал ESG тәуекелдерінің әсерін азайту мақсатында экологиялық, әлеуметтік тәуекелдерді, сондай-ақ корпоративтік басқару тәуекелдерін басқаруды жақсарту бойынша 42 іс-шараны қамтитын ESG жоспары жаңартылды.

«ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ Директорлар кеңесі орнықты даму мәселелеріне басымдық береді. Есепті жылы Қауіпсіздік, еңбекті қорғау, қоршаған орта және орнықты даму комитеті осы тақырыпқа байланысты 30-дан астам тармақты талқылайтын бес отырыс өткізді. Орнықты даму мәселелері жөніндегі Директорлар кеңесінің жыл сайынғы арнайы отырысы Компанияның ESG аспектілерін терең талдау үшін ұйымдастырылғанын атап өткен жөн. Осы отырыс барысында ESG жоспарының негізгі аспектілері, TCFD ұсынымдарын орындау, сондай-ақ біздің төмен көміртекті бастамаларымызды іске асырудағы ағымдағы жағдайы мен жетістіктерін талдау қарастырылды.

ҚМГ-нің ESG саласындағы тәжірибелерді қолданудағы күш-жігері БҰҰ Жаһандық шартының он қағидатына, орнықты даму мақсаттарына, сондай-ақ БҰҰ-ның бизнес және адам құқықтары жөніндегі басшылық қағидаттарына бейілділігін көрсетеді.

Қорытындылай келе, ESG-дің жақсы тәжірибесі ҚМГ-нің барлық басшылары мен қызметкерлерінің өндірістік және қаржылық көрсеткіштерге тікелей әсер ететін, Компанияның құндылығы мен беделін қалыптастыратын аса құштарлығының ажырамас бөлігі болып табылатынын атап өткім келеді.

**Құрметпен,
Ернат Бердіғұлов
«ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ Директорлар
кеңесінің төрағасы**

БАСҚАРМА ТӨРАҒАСЫНЫҢ ҮНДЕУІ

2-22



Құрметті акционерлер, инвесторлар, әріптестер және серіктестер!

Компания беретін жыл сайынғы есеп тұрақты даму саласындағы прогресс туралы хабарлама болып табылады. Осы бағытты жақтайтынымызды растай отырып, біз акционерлер мен инвесторларымыздың, қызметкерлер мен серіктестеріміздің, орналасқан өңірлердегі тұрғындардың, сондай-ақ тұтастай алғанда Қазақстанның мүдделеріне жауап беретін стратегиялық мақсаттарды іске асыруды жалғастырамыз. Компанияның ESG саласындағы қызметін жылдан жылға жақсартуға ұмтылуды назардан шығармаймыз.

Біз «Өндірістің көміртегі қарқындылығының тұрақты дамуы және үдемелі төмендеуі» стратегиялық мақсатын дәйекті түрде іске асырудамыз. Осы мақсатты қолдау үшін

ҚМГ «2022–2031 жылдарға арналған төменгі көміртектік даму бағдарламасын» бекітті. Компания климаттың өзгеруіне қарсы жалпы әлемдік күреске үлес қосу үшін заманауи үнемдеу технологияларын енгізу және көміртегі ізін азайту мақсатын көздейді.

Жылымық газдар шығарындыларын азайту және жаңартылатын энергия көздері саласындағы бірлескен жобаларды іске асыру бойынша жұмыстар белсенді жүргізілуде. Біз Total Egen-мен қуаты 1 ГВт құрайтын «Мирный» жел электрстанциясының құрылысына арналған жұмыс құжаттамасын әзірлеуді бастадық. Ағымдағы жылы Epi-мен гибридік электрстанциясының құрылысын бастау жоспарлануда. Бұл қадамдар біздің тұрақты даму және тиімді, таза энергетикалық инфрақұрылымды құру саласында алға жылжуға дайындығымызды көрсетеді.

Өз принциптерімізді жалғастыра отырып, біз экологиялық іс-шараларды іске асыру мәселелеріне ерекше назар аударамыз, бұл қоршаған ортаға әсерді азайтуға мүмкіндік береді. Бірқатар экологиялық көрсеткіштер бойынша оң динамика байқалады: шикі газды кәдеге жарату үлесі 98,9%-ға жетті, кәдеге жаратылған тарихи қалдықтардың көлемі 1145 мың тоннаға дейін өсті. Атмосфералық ауаға ластаушы заттардың шығарындыларын азайту, су ресурстарын пайдалану тиімділігін арттыру бойынша іс-шаралар орындалуда.

Жұмыскерлерге қамқорлық жасау біздің қызметіміздің маңызды аспектісі болып табылады. 2023 жылдың қорытындылары бойынша Компанияда 49 мың жұмыскер бар. ҚМГ мен «Abu Dhabi Ports Company» (ADP) арасындағы стратегиялық серіктестік туралы келісімнің шеңберінде Маңғыстау және Түркістан өңірлерінен келген қазақстандық мамандарды ADP-ға жұмысқа орналастыру бойынша бастама іске асырылды.

ҚМГ тобында жұмыскерлердің мүдделерін қорғайтын 42 кәсіптік одақ ұйымы жұмыс істейді. Басшылық неғұрлым өзекті мәселелер бойынша ЕТҰ кәсіподақтарымен тоқсан сайын кездесулер өткізеді. Жұмыскерлердің еңбек жағдайларын жақсарту және демалысы үшін әлеуметтік-тұрмыстық инфрақұрылымның жаңа объектілерін салу және жұмыс істеп тұрғандарын күрделі жөндеу бойынша жұмыстар жүргізілуде.

Сонымен қатар, біз орналасқан аймақтарды дамыту және қайырымдылық мәселелеріне назар аударамыз. Жер қойнауын пайдалануға жасалған келісімшарттар шеңберінде 5 миллиардтан астам теңге әлеуметтік жобаларды іске асыруға бағытталды. «Жарқын болашақ» жобасы бойынша ҚМГ Маңғыстау облысының 449 жоғары сынып оқушысының білім беру гранттарына 678 млн теңге бөлді. Балаларға толық өтеусіз қаржылық көмек көрсетіледі, оған оқу, жатақханада жату ақысы, көлік қызметтері шығындары және ай сайынғы стипендиялар кіреді.

2023 жылы ҚазМұнайГаз компаниялары тобында «KMG-Volunteer» еріктілер қозғалысы басталды. Еріктілер мұқтаж жандарға көмек көрсету, сондай-ақ әлеуметтік және экологиялық бастамаларды қолдау арқылы белсенді үлес қосуда.

Біздің қызметіміздегі маңызды басымдық өндірістегі қауіпсіздіктің жоғары деңгейін қамтамасыз ету, жұмыскерлердің өмірі мен денсаулығын қорғау болып табылады. Есепті кезеңде еңбек қызметіне байланысты жазатайым оқиғалардың салдарынан зардап шеккендердің саны өткен жылмен салыстырғанда 19%-ға төмендеді. Сонымен бірге, өндірістік жарақаттанудың төмендеуіне қарамастан ҚМГ тобы мен мердігерлік ұйымдардың жұмыскерлері арасында адам өліміне әкеп соқтырған жазатайым оқиғалар орын алды. Біз қауіпсіздікті күшейту және осындай оқиғаларды болдырмау бойынша жүйелі шаралар қабылдаудамыз.

Инвестициялық және инфрақұрылымдық жобаларды іске асыруды жалғастыра келе, Жақсартылған модельдік келісімшарттың тетігі көмегімен біз «Қаламқас теңіз – Хазар», «Қаратон

тұзасты» және «Ұрықтау» сияқты капиталды қажет ететін және күрделі жобалардағы жұмыстарды жандандыруға қол жеткіздік.

Есепті жылы Компания өзінің өндірістік көрсеткіштерінің оң динамикасын көрсетті. Brent маркалы мұнайға орташа бағаның төмендеуіне қарамастан, есепті кезеңдегі таза кіріс 924 миллиард теңгені құрады. ҚМГ 1162 миллиард теңгеге салықтар және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдерді төледі. ҚМГ тобында жеткізілген тауарлардың, жұмыстар мен қызметтердің жалпы көлемі 2,186 миллиард теңгені құрады, біздің сатып алуымыздағы елішілік құндылықтың үлесі 77%-ды құрады.

Біз үшін өндірістік және қаржылық нәтижелерге қол жеткізу және қызметімізде әлеуметтік және экологиялық аспектілерді ескеру маңызды екенін атап өткім келеді. Біз осы жолмен ғана болашақта компаниямыздың сенімді және тұрақты дамуын қамтамасыз ете алатынымызға сенімдіміз.

2023 жыл ішінде тұрақты дамуға қол жеткізу бастамалары халықаралық алаңдарда белсенді талқыланды. Экология және климаттың өзгеруі, адам құқықтары мен еңбек қатынастары, гендерлік теңдік және сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес мәселелері COP28, БҰҰ-ның Жаһандық шарты және басқа да халықаралық деңгейдегі кездесулерде басым мәселелер болып табылды. Біздің Компания осы іс-шараларға белсенді қатысады және барлық көрсеткіштер бойынша Компанияның тұрақты дамуына қол жеткізуде жыл сайынғы прогресті көздейміз.

Біз ұзақ мерзімді перспективада тұрақты және жауапты бизнес құра отырып, әрбір бизнес процесіне ESG-кодымызды енгізіп, уақыт талаптарын орындаудамыз. Болашақта бұл бізді ҚМГ жұмысының барлық бағыттары бойынша жақсартылған көрсеткіштерге және тұрақты қаржылық нәтижелерге жетелейді.

Назарларыңыз және біздің компанияға сенімдеріңіз үшін алғыс білдіремін.

**Құрметпен,
«ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ Басқарма төрағасы
Мағзұм Мырзағалиев**



КОМПАНИЯ ТУРАЛЫ

КОМПАНИЯ ТУРАЛЫ

2-1, 2-6

«КазМұнайГаз» ұлттық компаниясы» акционерлік қоғамы – көмірсутектерді барлау мен өндіруден, оларды тасымалдау мен өңдеуден бастап, мамандандырылған сервистік қызметтер көрсетуге дейінгі толық өндірістік циклді жүзеге асыратын тігінен интеграцияланған мұнай-газ компаниясы.

ҚМГ «Ел экономикасының мұнай-газ секторында мемлекеттің мүдделерін одан әрі қамтамасыз ету жөніндегі шаралар туралы» Қазақстан Республикасы Президентінің 2002 жылғы 20 ақпандағы №811 Жарлығына және «Қазақстан Республикасы Президентінің 2002 жылғы 20 ақпандағы №248 Жарлығын іске асыру жөніндегі шаралар туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2002 жылғы 25 ақпандағы №811 қаулысына сәйкес құрылды. ҚМГ «Қазақойл» ұлттық мұнай-газ компаниясы», «Мұнай және газ көлігі» ұлттық компаниясы» жабық акционерлік қоғамдарының және «КазМұнайГаз – өңдеу және маркетинг» акционерлік қоғамының құқықтық мирасқорына айналды. ҚР Үкіметі атынан ҚР Қаржы министрлігінің Мемлекеттік мүлік және жекешелендіру комитеті ҚМГ құрылтайшысына айналды.

31.12.2023ж. жағдайы бойынша, ҚМГ компаниялар тобының құрамына дауыс беретін акцияларының (қатысу үлестерінің) елу және одан да көп пайызы тікелей немесе жанама түрде ҚМГ-ға тиесілі 108 компания кіреді, оның ішінде 56 компания ҚР аумағында орналасқан. Қалған активтер Румыния, Грузия, Швейцария, Нидерланды, Канада, Болгария, Молдова, Ресей, Түркия,

ҚМГ АКЦИОНЕРЛЕРІ

67,42%


«Самұрық-Қазына» ұлттық әл-ауқат қоры» акционерлік қоғамы

20%


«Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі» Республикалық мемлекеттік мекемесі

9,58%


«ҚР Ұлттық Банкі» Республикалық мемлекеттік мекемесі


3%


KASE және AIX биржаларында еркін айналымда

Ұлыбритания, Германия, БАӘ, Канада, Гибралтар, Британдық Виргин аралдары, Маршалл аралдары, Багамалар, Мэн аралдары сияқты елдерде орналасқан.

Орталық аппарат Астана қаласында орналасқан, сондай-ақ Ақтау қаласында ҚМГ өкілдігі бар.

ҚҰН ЖАСАУДЫҢ ӨНДІРІСТІК ТІЗБЕГІ



Топтағы заңды тұлғаларды қысқарту, оның ішінде ЕТҰ тарату/қайта ұйымдастыру есебінен қысқарту жекешелендіру бағдарламалары мен дивестициялар шеңберінде жүргізіледі.

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2022 жылғы 2 тамыздағы №523 қаулысымен Жекешелендірудің 2021–2025 жылдарға арналған кешенді жоспарына өзгерістер мен толықтырулар енгізілді.

ҚМГ жекешелендірудің 2021–2025 жылдарға арналған жаңартылған кешенді жоспары мыналарды қамтиды:

- сатылатын 53 компания;
- ҚМГ IPO периметріне енгізілген 94 компания;
- Өткізу және қайта ұйымдастыру тәртібі мен шарттарын «Самұрық-Қазына» АҚ Басқармасы белгілейтін ҚМГ тобы бойынша 7 компания.

2023 жылғы 1 қарашада ҚМГ Директорлар кеңесі 2023 жылдан 2025 жылға дейін ҚМГ стратегиялық емес активтерінің жаңартылған тізбесін (бұдан әрі – СеАТ тізбесін) бекітті, онда 9 компанияны шығару көзделген.

2023 жылға СеАТ тізбесі шеңберінде 3 компанияны шығару жоспарланды, оның екеуі тарату арқылы және бір компания қатысу үлесін сату арқылы.

2023 жылы ҚМГ активтерінің құрылымында мынадай өзгерістер жүзеге асырылды:

- 3 компания таратылды;
- 2 компания құрылды;
- 2 компания сатып алынды;
- 2 компанияда қатысу үлесі сатылды.

ҚҰН ЖАСАУДЫҢ ӨНДІРІСТІК ТІЗБЕГІ

2-6, 417-1

ҚМГ далалық ауыл шаруашылығы жұмыстарын жүргізу үшін дизель отынын тиеп жөнелтуді жүзеге асырады, сондай-ақ жылыту кезеңінде әлеуметтік-өндірістік объектілер мен мекемелерді мазутпен қамтамасыз етеді.

Сондай-ақ ҚМГ 2023 жылы «ҚМГ-Аэро» ЖШС еншілес компаниясы және биржалық сауда алаңдары арқылы Қорғаныс министрлігінің, ҰҚК және ҚР Ұлттық ұланының авиациялық

қызметтері үшін, ҚР жергілікті әуежайлары мен авиакомпаниялары үшін авиаотын сатуды жүзеге асырды.

Мұнай өнімдерінің қалған көлемі сырттан сатып алушыларға ҚР ішкі нарығына және экспортқа көтерме партиялармен сатылады.

2023 жылы мұнай өнімдерін экспорттық жеткізу құрылымында қара мұнай өнімдерін Еуропаға жөнелту басым болды. Параксилол, бензол, кокс, күкірт көлемі Еуропаға, Қытайға, Ресейге, Тәжікстанға, Түркияға жеткізілді.

ҚМГ РЕСУРСТАРЫНАН ӨНДІРІЛГЕН ӨНІМДЕРІНІҢ ЖЕТКІЗУ ҮЛЕСІ МЕН БАҒЫТТАРЫ БОЙЫНША БӨЛІНІСТЕГІ ЭКСПОРТЫ

р/с №	Мұнай өнімдері	12 ай 2023 жыл		
		Көлемі, т	Жеткізу бағыты	Үлес, %
1	Мазут	496 582	Еуропа	99%
		6 955	Өзбекстан	1%
2	Вакуумдық газойль	80 704	Еуропа	100%
3	Параксиллол	7 579	Қытай	100%
4	Бензол	11 621	Қытай	100%
		82 236	Қытай	84%
5	Жиынтық кокс	7 821	Түркия	8%
		5 280	Ресей	5%
		2 836	Тәжікстан	3%
6	Қыздырылған кокс	3 761	Ресей	72%
		1 499	Қытай	28%
7	Күкірт	3 558	Еуропа	40%
		5 239	Түркия	60%
Барлығы:		715 672		

ҚМГ 2023 жылы Батыс Қазақстанда орналасқан еншілес мұнай өндіруші компаниялардың («Өзенмұнайгаз» АҚ, «Ембімұнайгаз» АҚ, «Қазақтүрікмұнай» ЖШС және «Өріктау Оперейтинг» ЖШС) 100%-ы үш мұнай өңдеу зауытында (АМӨЗ, ПМХЗ және ПКӨП) кейіннен өңдеу үшін мұнай сатып алуды жүзеге асырды.

Мұнай мен оны өңдеу бойынша қызметтерді сатып алудың жалпы құны 685 млрд теңгені құрады.

Мұнай кен орнын сынамалық пайдалану кезеңінің аяқталуына және жер қойнауын пайдалануға арналған жақсартылған модельдік келісімшартқа қол қоюға дайындалуына байланысты «Өріктау

Оперейтинг» ЖШС 2023 жылдың екінші жартыжылдығында ПМХЗ-ға мұнай жеткізуді тоқтатты. 2023 жылдың қорытындысы бойынша ҚМГ ПМХЗ-да барлығы 28,3 мың тонна жоспар бойынша «Өріктау Оперейтинг» ЖШС-ның 16,4 мың тонна мұнайы өңделді.

Сондай-ақ Қазақстан Республикасында ҚР Энергетика министрлігі бекітетін мұнай өнімдерін жеткізу жоспарларына сәйкес автобензин, авиаотын және битуммен биржалық сауда жүзеге асырылды. 2023 жылғы қарашадан бастап биржалық сауда-саттыққа мұнай өнімдерін жеткізу жоспарлары бойынша жалпы өткізудің 10% көлемінде қосымша дизель отыны шығарыла бастады.

Кеден одағының 013/2011 «Автомобиль және авиация бензиніне, дизель және кеме отынына, реактивті қозғалтқыштарға арналған отынға және мазутқа қойылатын талаптар туралы» техникалық регламентіне (бұдан әрі – КО ТР) сәйкес шығарылатын отынның сапасы К4 және К5 экологиялық кластарына (Еуро-4 және Еуро-5 аналогтары) сәйкес келеді.

КО ТР сәйкес автомобиль бензинінде және дизель отынында құрамында металл бар қосындыларды (құрамында марганец, қорғасын және темір бар қосындыларды) қолдануға жол берілмейді, күкірт мөлшері 50 мг/кг артық емес, бензол – 1% артық емес болып белгіленді.


ҚР МӨЗ-дерін жаңғыртудың мақсаты – шығарылатын мотор отындарының сапасын К-5 класс деңгейіне дейін (Евро-5 стандарт аналогы) арттыру.

Бұл ретте, көлік құралдары қозғалтқыштарының жұмысы кезінде пайдаланылған газдардан адам денсаулығына антропогендік әсердің басым көзі болып табылатын шығарылатын мотор отынында зиянды заттардың құрамы төмендеді:

- күкірт бойынша 10 есе (күкірт тотығының түзілу көзі);
- хош иісті заттар бойынша 1,5 есе (күйе түзілу көзі);
- бензол бойынша 5 есе (бензопереннің пайда болу көзі – канцероген, бірінші қауіптілік класына жатады).

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНДА ӨНДІРІЛГЕН ҚМГ МҰНАЙ ӨНІМДЕРІН КӨТЕРМЕ САУДАДА ӨТКІЗУ, МЫҢ ТОННА

Өнім	2021			2022			2023		
	ішкі нарық	экспорт	барлығы	ішкі нарық	экспорт	барлығы	ішкі нарық	экспорт	барлығы
Бензин	1195	–	1195	1333	7	1340	1 529	–	1 529
Дизель отыны	1291	57	1348	1513	–	1513	1 512	–	1 512
Авиациялық отын	120	–	120	161	–	161	165	–	165
Мазут	241	542	783	265	588	853	205	504	708
Вакуумдық газойль	–	166	166	–	105	105	–	81	81
Битум	83	–	83	125	–	125	87	–	87
Кокс	79	66	144	56	65	121	50	103	154
Күкірт	3	17	20	5	14	19	12	9	21
Бензол	–	4	4	–	3	3	–	12	12
Параксиллол	–	25	25	–	34	34	–	8	8
Сұйытылған газ	162	1	163	204	–	204	230	–	230
Пеш отыны	4	–	4	–	–	–	3	–	3
Технологиялық отын	382	–	382	408	–	408	411	–	411
Басқалары	18	–	18	22	–	22	21	–	21
Барлығы	3 577	877	4 454	4 091	816	4 908	4 224	716	4 940

2023 ЖЫЛҒЫ МҰНАЙ ӨНДЕУДЕГІ ЖЕТІСТІКТЕР


Қазақстандық мұнай өңдеу зауыттарында шығарылатын өнімнің сапасы туралы ақпарат МӨЗ-дің ресми сайттарында қолжетімді:



https://www.pnhz.kz/kaz/product/quality_of_product/



<https://www.anpz.kz/kz/product/>



<https://petrokazakhstan.kz/kz/bu-downstream-kz/>

Компанияның өндірістік қызметі мен қаржылық нәтижелері туралы толығырақ 2023 жылғы жылдық есепте баяндалған:



<https://www.kmg.kz/investors/reporting/>

КОМПАНИЯНЫҢ СТРАТЕГИЯСЫ ЖӘНЕ НЕГІЗГІ НӘТИЖЕЛЕРІ

2-19, 2-22, 2-23, 2-24



Қауіпсіздіктің жоғары стандарттарына және орнықты даму қағидаттарына сай келетін, қаржылық нәтижені барынша арттыруға бағдарланған тігінен интеграцияланған ұлттық мұнай-газ компаниясы.



Біз энергетикалық қауіпсіздікті қамтамасыз ету, Қазақстанның дамуы мен өркендеуі үшін болашақ ұрпаққа деген қамқорлықпен табиғи ресурстарды тиімді және ұтымды игереміз.

ҚМГ-ның 2022–2031 жылдарға арналған Даму стратегиясы ҚМГ Директорлар кеңесінің 2021 жылғы қарашадағы шешімімен бекітілген.

Біздің басты міндетіміз — орнықты дамудың күн тәртібі шеңберінде құн тізбегін кеңейту, негізгі бизнестен ақша ағындарының тұрақтылығы.

Мұнай-газ саласына оның динамикасын қалыптастыратын түрлі факторлар әсер етіп келеді. 2023 жылы мұнай және газ секторына әсер ететін жаңа трендтер белгіленді.

Соңғы онжылдықта бұл сала айтарлықтай өзгерістерге ұшырады: бір баррель мұнай 100 доллардан асқан 2014 жылғы бағаның өсуінен бастап, бағалар уақытша минусқа кеткен 2020 жылғы дағдарысқа дейін. Алайда 2022 жылы экономикалық, геосаяси, сауда және қаржылық факторлардың әсері салаға жеткіліксіз инвестициялармен байланысты проблемаларды күшейтті.

Еуропа мен Ресей арасындағы энергия саудасының бұзылуы, жаңартылатын энергия көздерін дамыту үшін шикізат тапшылығы, сондай-ақ төмен көміртекті технологияларды жеткізу тізбегіндегі проблемалар энергияның ауысуын бәсеңдетті. Бұл теңгерімсіздіктердің нәтижесінде 2022 жылы энергияның рекордтық жоғары бағасы және мұнай-газ компанияларының ақша ағындары айтарлықтай ұлғайды, дегенмен инвестициялық саясат белгісіз болып қалуда.

2023 жылғы әлемдік трендтер тұрғысынан 2024 жылы мұнай-газ компанияларының теңгерімді дамуының негізгі факторлары энергетикалық қауіпсіздік, жеткізілімдер мен бизнесті әртараптандыру, сондай-ақ төмен көміртекті дамуға баса назар аудару болып табылады. Осылайша, ҚМГ-ның бүгінгі міндеті инвестицияларды ұлғайту мен капитал тәртібін сақтау арасындағы теңгерімді сақтау болып табылады.



ҚМГ көмірсутектерді өндіру, тасымалдау және өңдеу бойынша тұрақты өндірістік цикл арқасында бәсекелестік артықшылығын сақтайды. Компания өзінің жер қойнауын пайдалану активтерін алудың басым құқығын белсенді іске асырады, бұл ресурстық базаны толықтыруға ықпал етеді.

Арзан шикізаттың қол жетімділігі мұнай-газ химиясын ҚМГ үшін табиғи өсу нүктесі ретінде айқындайды, бұл қосылған құн тізбегін кеңейтуге мүмкіндік береді. Табыстың негізгі факторлары өндірістің өсуі және орнықты даму стратегиясын іске асыру есебінен тұрақты ақша қаражатын қалыптастыру болып табылады. Энергетикалық ауысу үрдістерін ескере отырып, ҚМГ өзінің Төмен көміртекті даму бағдарламасын, соның ішінде төмен көміртекті жобаларды іске асыру арқылы іске асырады.

Компанияның өсуін ресурстық базаның өсуі, ағымдағы өндірістің тиімділігін арттыру, мұнай-газ химиясын дамыту, ресурстарды үнемдеудің заманауи технологияларын енгізу және көміртегі ізін азайту есебінен қамтамасыз ету жоспарлануда.

Сыртқы және ішкі сын-қатерлерді ескере отырып, ҚМГ мұнай, мұнай-химия және жасыл жобалар арасындағы теңдестірілген стратегияны іске асырады.

ҚЫЗМЕТТІҢ СТРАТЕГИЯЛЫҚ БАҒЫТТАРЫ



№ 1 СТРАТЕГИЯЛЫҚ МАҚСАТ

Компанияның өсуін қамтамасыз ету үшін жеткілікті ресурстық база

Өндірістің тұрақты деңгейін қамтамасыз ету үшін алдағы онжылдықта ҚМГ Каспий құрлығында да, қайраңында да геологиялық барлау жобаларын іске асырады.

Осы стратегиялық мақсат шеңберінде ҚМГ органикалық және бейорганикалық өсу арқылы дәстүрлі қызмет үшін де, перспективалы бағыттар үшін де жеткілікті қорлардың өсуін қамтамасыз етуді жоспарлап отыр.

ҚР-да барлау мен жаңа қорларды әзірлеуді ҚМГ, оның ішінде халықаралық мұнай-газ компанияларымен стратегиялық әріптестік арқылы іске асырады.

2023 жылы біз «Абай» теңіз жобалары, «Торғай Палеозой», «Қаратон Тұзасты», «Тайсойған» құрлықтағы жобалары бойынша белсенді кезеңге көштік, ҚМГ мен «ЛУКОЙЛ» ЖАҚ Каспий теңізінің қазақстандық секторында «Қаламқас-теңіз, Хазар, Әуезов» жер қойнауы учаскесін игеру жобасы бойынша бірқатар келісімдер жасасты. Сондай-ақ, «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ Шығыс Өріктау кен орнын өнеркәсіптік пайдалануға берді. «Өріктау Оперейтинг» ЖШС Қазақстанда алғашқылардың бірі болып Жақсартылған модельдік келісімшарт шеңберінде кен орнын өнеркәсіптік игеруге көшуді жүзеге асырды.

2022 жылы Мұғалжар, Березовский, Жарқын, Болашақ, Солтүстік өзен сияқты перспективалы учаскелерде геологиялық барлау бағдарламасын қабылданып, іске асырыла басталды. 2024 жылы далалық жұмыстар аяқталып, мәліметтер түсіндіріледі деп күтілуде.

№ 2 СТРАТЕГИЯЛЫҚ МАҚСАТ

Компанияның құн тізбегінің тиімділігін арттыру

ҚМГ мұнай өндіру, өңдеу, тасымалдау және маркетинг жөніндегі қызметтен түсетін пайданы барынша арттыру және барлық негізгі сегменттердегі операциялық қызметті жақсарту мақсатында негізгі қызметке назар аударады.

Операциялық активтердегі өндіру деңгейінің табиғи төмендеуін өтеу мақсатында Компания мұнай алу коэффициентін және жөндеуаралық кезең көрсеткіштерін ұлғайту, сондай-ақ ұңғымалардың максималды өнімділігіне қол жеткізу үшін өндірістік қызметтің тиімділігін арттыру жөніндегі басқа да шараларды іске асыру бойынша жұмысты жалғастыруда. 2023 жылы «Өзенмұнайгаз» кен орындарын оңалту жобасын іске асыру басталды, оны іске асыру барысында 83 ұңғымада ұңғыма сорғыларын енгізу басталды, 23 қосымша ұңғыма бұрғыланды, тәулігіне 140 тоннадан астам өсім қамтамасыз етілді. Компания жаңа Каратон Тұзасты және Торғай Полеозой кен орындарын іске қосуды жоспарлап отыр.

Теңіз, Қарашығанақ және Қашаған ірі жобалары бойынша Компания өндіру сәресін кеңейту, ұзарту және қолдау жобаларын табысты іске асыруға назар аударады.

Компания экспорттық және транзиттік құрамдас бөлікті ұлғайту үшін құрылған мұнай тасымалдау инфрақұрылымын тиімді пайдалануға ниетті. Сыртқы факторлар мен геосаяси сын-тегеуріндерді ескере отырып, ҚМГ қазақстандық мұнай үшін қосымша экспорттық маршруттарды дамытып келеді.

Германияға «Дружба» мұнай құбыры арқылы және «Баку-Тбилиси Джейхан» бағытында қосымша экспорттық маршруттар енгізілді. ҚМГ халықаралық мұнай компанияларымен бірлесіп Транскаспий бағытын дамытуды зерделеуге кірісті.

Abu Dhabi Ports-пен бірлескен кәсіпорын (БК) белсенді жұмыс жүргізуде, атап айтқанда «Taraz» және «Liwa» танкерлері Каспийде тасымалдауды бастады, 4 БК танкерлері ТШО мұнайын ашық теңіздерде тасымалдауға тартылды және Қазақстанда жеке кеме жасау және кеме жөндеу зауытын салу туралы келісімге қол қойылды.

ҚМГ-ның маңызды міндеті – МӨЗ-дің үздіксіз жұмысын және ішкі нарықтың мұнай өнімдеріне қажеттілігін қамтамасыз ету. Бүгінгі таңда ел аумағындағы МӨЗ-ді жаңғырту есебінен Компания ел үшін осы стратегиялық мақсатты орындап келеді, сонымен қатар мұнай өнімдерінің бір бөлігін экспортқа жеткізеді. Битум өндірісін ұлғайту мақсатында Каспий Битум және ПМХЗ кеңейту жобалары басталды. Битумды сақтауға арналған қосымша резервуарлар салынуда.

Компания операциялық шығындарды оңтайландыру және жеткізу тізбегінің тиімділігін арттыру үшін үздіксіз жұмыс істейді.

№ 3 СТРАТЕГИЯЛЫҚ МАҚСАТ

Бизнесі әртараптандыру және өнімдер портфелін кеңейту

Қызметін әртараптандыру үшін мұнай-газ-химия бизнесін дамыту шеңберінде ҚМГ мұнай-газ химиясы жобаларын қамтамасыз ету және ұзақ мерзімді перспективада мұнайға әлемдік сұранысты қайта бөлу жағдайында жаңа бөліністер өнімін шығару үшін қолда бар қосымша көмірсутек ресурстарын пайдаланатын және тартатын болады.

2022 жылдың қараша айында қуаты жылына 500 мың тонна полипропилен шығаратын Kazakhstan Petrochemical Industries (KPI) интеграцияланған газ-химия кешені іске қосылды. 2023 жылы зауыт 6 түрлі маркалы полипропилен шығарды. 2024 жылы ассортимент 12 маркаға, оның ішінде премиумдық маркаға дейін кеңейтіледі. Ішкі нарықтың қажеттілігі толығымен қамтамасыз етіледі.

Екінші маңызды жоба – қуаттылығы 1,2 млн тонна полиэтилен зауытын салу жобасы болып табылады, 2023 жылы кеңейтілген базалық жобаны (EBD/FEED) әзірлеуге арналған шарттарға қол қойылды және СИБУРдың жобаға қатысушылардың құрамына заңды кіруі аяқталды және Sinoprec-тің 2-ші серіктес ретінде заңды кіруі жалғасуда.

Негізгі жобадан басқа газ бөлу кешенін салудың қосалқы жобасы іске асырылуда. 2023 жылғы желтоқсанда ҚР Ұлттық қор қаражатынан жобаны қаржыландыру туралы келісім алынды.

Терефтал қышқылы мен полиэтилентерефталат және карбамид өндіретін кешен құрылысының жобалары маңызды жобалар болып табылады.

№ 4 СТРАТЕГИЯЛЫҚ МАҚСАТ

Орнықты даму және өндірістің көміртекті сыйымдылығын үдемелі төмендету

2023 жылы ҚМГ өзінің экономикаға, экологияға және қоғамға ықпалының маңыздылығын түсіне отырып, өзінің бизнес-процестеріне орнықты даму қағидаттарын белсенді интеграциялауды жалғастыруда. Компанияның назары экономикалық, экологиялық және әлеуметтік басымдықтардың дәйектілігін қамтамасыз етуге, сондай-ақ ESG көрсеткіштерін жақсартуға бағытталған.

ҚМГ ESG мақсаттарын басшылық тиімділігінің стратегиялық және орта мерзімді негізгі көрсеткіштеріне интеграциялай отырып, өзінің ESG-рейтингін арттыруға ұмтылады. 2023 жылы Sustainalytics халықаралық рейтингтік агенттігінің бағалауы нәтижесінде компанияның ESG тәуекел-рейтингі 32,3 балл деңгейінде бағаланып, ҚМГ жоғары тәуекел деңгейі санатына ауыстырылады.

Компания үшін ESG саласындағы негізгі сын-қатерлер – операциялық қызметтен көміртегі шығарындылары, қоршаған ортаға әсер және жергілікті қауымдастықтармен

өзара әрекеттесу болып табылады. ҚМГ 2031 жылға қарай ESG тәуекел-рейтингінің орта деңгейінде өз позициясын нығайту мақсатын белгілейді.

Қызметкерлердің денсаулығын басқару бастамаларының бөлігі ретінде компания пандемиямен күресу, кәсіптік аурулардың алдын алу және саламатты өмір салтын насихаттауды қоса, Корпоративтік денсаулық бағдарламасын әзірлейді.

Климаттық күн тәртібін ескере отырып, ҚМГ 2031 жылға қарай парниктік газдар шығарындыларын 15%-ға төмендету мақсатында 2022–2031 жылдарға арналған Төмен көміртекті даму бағдарламасын іске асырады. Компания сондай-ақ ҚМГ үлесіне жалпы қуаты кемінде 300 МВт жаңартылатын энергия жобаларын енгізуді жоспарлап отыр.

ҚЫЗМЕТ ТИІМДІЛІГІН БАҒАЛАУ

Қызметкерлер қызметінің тиімділігін бағалау Компанияның Даму стратегиясының орындалуын мониторингтеу және бақылау процестері, сондай-ақ персоналды қызметтің өлшенетін, өзара байланысты, логикалық құрылған және теңгерімді уәждемелік қызметтің негізгі көрсеткіштерінде (ҚНК) көрсетілген стратегиялық және басым мақсаттарға қол жеткізуге ынталандыру шеңберінде қолданылады. ҚНК балансы өндірістік және қаржылық-экономикалық көрсеткіштермен қатар орнықты даму, корпоративтік басқару, әлеуметтік

OGMP 2.0 бастамасына қосыла отырып, компания метан шығарындыларын басқаруға белсенді қатысады және CCUS пилоттық жобасының кезеңін сәтті аяқтайды. Жаңартылатын энергия жобалары да әзірленуде.

Компания тек жоғары тиімді және стратегиялық маңызды жобаларға инвестициялай отырып, белсенді түрде инвестициялық жобаларды таңдайды және оларға басымдық береді. ҚМГ акционерлер үшін ең жоғары пайданы қамтамасыз ете отырып және мұнай-газ секторында мемлекеттің мүдделерін сақтай отырып, капиталды ақылға қонымды бөлуді қолдайды.

Осы қадамдардың барлығы ұлттық экономиканы әртарапандыруға, көміртегі ізін азайтуға және Қазақстан Республикасындағы болашақ ұрпақ үшін экологиялық тұрақтылықты қолдауға бағытталған.

және экологиялық даму салаларындағы көрсеткіштерді қосуды көздейді. Корпоративтік ҚНК ҚМГ-ның барлық қызметкерлері үшін бірыңғай болып табылады.

Тиімділікті бағалау процесі шеңберінде қызметкерлердің есепті кезеңдегі Компанияның стратегиялық және басым мақсаттарына қол жеткізуге қосқан үлесінің нәтижелілігі бағаланады. Мотивациялық ҚНК бойынша нәтижелілікті бағалау қызметкерлердің сыйақысын есептеу кезінде қолданылады.

«ҚАЗМҰНАЙГАЗ» ҰК АҚ ҚЫЗМЕТІНІҢ 2023 ЖЫЛҒА АРНАЛҒАН НЕГІЗГІ КӨРСЕТКІШТЕРІ

2023 жылға арналған корпоративтік ҚНК менеджментті операциялық тиімділікті арттыруға, қаржылық тұрақтылықты сақтауға, сондай-ақ ҚМГ қызметінің экологиялық, әлеуметтік аспектілеріне және корпоративтік басқаруға шоғырландырудың жалғасып жатқан қажеттілігі ескеріле отырып әзірленді.

Орнықты даму жөніндегі стратегиялық міндеттерді іске асыруды қамтамасыз ету мақсатында орнықты даму жүйесін енгізуге байланысты мынадай корпоративтік ҚНК (Басқарма төрағасының уәждемелік ҚНК) бекітілді.

- «Инвестициялық жобаларды іске асыру», оның ішінде «Кендірлі кентінде теңіз суын тұщыландыру зауытын салу», «Жаңаөзен қаласында жаңа ГӨЗ салу», «Астрахань — Маңғышлақ» су құбырын қайта жаңарту және жаңғырту» орнықты даму жобаларын қамтиды.
- Жазатайым оқиғалар коэффициентін төмендетуге, сондай-ақ қауіпті жағдайларды, қауіпті факторларды және т.б. анықтауға және олар туралы ҚМГ компанияларының бүкіл тобына хабарлауға бағытталған «Өндірістік қауіпсіздік жөніндегі кешенді көрсеткіш».

Басқарма мүшелерінің (Басқарма төрағасының орынбасарлары), ҚМГ департамент

директорларының, сондай-ақ ЕТҰ бірінші басшылары деңгейіндегі 2023 жылға арналған уәждемелік ҚНК арасында орнықты даму саласындағы ҚНК айқындалды, оның ішінде:

- «Инвестициялық жобаларды, соның ішінде бірқатар орнықты даму жобаларын іске асыру».
- Жетекшілік ететін бағыт бойынша 2022–2031 жылдарға арналған ҚМГ төмен көміртекті даму бағдарламасын іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспарының орындалуы.
- «ESG-рейтинг».
- «ҚМГ ішкі көміртекке баға белгілеу тетігін әзірлеу».
- «ҚМГ тобы бойынша әлеуметтік тұрақтылық индексі».
- «Ілеспе мұнай газын жағу қарқындылығын төмендету».
- «Тарихи мұнай қалдықтарын қалпына келтіру».
- «Өнеркәсіптік қауіпсіздік және еңбекті қорғау басқармасының функцияларын автоматтандыру».
- «Су ресурстарын басқару бағдарламасын әзірлеу».
- «ҚМГ компаниялар тобында персоналдың денсаулығын басқару» бойынша 2023–2025 жылдарға арналған іс-шаралар жоспарын іске асыру.
- Еңбек әрекетімен байланысты емес өлім-жітім коэффициентін төмендету.
- Көміртегі ізінің мөлшері (ЕТҰ көміртегі ізін бақылауға және біртіндеп төмендетуге бағытталған көрсеткіш).

ОРНЫҚТЫ
ДАМУ
МАҚСАТТАРЫ

ОРНЫҚТЫ ДАМУДЫ БАСҚАРУ



1-ҚАҒИДАТ. Искерлік топтар халықаралық деңгейде жария етілген адам құқықтарын қорғауды қолдап, құрметтеуге тиіс.



2-ҚАҒИДАТ. Искерлік топтар адам құқықтарының бұзылуына қатысы болмауы тиіс.



4-ҚАҒИДАТ. Искерлік топтар мәжбүрлі және міндетті еңбектің барлық нысандарын жою үшін әрекет етуге тиіс.



6-ҚАҒИДАТ. Искерлік топтар еңбек және жұмыспен қамту саласындағы кемсітушілікті жоюды қолдауы тиіс.



8-ҚАҒИДАТ. Искерлік топтар қоршаған ортаның жай-күйі үшін жауапкершілікті арттыруға бағытталған бастамаларды қабылдауы тиіс.



10-ҚАҒИДАТ. Искерлік топтар бопсалау мен парақорлықты қоса алғанда, сыбайлас жемқорлықтың барлық нысандарына қарсы тұруға тиіс.

БІЗДІҢ ОРНЫҚТЫ ДАМУДЫ БАСҚАРУ ТӘСІЛІМІЗ

3-3

ҚМГ орнықты даму саласында мынадай элементтерді қамтитын тиімді басқару жүйесін құруға ұмтылады:

- Компанияның барлық басқару деңгейлерінде орнықты даму қағидаттарына бейілділігі;
- орнықты дамудың үш аспектісі бойынша сыртқы және ішкі жағдайды талдау: экономикалық, экологиялық және әлеуметтік;
- әлеуметтік, экономикалық және экологиялық салаларда орнықты даму саласындағы тәуекелдерді айқындау;
- мүдделі тараптармен өзара іс-қимыл және стейкхолдерлер картасын құру;
- орнықты даму саласындағы мақсаттар мен ҚНҚ айқындау;
- орнықты даму саласындағы басым бағыттарды (бастамаларды) іске асыру;
- орнықты дамуды негізгі бизнес-процестерге интеграциялау;
- орнықты даму саласындағы біліктілігін арттыру;
- орнықты даму бойынша жыл сайынғы есептілік процесін ұйымдастыру;
- орнықты даму саласындағы нәтижелілікті өлшеу;
- орнықты даму процесін жетілдіру.

ҚМГ өзінің 2022–2031 жылдарға арналған Даму стратегиясында өндірістің көміртегі қарқындылығын орнықты дамыту мен үдемелі төмендетуді стратегиялық мақсаттардың бірі ретінде айқындады. Оның негізінде барлық бизнес-процестер мен шешім қабылдау процестері орнықты даму қағидаттарын біріктіруі тиіс.

ҚМГ орнықты даму аспектілерін басқару мынадай орнықты даму қағидаттарын енгізуге негізделеді:

- **ашықтық** – біз кездесулерге, талқылауларға және диалогтарға ашықпыз; біз мүдделі тараптармен өзара мүдделерді есепке алуға, ұйым мен мүдделі тараптардың мүдделері арасындағы құқықтар мен тепе-теңдікті сақтауға негізделген ұзақ мерзімді ынтымақтастықты құруға тырысамыз;
- **есеп беру** – біз экономикаға, қоршаған ортаға және қоғамға әсер ету үшін есеп беретінімізді білеміз;
- **ашықтық** – біздің шешімдеріміз бен әрекеттеріміз мүдделі тараптар үшін анық және ашық болуы керек;

- **этикалық мінез-құлық** – біздің шешімдеріміз бен әрекеттеріміздің негізі құрмет, адалдық, ашықтық, командалық рух пен сенім, адалдық және әділеттілік сияқты құндылықтарымыз болып табылады;
- **сыйластық** – біз мүдделі тараптардың заңнамадан, жасалған шарттардан шығатын немесе іскерлік қатынастар шеңберінде жанама түрде болатын құқықтары мен мүдделерін құрметтейміз;
- **заңдылық** – біздің шешімдеріміз, іс-әрекеттеріміз және мінез-құлқымыз Қазақстан Республикасының заңнамасына және ұйымдар органдарының шешімдеріне сәйкес келеді;
- **адам құқықтарын сақтау** – біз Қазақстан Республикасының Конституциясында және халықаралық құжаттарда көзделген адам құқықтарын сақтаймыз және олардың сақталуына ықпал етеміз;
- **сыбайлас жемқорлыққа төзбеушілік** – біз барлық мүдделі тараптармен өзара іс-қимылда сыбайлас жемқорлықтың кез келген көріністерінде төзбеушілік жариялаймыз;
- **мүдделер қақтығысына жол бермеу** – лауазымды адамның немесе қызметкердің жеке мүдделері өздерінің лауазымдық, функционалдық міндеттерін әділ орындауына ықпал етпеуі тиіс.
- **жеке үлгі** – әрқайсымыз күнделікті өз іс-әрекеттерімізде, мінез-құлқымызда және шешім қабылдауымызда орнықты даму қағидаттарын енгізуге ықпал етеміз; басқарушылық позициялардағы лауазымды тұлғалар мен қызметкерлер өздерінің жеке үлгісімен орнықты даму қағидаттарын енгізуге ынталандыруы тиіс.

саясатты, ҚМГ орнықты даму туралы жыл сайынғы есебін, орнықты даму саласындағы іс-шаралар жоспарларын және бекітілуі Директорлар кеңесінің құзыретіне жататын өзге де ішкі құжаттарды бекіту бойынша ұсыныстар дайындауды, сондай-ақ орнықты дамудың әлеуметтік, экономикалық және экологиялық компоненттерін енгізу, орнықты даму саласындағы басқару жүйесін қалыптастыруды, орнықты даму саласындағы мақсаттар мен ҚНҚ айқындауды, ҚМГ-да орнықты дамудың енгізілуін, ҚМГ-ның негізгі процестеріне орнықты дамуды интеграциялауды бақылауды жүзеге асырады.

ҚМГ Басқармасы орнықты даму саласындағы қағидаттарды, саясаттарды, стандарттарды және Компаниядағы іс-шаралар жоспарларын тиісінше іске асыруды және енгізуді жүзеге асырады. Орнықты даму саласындағы қызметтің мониторингін, орнықты даму саласындағы мақсаттар мен ҚНҚ орындалуын бағалауды жүзеге асырады.

Орнықты даму мәселелеріне жетекшілік ететін ҚМГ Басқарма төрағасының орынбасары орнықты даму саласындағы бастамалар бойынша мақсаттар мен ҚНҚ-ге қол жеткізу бойынша тәсілдерді үйлестіруді, орнықты даму саласындағы есепті дайындауды, орнықты даму саласындағы корпоративтік стандарттардың іске асырылуын бақылауды жүзеге асырады.

ҚМГ Стратегия және инвестициялар портфелін басқару департаментінің орнықты даму секторы орнықты дамуды және ОДМ-ға қол жеткізуді басқару үшін жауапты құрылымдық бөлімше орнықты дамуды басқару жүйесінің бастамашылығына, үйлестірілуіне және енгізілуіне, оны Компанияның бизнес-қызметіне интеграциялауға жәрдем көрсетуге, орнықты даму мәселелері бойынша әдіснамалық қолдауға, орнықты даму саласындағы есепті жыл сайын дайындауға және бекітуге жауап береді, жауапты құрылымдық бөлімшелерге орнықты даму саласындағы тәуекелдерді сәйкестендіру мен басқаруға, мүдделі тараптардың картасын және өзара іс-қимыл тетіктерін әзірлеуге, орнықты даму саласындағы оқыту

мәселелеріне, Компанияға ESG-рейтинг беру және ұстап тұру мәселелері бойынша рейтингтік агенттіктермен өзара іс-қимылдар үшін жауапты болады.

ҚМГ құрылымдық бөлімшелері орнықты даму саласындағы жүйені енгізуді, ішкі және сыртқы жағдайды талдауды, орнықты даму саласындағы тәуекелдерді айқындауды, мүдделі тараптардың/стейкхолдерлердің картасын және өзара іс-қимыл тетіктерін әзірледі, орнықты даму саласындағы бастамаларды іске асыруды, халықаралық стандарттарға сәйкес орнықты даму саласындағы есеп үшін ақпарат дайындауды жүзеге асырады.

ҚМГ барлық қызметкерлері, әркім өз деңгейінде жеке мінез-құлқын таныту және тиісті саясат пен стандарттарды сақтау арқылы орнықты даму саласындағы қағидаттар мен іс-шараларды енгізеді.

2023 жылы Компанияның қызметіне ESG қағидаттарын енгізуге кешенді жүйелі тәсіл бойынша ілгерілеуге мынадай іс-шаралар бойынша қол жеткізілді:

- ҚМГ «Sustainalytics» халықаралық рейтингтік агенттігінің тәуелсіз бағалауынан өтті. Компанияның тәуекелдерді басқарудың деңгейі 32,3 балл деңгейінде бағаланды.
- 2023 жылға арналған орнықты даму көрсеткіштері бойынша Компания қызметінің тиімділігін арттыру мақсатында ҚМГ Директорлар кеңесінің шешімімен корпоративтік ҚНҚ – **инвестициялық жобаларды іске асыру** (көрсеткіш орнықты даму жобаларына да бағытталған), **өндірістік қауіпсіздік бойынша кешенді көрсеткіш** (көрсеткіш еңбек қызметіне байланысты жазатайым оқиғалардың санын азайтуға бағытталған) бекітілді.
- 2023 жылы ҚМГ Басқарма мүшелеріне мынадай уәждемелік ҚНҚ белгіленді – **инвестициялық жобаларды іске асыру, ЖЭК жобаларын іске асыру, ESG-рейтинг, ҚМГ-ның 2022–2031 жылдарға арналған Төмен көміртекті даму бағдарламасының іс-шараларын орындау**, ҚМГ ішкі көміртекке баға белгілеу тетігін

ҚМГ-ДАҒЫ ОРНЫҚТЫ ДАМУДЫ БАСҚАРУ



ҚМГ Директорлар кеңесі орнықты даму қағидаттарын енгізуге стратегиялық басшылық пен бақылауды жүзеге асырады, Компанияның Орнықты дамуы туралы шоғырландырылған жыл сайынғы есепті бекітеді.

ҚМГ Директорлар кеңесінің қауіпсіздік, еңбекті, қоршаған ортаны қорғау және орнықты даму жөніндегі комитеті ҚМГ Директорлар кеңесінің ЕҚЕҚОҚОДК орнықты даму мәселелерін қарауды және ұйымдастыруды, орнықты даму саласындағы

әзірлеу, ҚМГ тобы бойынша әлеуметтік тұрақтылық индексі, ілеспе мұнай газын жағу қарқындылығы көрсеткішін төмендету, тарихи мұнай қалдықтарын қалпына келтіру, өнеркәсіптік қауіпсіздік және еңбекті қорғау басқармасының функциялары, Су ресурстарын басқару бағдарламасын әзірлеу, «ҚМГ компаниялар тобындағы персоналдың денсаулығын басқарудың 2023–2025 жылдарға арналған бағдарламалары» іс-шаралар жоспарын іске асыру. Төмен көміртекті даму бағдарламасын іске асыру периметріне кіретін ЕТҰ үшін белгіленген көлемде көміртегі ізін азайту бойынша ҚНҚ белгіленген.

- 2023 жылғы 6 қазанда ҚМГ Директорлар кеңесінің орнықты даму мәселелері бойынша жыл сайынғы арнайы отырысы өткізілді. Отырыста Компанияның орнықты дамуы, ESG тәуекел-рейтингін жақсарту жөніндегі іс-шаралар жоспары, TCFD ұсынымдары бойынша ақпаратты ашу, сондай-ақ төмен көміртекті жобаларды іске асыру мәртебесі бойынша өзекті мәселелер қаралды.
- **ҚМГ Директорлар кеңесінің Қауіпсіздік, еңбекті, қоршаған ортаны қорғау және орнықты даму комитетінде орнықты даму жүйесін енгізуге тұрақты негізде шолу жүргізіледі.** Жалпы, 2023 жылы Комитеттің 5 отырысы өткізіліп, онда 31 мәселе қаралды. 2023 жылы Комитеттің басты назары еңбекті қорғау, өнеркәсіптік қауіпсіздік және қоршаған ортаны қорғау, ESG аспектілерін стратегиялық басқару, сондай-ақ орнықты даму жүйесін енгізу мәселелерінде болды.
- Өзінің орнықты даму қағидаттарына бейілділігін растай отырып, ҚМГ ҚМГ компаниялар тобы үшін мынадай құжаттарды қабылдады:
 - Орнықты даму саласындағы саясат
 - Адам құқықтары және қоғаммен байланыс саясаты
 - ҚМГ компаниялар тобында персоналдың денсаулығын басқару бағдарламасы
 - 2022–2031 жылдарға арналған Төмен көміртекті даму бағдарламасы
 - 2022–2031 жылдар кезеңіне арналған Төмен көміртекті даму бағдарламасын іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспары

- Объектілерді жабу және жер қойнауы учаскелері мен кен орындарында бұзылған жерлерді қалпына келтіру саласындағы саясат
- Ақпаратты ашу саясаты
- Энергетикалық саясат
- Экономикалық қауіпсіздік регламенті
- «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ Дағдарыс жағдайларын басқару регламенті
- Сыбайлас жемқорлыққа қарсы мониторинг және сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізу қағидалары
- Тәуекелдерді басқарудың корпоративтік жүйесі жөніндегі саясат
- Қызметкерлер мен лауазымды тұлғалардың мүдделер қақтығысын реттеу саясаты
- Құпия ақпараттандыру саясаты
- Сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандарттар
- Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл саясаты
- 2018–2028 жылдарға арналған кадрлар саясаты
- ҚМГ объектілерінде қызметін жүзеге асыратын мердігерлік ұйымдармен ЕТҰ-ның өзара іс-қимылы кезіндегі қызметтің үлгілік регламенті
- Әлеуметтік қолдаудың үлгілік қағидалары
- Ішкі коммуникациялардың бірыңғай жүйесінің үлгілік регламенті
- «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ компаниялар тобында орнықты даму саласындағы басқару жүйесі жөніндегі басшылық
- ҚМГ компаниялар тобындағы денсаулықты қорғау, өнеркәсіптік қауіпсіздік және қоршаған ортаны қорғау саласындағы менеджмент жүйесі бойынша нұсқаулық
- Еңбек қорғауды бірыңғай басқару жүйесі
- Ақпараттық қауіпсіздік менеджменті жүйесі бойынша нұсқаулық
- Сапа жөніндегі нұсқаулық
- «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ компаниялар тобы үшін «Қорғау» картасын қолдану регламенті
- Физикалық қауіпсіздік және терроризмге қарсы қорғаудың корпоративтік регламенті
- ЖҚҚ қамтамасыз ету жөніндегі корпоративтік стандарт
- Компаниялар тобындағы өндірістік процестердің қауіпсіздігін басқарудың корпоративтік стандарты

ТӘЖІРИБЕДЕН МЫСАЛ



«ҚазМұнайГаз» еншілес компаниялардың қызметкерлері арасында ESG мәдениетін арттырады

2023 жылдың күзінде «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ өзінің еншілес және тәуелді ұйымдарының қызметкерлері үшін бірқатар практикалық тренингтер өткізді.

Қараша айында ЕТҰ 8 ірі жобасының басшылары үшін Green Project Management Global әдіснамасына негізделген жобаларды орнықты басқару бойынша бейіндік оқыту өткізілді.

Тренингке қатысушылар жобаларда, бағдарламаларда және портфельдерде орнықты даму тұжырымдамасын қолданудың үздік тәжірибелерін зерделеді, бағалаудың, тәуекелдерді азайтудың және жобалардың табыстылығын арттырудың практикалық құралдарын игерді. Тестілеу қорытындысы бойынша ЕТҰ-дағы 13 жоба жетекшісі GPM-b жобаларын орнықты басқару бойынша халықаралық сертификат алды.

Сондай-ақ «ESGQ рейтингтік агенттігі» ЖШС сарапшылары ҚМГ корпоративтік орталығының қызметкерлерімен бірлесіп, «Компанияның орнықты даму жүйесіндегі ESG» практикалық тренингін өткізді.

Оқыту барысында ҚМГ мен ЕТҰ-ның 50 қызметкері орнықты даму саласындағы жаһандық трендтермен, ESG-тәжірибелерді енгізумен және ESG-рейтингтердің Компания қызметіне әсерімен танысты. Тренингке қатысушылар теориядан басқа стейкхолдерлердің Компанияның беделін қалыптастырудағы рөлін практикалық қолдануды да игерді.

Кәсіби мереке – 11 қарашада атап өтілетін Халықаралық энергия үнемдеу күні қарсаңында ҚМГ «Energy Partner» ЖШС-мен бірлесіп «Энергия үнемдеу, ЖЭК және төмен көміртекті даму» тақырыбында онлайн-семинар ұйымдастырды.

Семинар бағдарламасында шақырылған дәріскерлер тікелей эфирде энергия үнемдеу және энергия тиімділігін арттыру саласындағы даму перспективаларына байланысты бүгінгі таңда ең өзекті тақырыптарды атап өтті. Семинар атқаратын лауазымы мен кәсіби міндеттеріне қарамастан, ҚМГ-ның барлық қызметкерлерінде энергия үнемдеу және төмен көміртекті даму, энергия үнемдеу тұрғысынан ойлауын қалыптастыру саласындағы өзекті бағыттар туралы пікірталас алаңына айналды.

- «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ компаниялар тобындағы Денсаулық сақтау және еңбек гигиенасы жөніндегі корпоративтік стандарт
- Еңбекті қорғау, өнеркәсіптік қауіпсіздік және қоршаған ортаны қорғау

- саласындағы құзыреттерді қамтамасыз ету жөніндегі корпоративтік стандарт
- Мердігерлік ұйымдармен өзара іс-қимыл жөніндегі корпоративтік стандарт
- «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ компаниялар тобында Су ресурстарын басқару жөніндегі корпоративтік стандарт

- «КазМұнайГаз» ҰК АҚ компаниялар тобындағы шығарындыларды басқару жөніндегі саясат
- Алкогольге, есірткі құралдарына, психотроптық заттарға және олардың аналогтарына қатысты саясат
- «КазМұнайГаз» ҰК АҚ Жер үсті көлік құралдарын қауіпсіз пайдалану саясаты
- «КазМұнайГаз» ҰК АҚ Экологиялық саясаты
- «КазМұнайГаз» ҰК АҚ Еңбекті қорғау және өнеркәсіптік қауіпсіздік саласындағы саясаты
- Өмірлік маңызды ережелер (ЕҚЖҚ талаптарының негізгі кодексі)
- Сауықтырудың 10 қадамы
- Инфаркт пен инсульттің алдын алу
- ҚМГ компаниялар тобы бойынша өндірістік санитарлық бақылаудың үлгілік бағдарламасын жасау регламенті
- ҚМГ компаниялар тобы бойынша міндетті медициналық тексерулерді ұйымдастыру жөніндегі корпоративтік стандарт
- ҚМГ-ның ESG-тәуекел-рейтингін жақсарту жөніндегі іс-шаралар жоспары

Жыл сайын Компания орнықты даму мәдениетін арттыруға көп көңіл бөледі. Корпоративтік орталық пен ЕТҰ қызметкерлері үшін орнықты даму бойынша оқыту курстары тұрақты негізде өткізіледі.

ЕСЕПТІҢ МАҢЫЗДЫ ТАҚЫРЫПТАРЫ

2-14, 3-1, 3-2, 3-3

ЕЛЕУЛІ ТАҚЫРЫПТАР ТІЗІМІ

№	МАҢЫЗДЫ ТАҚЫРЫПТАР	3	5	7	8	9	11	12	13	15
1	11.1. Парниктік газдар шығарындылары									
2	11.2. Климаттық бейімделу, тұрақтылық және өтпелі кезең									
3	11.3. Атмосфераға шығарындылар									
4	11.5. Қалдық									
5	11.6. Су және ақаба сұлар									
6	11.7. Жабу және оңалту									
7	11.8. Активтердің тұтастығы және маңызды оқиғаларды басқару									
8	11.9. Еңбекті қорғау және қауіпсіздік техникасы									
9	11.10. Жұмысқа орналасу тәжірибесі									
10	11.11. Кемсітушіліктің болмауы және тең мүмкіндіктер									
11	11.14. Экономикалық салдар									
12	11.20. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл									

Есептің маңызды тақырыптары экономикаға, қоршаған ортаға және адамдарға, соның ішінде адам құқықтарына Компанияның айтарлықтай әсері туралы және осы әсерді басқару тәсілдері туралы ақпаратты ашады. Маңызды тақырыптарды айқындау процесі тиісті мүдделі тараптардың қатысуымен әсерді үздіксіз анықтау мен бағалауға негізделген. Бұл ретте ЕҚЕҚОҚОДК мүшелері Орнықты даму туралы есепте ашылуы тиіс маңызды тақырыптар туралы хабардар етіледі.

Маңызды тақырыптарды бағалау және ашу үшін есепте Google Forms платформасы негізінде онлайн-сауалнама дайындалды,

сыртқы және ішкі мүдделі тараптардың (стейкхолдерлердің) деректері талданды. Сауалнамаға 150-ден астам респондент қатысты.

Сауалнама нәтижесінде GRI 11: Oil and Gas Sector 2021 бойынша 20 салалық тақырыптардың ішінде 12 тақырып маңызды болып айқындалды. 2023 жылғы Орнықты даму туралы есепте барлығы 19 GRI стандарттары ашылды.

2022 жылғы Есепте 22 GRI стандарттары ашылды: <https://www.kmg.kz/ru/sustainabledevelopment/>.

МҮДДЕЛІ ТАРАПТАРМЕН ӨЗАРА ІС-ҚИМЫЛ

2-29

Біз мүдделі тараптармен белсенді диалог қағидатын іске асыра отырып, өз қызметіміздің ашықтығы мен айқындығының жоғары деңгейін қамтамасыз етуге тырысамыз. Жыл сайын біз Компания жұмысының барлық маңызды аспектілері туралы ақпаратты ашамыз. Бұл біздің қызметіміздің экономикалық, әлеуметтік және экологиялық аспектілері арасындағы тепе-теңдікті сақтауға мүмкіндік береді.









ҚМГ көмірсутектерді барлау мен өндіруден, оларды тасымалдау мен өңдеуден бастап, Қазақстан ішінде де, шетелде де мұнай мен мұнай өнімдерін сатуға дейін толық өндірістік циклді жүзеге асырады және мұнай-газ секторындағы мемлекеттің мүддесін білдіреді. Қызметтің құрылымы мен түрлерінің күрделілігіне байланысты ҚМГ мүдделі тараптардың кең ауқымымен өзара іс-қимыл жасайды.

ҚМГ мүдделі тараптармен диалогты және ұзақ мерзімді ынтымақтастықты жолға қою және қарым-қатынасты басқару бойынша тұрақты негізде шаралар қабылдайды.

ҚМГ-да Мүдделі тараптардың картасы бекітілді, ол тәуелділік (тікелей немесе жанама), міндеттемелер, жағдай (жоғары тәуекел аймақтарына ерекше назар аудара отырып), әсер, әртүрлі перспективалар ескеріле отырып, тәуекелдер мен ранжирлеу есепке алына отырып жасалды. Қойылған міндеттерді тиімді іске асыру үшін мүдделі тараптармен өзара іс-қимыл жоспарлары жасалады.

ҚМГ мүдделі тараптарды айқындау және олармен өзара іс-қимыл кезінде AA1000SES Stakeholder Engagement Standard сияқты халықаралық стандарттарды қоса алғанда, стейкхолдерлермен өзара іс-қимылдың ең үздік практикасын қолданады.

МҮДДЕЛІ ТАРАПТАРМЕН ӨЗАРА ӘРЕКЕТТЕСУ ӘДІСТЕРІ

Мүдделі тараптардың негізгі топтары	Өзара әрекеттесу кезіндегі ақпараттық қажеттіліктер	Ақпаратты ашу әдістері және байланыс арналары
 АКЦИОНЕРЛЕР	Бағалы қағаздарды ұстаушылардың мүдделерін қозғайтын Компания қызметі, корпоративтік оқиғалар туралы ақпарат	<ul style="list-style-type: none"> Ақпаратқа қол жеткізуді қамтамасыз ету ҚМГ Директорлар кеңесінде акционерлер мүдделерінің өкілдігі Корпоративтік сайтта жариялау Қазақстан қор биржасының сайтында жариялау Қаржылық есептілік депозитарийінің интернет-ресурсында ақпаратты ашу
 ИНВЕСТИЦИЯЛЫҚ ҚОҒАМДАСТЫҚ	Компанияның қызметі, инвесторлардың және жалпы инвестициялық қоғамдастықтың мүдделерін қозғайтын корпоративтік оқиғалар туралы ақпарат Қызығушылық салынған инвестициялардың рентабельділігін, ҚМГ-ға инвестициялау үшін мүмкіндіктерді қамтамасыз етуден көрініс табады	<ul style="list-style-type: none"> Ақпаратқа қол жеткізуді қамтамасыз ету Корпоративтік сайтта, оның ішінде «Инвесторларға» бөлімінде жариялау (www.kmg.kz) Қазақстан қор биржасының сайтында жариялау Инвесторлар үшін және басқа да қоғамдық іс-шаралар шеңберінде көшпелі презентациялар (роуд-шоу) ұйымдастыру Кездесулер, конференц-қоңыраулар өткізу Электрондық пошта арқылы сұраулармен жұмысты қамтамасыз ету (ir@kmg.kz), телефон арқылы кеңес беру Баспасөз хабарларын орналастыру Қаржылық есептілік депозитарийінің интернет-ресурсында жариялау
 ҚАУЫМДАСТЫҚТАР, ЖЕРГІЛІКТІ ҚОҒАМДАСТЫҚТАР, ҚОҒАМДЫҚ ҰЙЫМДАР	ҚР заңнамасына және ҚМГ ішкі құжаттарына сәйкес құпия болып табылатындарынан басқа кез келген ақпарат Халықты жұмыспен қамту, корпоративтік әлеуметтік жауапкершілік, экологиялық қауіпсіздік және табиғат қорғау қызметі мәселелеріне қатысты ақпарат Қызығушылық қоғамды Компанияның қызметі туралы ақпараттандыруға және ҚМГ ақпараттық ашықтық деңгейін арттыруға, сондай-ақ жергілікті халықтың әлеуметтік мәселелерін шешуге, әлеуметтік инфрақұрылымды дамытуға, Компания қызметінің ашықтығына, қоршаған ортаның жай-күйін жақсартуға деген ұмтылысынан көрініс табады	<ul style="list-style-type: none"> Ақпаратқа қол жеткізуді қамтамасыз ету Корпоративтік веб-сайтта жариялау Халықпен кездесулер өткізу Қоғамдық тыңдаулар БАҚ-та жариялау Азаматтарды қабылдау Шағымдар мен өтініштермен жұмысты ұйымдастыру Жергілікті органдардың жұмысына және жергілікті қоғамдастықтардың жобаларына қатысу Жергілікті қоғамдастық өкілдерінің қатысуымен қоғамдық іс-шаралар өткізу Қауымдастықтарға мүшелік Халықаралық бастамалар Салалық форумдарға, конференцияларға қатысу Әлеуметтік және экологиялық мәселелер бойынша жұмыс топтарына мүшелік Сауалнамалар мен зерттеулер Сұраулармен жұмыс
 БҰҚАРАЛЫҚ АҚПАРАТ ҚҰРАЛДАРЫ	ҚР заңнамасына және ҚМГ ішкі құжаттарына сәйкес құпияға жатқызылатындарынан басқа кез келген ақпарат Қызығушылық қоғамды Компанияның қызметі туралы ақпараттандыруға деген ұмтылысынан көрініс табады	<ul style="list-style-type: none"> Корпоративтік веб-сайтта жариялау БАҚ-та жариялау және БАҚ-тың сұрауларына жауап беру Баспасөз хабарларын тарату Баспасөз конференцияларын, брифингтерді, баспасөз турларын, форумдарды, ақпараттық сессияларды және басқа да медиа-іс-шараларды өткізу Сұраулармен жұмыс
 ҮКІМЕТ, ЖЕРГІЛІКТІ МЕМЛЕКЕТТІК ОРГАНДАР	Мемлекеттің, халықтың мүдделерін қозғайтын әлеуметтік-экономикалық, экологиялық және салалық сипаттағы ақпарат Қызығушылық ҚМГ қызметіне, заңнама талаптарына, салық түсімдеріне, экономикалық өсуге және әлеуметтік міндеттерді шешуге сәйкес келеді	<ul style="list-style-type: none"> Ақпаратқа қол жеткізуді қамтамасыз ету Корпоративтік веб-сайтта жариялау Жиналыстар, кездесулер, конференц-қоңыраулар өткізу БАҚ-та жариялау Деректерді электрондық жүйеге енгізу Байланыс құралдары арқылы хабарлау ҚР заңнамасын жетілдіру жөніндегі жұмыс топтары
 ҚМГ ЕНШІЛЕС ЖӘНЕ ТӘУЕЛДІ ҰЙЫМДАРЫ	Компанияның қызметі, оның стратегиялық даму жоспарлары, корпоративтік басқарудың енгізілетін тетіктері, өзара іс-қимыл әдістері, ЕТҰ мүдделерін қозғайтын корпоративтік оқиғалар туралы ақпарат Қызығушылық орнықты дамуды, қаржылық орнықтылықты қамтамасыз етуге жәрдемдесуді, мемлекеттік органдармен өзара іс-қимыл бойынша көмек көрсетуден көрініс табады.	<ul style="list-style-type: none"> Ақпаратқа қол жеткізуді қамтамасыз ету Корпоративтік веб-сайтта жариялау Акционерлердің/қатысушылардың жалпы жиналыстарында, сондай-ақ Директорлар кеңестерінде/Байқаушы кеңестерінде акционердің мүдделерін білдіру Кеңестер, консультациялық панельдер, конференц-қоңыраулар өткізу Комитеттерге, жұмыс топтарына қатысу Тренингтер, семинарлар ұйымдастыру
 КЛИЕНТТЕР, ӨНІМ БЕРУШІЛЕР, СЕРІКТЕСТЕР, БАСҚА ҰЙЫМДАР	Өзара тиімді ынтымақтастық шарттарына әсер етуі мүмкін басшылық шешімдері, серіктестердің, жеткізушілердің, клиенттердің мүдделеріне әсер ететін корпоративтік оқиғалар туралы ақпарат Қызығушылық – ынтымақтастық тараптарының құқықтарын сақтау, олардың өз міндеттемелерін орындауын қамтамасыз етуді білдіреді	<ul style="list-style-type: none"> Ақпаратқа қол жеткізуді қамтамасыз ету Корпоративтік веб-сайтта жариялау Жиналыстар, кездесулер, конференц-қоңыраулар өткізу Шағымдармен және өтініштермен жұмысты қамтамасыз ету Серіктестер/өнім берушілер күндерін ұйымдастыру Хабарламалар жіберу Аудиттер
 КӘСІПОДАҚТАР, ҚМГ ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРІ	Компанияның даму жоспарлары, еңбек жағдайлары, мансаптық өсу, әлеуметтік-еңбек құқықтарының сақталуы, ҚМГ қызметкерлерінің мүдделерін қозғайтын корпоративтік оқиғалар туралы ақпарат Қызығушылық үйлесімді және қауіпсіз еңбек жағдайларын қамтамасыз етуден, ҚР еңбек заңнамасына сәйкес құқықтар мен міндеттерді сақтаудан көрініс табады	<ul style="list-style-type: none"> Ақпаратқа қол жеткізуді қамтамасыз ету Корпоративтік веб-сайтта жариялау Кеңестер, жиналыстар өткізу Басшылықтың еңбек ұжымдарымен есептік кездесулері Еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау жөніндегі кеңестер мен комитеттер Тренингтер, семинарлар ұйымдастыру Ішкі хабарламалар жіберу Ішкі байланыс арналары арқылы материалдарды тарату Сауалнамалар, сауалдар Конкурстар

БАСТАМАЛАР МЕН МҮШЕЛІК

2-28

МҮШЕЛІК



«Атамекен» ҚР Ұлттық кәсіпкерлер палатасы

ҚМГ мен «Атамекен» ҚР Ұлттық Кәсіпкерлер палатасы арасында құқықтық мәселелер бойынша ынтымақтастық туралы келісім жасалды.

Келісім Тараптардың заңнаманы жетілдіру, құқықтық мәдениетті арттыруға, Төрелік сотта

коммерциялық дауларды шешуді кеңейтуге бағытталған бірлескен бағдарламалар мен жобаларды әзірлеу және т.б. сияқты құқықтық қызметтің маңызды бағыттарында өзара іс-қимылын көздейді.



«KAZENERGY» Қазақстан мұнай-газ және энергетика кешені ұйымдарының қауымдастығы

ҚМГ басшылығы Қауымдастықтың бірнеше комитеттері мен жұмыс топтарының жұмысына қатысады. KAZENERGY Экология, әлеуметтік жауапкершілік және ашықтық мәселелері жөніндегі үйлестіру кеңесіне төрағалық ету ҚМГ үшін Қазақстанның мұнай-газ саласындағы орнықты даму мәселелерін ілгерілетуге мүмкіндік болып табылады.

ҚМГ мен «KAZENERGY» мұнай-газ және энергетика кешені ұйымдарының қазақстандық қауымдастығы» заңды тұлғалар бірлестігі

арасында ынтымақтастық туралы меморандум жасалды.

Меморандум ҚР заңнамасын жетілдіру, құқықтық мәдениетті арттыруға бағытталған бірлескен бағдарламалар мен жобаларды әзірлеу, заңтану саласындағы өзекті мәселелерге арналған дөңгелек үстелдер, семинарлар, конференциялар өткізу және т.б. сияқты құқықтық қызметтің маңызды бағыттарында бірлескен қызметті көздейді.



БҰҰ Жаһандық шарты

Орнықты даму қағидаттарын ұстануымыздың көрінісі БҰҰ Жаһандық шартына мүшелік, сондай-ақ Жаһандық шарт қағидаттарын ілгерілету бойынша ҚМГ-нің қол жеткізген ілгерілеуі

және Орнықты даму саласындағы 17 жаһандық мақсат туралы хабарлама ретінде БҰҰ ЖШ сайтында Орнықты даму саласындағы есепті жыл сайын орналастыру болып табылады.



IOGP Халықаралық Мұнай және газ өндірушілер қауымдастығы

2018 жылдан бастап ҚМГ осы ұйымның толық құқылы мүшесі ретінде Халықаралық мұнай және газ өндірушілер қауымдастығына (бұдан әрі – IOGP) кіру туралы шешім қабылдады.

IOGP-ге мүше болған жылдары ҚМГ IOGP халықаралық озық ұсынымдары мен тәжірибелерін зерделеп, пайдаланды, бұл ҚМГ-ның ӨҚ, ЕҚОҚ саласындағы көрсеткіштерін және жалпы менеджмент жүйесін жақсартуға көмектесті, сондай-ақ ҚМГ-ның халықаралық деңгейдегі мүмкіндіктері мен рейтингін арттырды. 2022 жылдан бастап ҚМГ барлық IOGP мүшелері үшін бірыңғай «Өмірлік маңызды ережелерге» (Life-Saving

Rules) көшті, олар компаниялар тобы бойынша бұрын қолданыста болған «Алтын ережелерді» алмастырды. IOGP 1991 жылдан бастап қазіргі уақытқа дейін IOGP-ге мүше жүзге жуық кәсіпорында екі мың өлімге әкелген жазатайым оқиғаларға талдау жүргізді. Талдау нәтижесінде қауымдастық қауіпсіздіктің жиі қайталанатын бұзылыстарын анықтады.

Осы бұзушылықтардың алдын алу үшін өмірді сақтаудың 9 маңызды ережесі әзірленді. Бұл ережелер жұмыскерлерге өздерін және әріптестерін өлімнен қорғау үшін жасай алатын әрекеттері туралы хабарлауға мүмкіндік береді.



«Qazaq Green» ЖЭК қауымдастығы

Төмен көміртекті даму бағдарламасын іске асыру шеңберінде ҚМГ өзінің ЖЭК жобаларын іске асырғысы келеді, ол үшін жаңартылатын энергетика саласындағы өз құзыреттерін дамытады және заңнаманы жетілдіру жөніндегі заң шығару жұмысына белсенді қатысады. Осы мақсатта «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ 2022 жылдың басында Жасыл экономика қағидаттарын ілгерілету және Қазақстан Республикасының көміртегі бейтараптығына қол жеткізуге

жәрдемдесу үшін құрылған «Qazaq Green» ЖЭК қауымдастығына» кірді. Қауымдастықтың негізгі міндеттерінің қатарында – мемлекеттік органдарда қауымдастық мүшелерінің мүдделерін білдіру және қорғау, норма шығару процесіне қатысу, Қазақстанда ЖЭК жобаларын іске асыру бойынша қолайлы жағдайлар жасау үшін мемлекеттік органдарға нақты ұсыныстар енгізу.



«KazWeld» Қазақстандық дәнекерлеу қауымдастығы

Мақсаттары мен міндеттері: Қазақстан Республикасында дәнекерлеу өндірісі өнімдерінің сапасы мен бәсекеге қабілеттілігін арттыру, халықаралық стандарттарға сәйкес дәнекерлеу өндірісі мамандарының санын арттыру және сапасын жақсарту, халықаралық стандарттарға сәйкес мамандардың қажетті санын даярлауды жүзеге асыруға қабілетті дәнекерлеу бойынша оқу орталықтарының желісін

жолға қою, дәнекерлеу өндірісі персоналын оқыту мен аттестаттаудың халықаралық стандарттарын енгізу, МАЖ стандарттары бойынша оқу орталықтарын авторизациялау, жаңа дәнекерлеу технологиялары, дәнекерлеу материалдары мен жабдықтары туралы ақпаратты жинау және тарату және оларды енгізуге жәрдемдесу.



«Қазақстан машина жасаушылар одағы» заңды тұлғалар бірлестігі

«Қазақстан машина жасаушылар одағы» заңды тұлғалар бірлестігі 2004 жылы құрылған. Онда 694-тен астам машина жасау және металл өңдеу кәсіпорны біріктірілген.

Одақтың мақсаты: отандық машина жасау саласын қолдау және дамыту, отандық машина жасау кәсіпорындарын шоғырландыру.

Одақтың миссиясы: отандық машина жасаудың бәсекеге қабілетті және экспортқа бағдарланған деңгейге жетуі.

БАСТАМАЛАР



Жаңа Қазақстанның Салық төлеушілер қауымдастығы

Жаңа Қазақстанның Салық төлеушілер қауымдастығы (бұдан әрі – ЖҚСҚ) – салық төлеушілердің заңды құқықтары мен мүдделерін қорғауға жәрдемдесу, салықтардың ерікті және уақтылы төленуін қамтамасыз ету үшін олардың білім деңгейін арттыру мақсатында құрылған коммерциялық емес ұйым. ЖҚСҚ салық салу саласындағы проблемалық мәселелерді, ұсыныстар

мен ескертулерді жүйелейді және талдайды. Дөңгелек үстелдер, конференциялар, форумдар мен жұмыс топтары шеңберінде мемлекеттік органдар мен салық төлеушілер арасындағы диалог, сондай-ақ салық салу мәселелері бойынша ҚР заңнамасына өзгерістер мен толықтырулар енгізу бойынша ұсыныстар кешені жоспарлы жұмыстың нәтижелеріне айналады.



Дүниежүзілік Банктің «2030 жылға қарай ІМГ-ні тұрақты алаулатып жағуды толық тоқтату» бастамасы

Бастама ілеспе мұнай газын (ІМГ) тұрақты алаулатып жағу тәжірибесін 2030 жылдан кешіктірмей тоқтату үшін ынтымақтасуға келіскен үкіметтерді, мұнай компанияларын және даму ұйымдарын біріктіреді.

ҚМГ бұл бастаманы 2015 жылы қолдап, алдына шикі газды (ІМГ) тиімді пайдалануды арттыру және газды тұрақты алаулатып жағу көлемін нөлге дейін азайту мақсатын қойды.



«Мұнай-газ-химия өнімдерін өндірушілер мен тұтынушылар қауымдастығы»

2020 жылғы 7 тамызда Астана қаласында «Мұнай-газ-химия өнімдерін өндірушілер мен тұтынушылар қауымдастығын» құру туралы шешім қабылданды.

Қауымдастықты құруды мақсаты – ортақ мүдделерді білдіру және Қазақстанның мұнай-газ химиясы саласының орнықты дамуына жәрдемдесу үшін заңды тұлғаларды біріктіру болып табылады.



CDP Климаттық бағдарламасы

2023 жылы ҚМГ Румыния мен Грузиядағы еншілес ұйымдарды қоса алғанда, ҚМГ-ның барлық активтері бойынша парниктік газдардың тікелей және жанама шығарындыларының деректерін қамтитын CDP (Carbon Disclosure Project) Климаттық

бағдарламасы шеңберінде 2022 жылдың қорытындылары бойынша Климаттық сауалнаманы жариялады. Сондай-ақ, 2022 жылдың қорытындысы бойынша CDP су қауіпсіздігі бойынша сауалнама жарияланды.



Жаһандық Метан Бастамасы

ҚМГ Жаһандық есептілік бастамасын (ЖМБ) қолдайды және Орнықты даму туралы есеп шеңберінде өзінің экологиялық қызметі туралы ақпаратты барлық мүдделі тараптарға үнемі ашып отырады. 2017 жылы ҚМГ метан шығарындыларын азайту жөніндегі ҚМГ қызметі шеңберінде

ЖМБ жобалық желісіне қосылды, бұл метан шығарындыларын азайту, сондай-ақ метанды қалпына келтіру және пайдалану жобаларына мүдделі жеке сектор субъектілерінің, қаржы мекемелерінің және басқа да үкіметтік және үкіметтік емес ұйымдардың ұлғайып келе жатқан қоғамдастығы болып табылады.



OGMP 2.0 мұнай-газ саласындағы метан серіктестігі (The Oil & Gas Methane Partnership)

Атмосфераға метан шығарындыларын азайтудың маңыздылығын түсіне отырып, 2023 жылы ҚазМұнайГаз UNEP және IMEO ұйымдастырған OGMP 2.0 серіктестігіне COP28 климаттың өзгеруі жөніндегі конференция алаңына қосылған алғашқы қазақстандық ұлттық компания болды. Сөйтіп, ҚазМұнайГаз SOR28 конференциясы аясында UNEP-пен Өзара түсіністік туралы тиісті меморандумға қол қойды. Мұнай-газ саласындағы метан серіктестігі 2.0 (OGMP 2.0) – мұнай-газ

саласындағы метан шығарындыларын азайту және есеп беру бойынша БҰҰ-ның Қоршаған ортаны қорғау бағдарламасының флагмандық бағдарламасы. OGMP 2.0 – метан шығарындылары туралы есеп берудің дәлдігі мен ашықтығын арттыратын өлшеуге негізделген мұнай-газ саласы үшін жалғыз кешенді есеп беру жүйесі. Бұл саладағы метан шығарындыларын азайту бойынша іс-шараларға басымдық беру үшін маңызды.



COP28 мұнай-газ саласын күкіртсіздендіру хартиясы (Oil & Gas Decarbonization Charter)

Тараптар конференциясына (COP-28) қатысу шеңберінде ҚМГ мұнай мен газды күкіртсіздендіру хартиясына – жоғары көрсеткіштерге қол жеткізуге және саладағы климаттық іс-қимылдарды жеделдетуге бағытталған жаһандық салалық бастамаға қосылған 52 мұнай-газ компаниясының бірі

болды. Бастаманың негізгі мақсаттары 2050 жылға қарай көміртегі бейтараптығына қол жеткізу, 2030 жылға қарай алауларда газ жағуды азайту және іс жүзінде нөлдік метан шығарындыларына қол жеткізу болып табылады.



Ұлттық ESG клубы

2022 жылы ҚМГ Ұлттық ESG-клубына кірді, оның басым мақсаттары мынадай бағыттар бойынша ұсынымдар мен сараптамалық бағалаулар әзірлеу болып табылады: Қазақстан Республикасында қоршаған ортаға әсерді азайту, жаңа деңгейде тұрақты

қаржыландыруды дамыту, экономиканы және әлеуметтік жобаларды күкіртсіздендіруге инвестициялар тарту, ESG-трансформацияда қазақстандық бизнес үшін қолайлы жағдайлар жасау.



Каспий өңірінің қоршаған ортаны қорғау жөніндегі бастамасы (Caspian Environmental Protection Initiative «CEPI»)

2020 жылдың қыркүйегінде Баку қаласында «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ, Әзірбайжан Республикасының мемлекеттік мұнай компаниясы, BP Exploration (Caspian Sea) Limited, Equinor Apsheron as және TOTAL E&P Absheron B.V арасында Өзара түсіністік туралы меморандумға қол қойылды. Меморандум Каспий өңірінің қоршаған ортаны қорғау жөніндегі бастамасын құруды көздейді.

Бастаманың негізгі мақсаттары қоршаған ортаны қорғау және өңірде жұмыс істеп тұрған халықаралық мұнай компанияларын бірлесіп зерттеу үшін алғашқы платформа құру болып жарияланды. Қатысушы компаниялардың қызметі Каспий өңірінің экологиялық тұрақтылығына қауіп төндіретін климаттың өзгеруі проблемасын шешу және қоршаған ортаға парниктік газдар мен зиянды заттардың шығарылуын болдырмау мақсатында белсенді бірлескен күш-жігерге бағытталатын болады.



Vision Zero жаһандық бастамасы

2022 жылғы 1 наурызда ҚМГ «Нөлдік жарақаттану» - Vision Zero тұжырымдамасын ілгерілету жөніндегі жаһандық бастамаға ресми түрде қосылды.

Vision Zero немесе «Нөлдік жарақаттану» – бұл өндірістің барлық деңгейлерінде жұмыскерлердің қауіпсіздігі, еңбек гигиенасы және әл-ауқаты сияқты үш бағытты біріктіретін профилактиканы ұйымдастырудың сапалы жаңа тәсілі. MACO әзірлеген Vision Zero тұжырымдамасы икемділігімен ерекшеленеді және

оны жұмыскерлердің қауіпсіздігін, еңбек гигиенасын және әл-ауқатын қамтамасыз ету үшін басым маңызы бар нақты алдын алу шараларына бейімдеуге болады.

Бұл тұжырымдама жұмыскерлерді барынша қорғау, оларға оңтайлы еңбек жағдайларын жасау үшін жұмыс берушінің іс-қимылдарының реттілігін болжайды. Ал қызметкер тарапынан – бұл қауіпсіз еңбек, тек өзі үшін ғана емес, әріптестері үшін де жауапкершілікті арттыру.



Oil Spill Response Limited (OSRL) мұнайдың апаттық төгілуін жоюды қамтамасыз ету жөніндегі халықаралық қауымдастық

Oil Spill Response Limited (OSRL) – 1985 жылы құрылған, мұнай төгілуін жоюға маманданған және бүкіл әлем бойынша өз қызметтерін көрсететін британдық компания. Жүзден астам әлемдік компания OSRL мүшелері

болып табылады. Компания мұнайдың ластануын тек ашық теңізде және жағалау суларында болдырмауға және жоюға баса назар аударады.



Мұнайдың авариялық төгілуін жоюға дайын болуды қамтамасыз ету жөніндегі өңірлік бастама/Oil Spill Preparedness Regional Initiative (OSPRI)

Бастаманың мақсаты мұнай төгілуіне ден қою бойынша танылған, сенімді, интеграцияланған және орнықты ұлттық, өңірлік және халықаралық шешімдерді қабылдауға ықпал ететін бірлескен жұмыста мұнай өнеркәсібі мен өңір үкіметтеріне жәрдемдесу және қолдау болып табылады. Бастама IPIECA, Дүниежүзілік мұнай-газ өнеркәсібінің экологиялық және әлеуметтік мәселелер жөніндегі

қауымдастығы арқылы жүзеге асырылуда (www.ipieca.org). OSPRI/MATЖӨД – IPIECA үшін халықаралық теңіз ұйымымен (IMO – www.imo.org) және басқа да халықаралық ұйымдармен тығыз ынтымақтастықта мұнай төгілуіне дайын болуды қамтамасыз етуге жәрдемдесу жөніндегі халықаралық күш-жігерді іске асырудың өңірлік құралы болып табылады.



«Мұнай-газ кешенінің ардагерлері» республикалық қоғамдық бірлестігімен («МГКА» РҚБ) өзара іс-қимыл жасау бастамасы

«Мұнай-газ кешенінің ардагерлері» РҚБ миссиясы – сала ардагерлерінің интерактивті қарым-қатынасы, мұнай-газ өнеркәсібін дамытуға, олардың әлеуеті мен өндірістік саладағы тәжірибесін пайдалануға, қоғам өміріне белсенді қатысуға, мұнайшылардың жас ұрпағына өмірлік және кәсіби тәжірибелерін беруге бағытталған кәсіби және әуесқойлық мүдделерін қанағаттандыру үшін жағдайлар жасау.

2021 жылы «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ мен «Мұнай-газ кешенінің ардагерлері» РҚБ арасында Өзара түсіністік және ынтымақтастық туралы Меморандумға қол қойылды. Меморандум шеңберінде мұнай-газ кешені ардагерлерінің практикалық тәжірибесін, ғылыми-техникалық және зияткерлік әлеуетін пайдалану туралы уағдаластыққа қол жеткізілді. «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ

Мұнай-газ саласы ардагерлерінің сараптамалық кеңесі құрылды. Кеңестің негізгі міндеттері: мұнай-газ саласын технологиялық және цифрлық дамыту саласында ҚМГ стратегиялық бағдарламаларын іске асыру, мұнай-газ саласын дамытуға байланысты қоғамдық бастамаларды талқылау, мұнай-газ саласын нормативтік-құқықтық реттеу үшін сараптамалық ұсынымдар әзірлеуге қатысу, ҚМГ-ның өндірістік қызметіне елеулі әсер ететін мәселелер бойынша сараптамалық қорытындылар әзірлеу, мұнай-газ саласын технологиялық және цифрлық дамыту саласында ҚМГ стратегиялық бағдарламаларын, ҚМГ өндірістік қызметін жүзеге асыруда сараптамалық, ақпараттық және консультациялық қолдау.



«Есојег» қазақстандық өңірлік экологиялық бастамалар қауымдастығы

ҚМГ компаниялар тобы 2021 жылы «Есојег» қазақстандық өңірлік экологиялық бастамалар қауымдастығына қосылды. Қауымдастықтың мақсаты – қоршаған ортаны қорғау саласындағы ортақ мүдделерді қорғау үшін кәсіпкерлік

қоғамдастық пен азаматтық қоғамды шоғырландыру. Қауымдастық мемлекеттік саясат бағыттары, қоғамдық мүдделер мен экономикалық даму қажеттіліктері арасындағы тепе-теңдікке қол жеткізуге тырысады.



Корпоративтік есептерде қаржылық емес ақпаратты ашу бойынша үздік 50 компания PwC Kazakhstan рейтингі

Рейтингті PwC Kazakhstan компаниясы қазақстандық ұйымдар арасында өткізеді. Зерттеу шеңберінде жылдық есептер мен тұрақтылық туралы есептерде ESG ақпаратының сапасы мен қол жетімділігі бағаланады.

Рейтингтің мақсаты: қазақстандық компаниялардың ESG-ақпаратты қалай ашатынын бағалау, үздік тәжірибелерді анықтау және одан әрі дамыту үшін ұсыныстар беру. Рейтинг әдістемесі 129 критерийді қамтиды. Әр критерийдің бағасы беріледі (1-ден 10-ға дейін). Бағалау критерийлері орнықты даму стратегиясы, корпоративтік басқару, қоғам, экология, есеп беру практикасы сияқты ашу блоктарын қамтыды. Сонымен қатар, ақпаратты ұсынудың анықтығы, уақтылығы және сапасы үшін қосымша ұпайлар берілді.

«ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ корпоративтік есептерде қаржылық емес ақпаратты

ашу бойынша үздік 50 компания рейтингінде бірінші орынға ие болды.

Орта есеппен қазақстандық топ-50 компания әсіресе орнықты даму стратегиясын ашқаны үшін үздік бағаланған. Бұл ретте стратегиялық бөлімде орнықты дамудың елеулі мәселелерін айқындау процесі бойынша ашулар, мақсаттардың болуы, сондай-ақ мүдделі тараптармен өзара іс-қимыл және БҰҰ Орнықты даму мақсаттарының интеграциясы бағаланды. Сондай-ақ, ең қиын міндеттердің бірі – әлеуметтік әсерлер туралы ақпаратты ашу, яғни осы әсерлерді түсіну: компанияның адамдардың өміріне қалай әсер ететінін айқындау және сол әсердің дәрежесін бағалау. Мұнда да ҚМГ сарапшылардан жоғары баға алып, әлеуметтік мәселелерді үздік ашқаны үшін арнайы номинация алды.

«ҚазТрансОйл» АҚ еншілес компаниясы да рейтингтің топ-10 көшбасшысына енді.



Рейтингпен мына сілтеме бойынша танысуға болады:

<https://www.pwc.com/kz/en/assets/esg-2023-final-draft.pdf>

ТӘЖІРИБЕДЕН МЫСАЛ



KASE биржасы «Қазмұнайгазды» қор нарығын дамытуға қосқан үлесі үшін марапаттады

2023 жылғы 16 қарашада «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ (ҚМГ) Қазақстан қор биржасының 30 жылдығына арналған «Қаржы нарықтарын трансформациялаудағы биржалардың рөлі» KASE халықаралық биржалық форумына қатысты. Форум шеңберінде биржалық нарықтарды дамытудың, IPO даму үрдістерінің, қаржылық қызметтерді диджитализациялаудың және капитал нарықтарындағы бөлшек инвесторлардың белсенділігінің өсуінің, қаржы нарығында ESG-қағидаттары мен ESG-өнімдерін дамыту мен ілгерілетудің өзекті тақырыптары талқыланды.

30 жыл бойы Қазақстанның қор нарығын дамытуға елеулі үлес қосып келе жатқан ұйымдарды, сарапшылар мен қаржы секторының мамандарын марапаттау рәсімі барысында ҚМГ екі марапатқа ие болды: «Акциялар нарығының көшбасшысы» және «ESG стандарттарын енгізгені үшін».

КОМПАНИЯНЫҢ ОДМ-ҒА ҚОЛ ЖЕТКІЗУГЕ ҚОСҚАН ҮЛЕСІ ТУРАЛЫ

ҚМГ-ның орнықты даму мәселелеріне көзқарасы Компанияның мүдделері мен жоспарларының БҰҰ-ның негізгі қағидаттарымен, жалпыадамзаттық құндылықтармен, жаһандық үрдістермен және Қазақстанның даму басымдықтарымен үйлесуіне негізделген. Компания БҰҰ-ның орнықты дамуға барлық 17 мақсатын ұстанады. ҚМГ-ның стратегиялық мақсаттарын назарға ала отырып, Компания БҰҰ-ның басым 10 ОДМ және 24 міндетін айқындады.

Олардың іске асырылуы Компанияның БҰҰ-ның орнықты дамуға жаһандық мақсаттарына қол жеткізуге қосқан үлесін айқындайды.

<https://www.kmg.kz/ru/sustainable-development/un-global-compact/>



Мақсаттар мен міндеттер ҚМГ-да жүзеге асырылатын стратегиялық және бизнес-бастамалармен ұштастырылады.

ҚМГ-ДА ОРНЫҚТЫ ДАМУ МАҚСАТТАРЫН ІСКЕ АСЫРУ

Басым міндеттер

ҚМГ үлесі



САЛАМАТТЫ ӨМІР САЛТЫН ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУ ЖӘНЕ КЕЗ КЕЛГЕН ЖАСТА ӘЛ-АУҚАТТЫ БОЛУҒА БЫҚПАЛ ЕТУ

3.6. Жол-көлік оқиғалары салдарынан қайтыс болғандар мен жарақаттар санын қысқарту

«Сапарларды басқару» жобасы

Көлік қауіпсіздігі деңгейін арттыру және қауіпсіз жүргізу мәдениетін қалыптастыру мақсатында 2023–2025 жылдар аралығында ЕТҰ-ға «Сапарларды басқару» көлік құралдарын мониторингілеудің автоматтандырылған жүйесін енгізу жобасын кезең-кезеңімен тираждау жоспарланған, оның көбін ҚМГ компаниялар тобының автокөліктері құрайды.

Нәтижесі

Тираждау шеңберінде мынадай жұмыстар жүргізілді:

- ҚМГ-ның 7 ЕТҰ-да көлікті басқару процестеріне диагностика жүргізілді (ҚБМ, ӨМГ, ММГ, ОСК, ОТК, ҚТО, ҚМГ-С).
- ҚМГ-ның 5 ЕТҰ-да «Сапарларды басқару» жобасын тираждау бойынша Жол картасы бекітілді (ҚБМ, ӨМГ, ММГ, ОСК, ОТК).

Жол-көлік оқиғасы кезіндегі маңдайлық соқтығысу тренажері (конвинсер)

ҚМГ ЕТҰ қызметкерлерінің ҚМГ компаниялар тобында қауіпсіздік белдіктерін пайдалану қажеттілігі туралы хабардарлығын арттыру мақсатында 3 «конвинсер» бірлігі (ҚТО, ӨМГ, ОТК) сатып алынды.

Нәтижесі

«ЖКО тоқтату» науқаны аясында 2023 жылы ҚМГ басқа ЕТҰ қызметкерлерін тартумен «конвинсердің» тәжірибелік демонстрациясы өткізілді, оған ҚМГ ЕТҰ-ның 7783 қызметкері қатысты.

ЕТҰ-ның 1451 қызметкері, мердігерлік ұйымдардың 454 қызметкері RoSPA халықаралық стандарттарына сәйкес **«Қорғаныштық жүргізу» (defensive driving)** курсы бойынша оқудан өтті.

Басым міндеттер

ҚМГ үлесі

3.8. Денсаулық сақтау қызметтерімен қамтуды, оның ішінде сапалы негізгі медициналық-санитарлық қызметтерге қол жеткізуді және қауіпсіз, тиімді, сапалы және арзан негізгі дәрілік заттар мен вакциналарға қол жеткізуді қамтамасыз ету

Қызметкерлерді сауықтыру бағдарламасы

2024–2028 жылдарға арналған персоналды сауықтыру бағдарламасы әзірленуде, оның негізгі бағыттары:

созылмалы аурулары бар қызметкерлердің, өндірістік персоналдың жай-күйін бақылауды және қадағалауды қамтамасыз етуге мүмкіндік беретін ақпараттық жүйе; созылмалы аурулар кезінде кешенді профилактика бағдарламаларын енгізу; ауысым алдындағы тексерудің инновациялық әдістері; персоналдың сырқаттанушылығын төмендету, медициналық көмектің қолжетімділігі мен сапасын жақсарту.

Денсаулықты медициналық сақтандыру

Қызметкерлерді медициналық тексерулер мен вакцинациялау тұрақты негізде жүргізіледі.

Нәтижесі

ҚМГ қызметкерлерінің 100%-ы денсаулықты сақтандыру бағдарламасымен қамтылған.

3.9. Қауіпті химиялық заттар мен ластанудың, ауаның, судың және топырақтың улануының салдарынан болатын өлім мен аурудың санын едәуір азайту

Көшбасшылық бастамалары

Өнеркәсіптік қауіпсіздік, еңбекті және қоршаған ортаны қорғау талаптарын сақтау бойынша қызметкерлердің көшбасшылығы мен міндеттемелері кодексі енгізіліп, іске асырылуда.

«Қорғау» картасы

Қауіпті жағдайды/ қауіпті мінез-құлықты/ қауіпті әрекетті/ қауіпті факторды анықтауға және хабарлауға бағытталған бағдарлама іске асырылады.



ГЕНДЕРЛІК ТЕҢДІКТІ ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУ ЖӘНЕ БАРЛЫҚ ӘЙЕЛДЕР МЕН ҚЫЗДАРДЫҢ МҮМКІНДІКТЕРІН КЕҢЕЙТУ

5.1. Барлық әйелдер мен қыздарға қатысты кемсітушіліктің барлық түрлерін жою

ҚМГ ҚР еңбек заңнамасының талаптарын қатаң орындайды және оның нормаларын бұзбайды, яғни ешкім еңбек құқықтарын іске асыру кезінде тегі, әлеуметтік, лауазымдық және мүлктік жағдайы, жынысы, нәсілі, ұлты, тілі, дінге қатысы, сенімдері, тұрғылықты жері, жасы немесе жеке кемшіліктері, сондай-ақ қоғамдық бірлестіктерге қатыстылығы бойынша ешқандай кемсітушіліктерге ұшырамауы тиіс.

Жұмысқа қабылдау жөніндегі конкурстық рәсімдерде жынысы, жасы немесе өзге де белгілері бойынша шектеулер жоқ. Барлығы үшін бірыңғай еңбекақы және әлеуметтік қолдаудың бірдей шарттары белгіленеді.

5.5. Әйелдердің жан-жақты және нақты қатысуын және олар үшін саяси, экономикалық және қоғамдық өмірде шешім қабылдаудың барлық деңгейлерінде көшбасшылық үшін тең мүмкіндіктерді қамтамасыз ету

ҚМГ компаниялар тобындағы Директорлар кеңесі мен Байқаушы кеңестері құрамындағы әйелдердің үлесін 2023 жылғы желтоқсанға қарай 20%-ға, 2030 жылға қарай 30%-ға дейін арттыру.

«БҰҰ-әйелдер» құрылымы мен БҰҰ Жаһандық келісімі құрған WEP's бастамасын ілгерілету. WEP's (Әйелдердің мүмкіндіктерін кеңейту қағидаттары) халықаралық еңбек және адам құқықтары стандарттарына негізделген және іскер топтардың гендерлік теңдік пен әйелдердің мүмкіндіктерін кеңейтуге мүдделі екенін және олар үшін жауап беретінін мойындайды.

Осы бастама аясында мыналар жоспарлануда:

- Компания басшысының әйелдердің мүмкіндіктерін кеңейту қағидаттарын қолдау туралы мәлімдемесіне қол қою;
- WEP's гендерлік алшақтықты талдау құралы арқылы өзін-өзі бағалау. Ол гендерлік теңдікке стратегиялық көзқарасты бағалайды, үздіксіз жетілдіру үшін олқылықтар мен мүмкіндіктерді анықтайды және мақсаттар мен міндеттер қоюға көмектеседі;
- мүдделі тараптарға ілгерілеу туралы хабарлау үшін тұрақтылық туралы есептерде деректерді жынысы бойынша бөлініспен ашу.



АРЗАН, СЕНІМДІ, ОРНЫҚТЫ ЖӘНЕ ЗАМАНАУИ ЭНЕРГИЯ КӨЗДЕРІНЕ ҚОЛ ЖЕТКІЗУДІ ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУ ӨНДІРІСТІҢ ЭНЕРГИЯ ТИІМДІЛІГІН АРТТЫРУ ҚОЛ ЖЕТІМДІ ТАЗА ЭНЕРГИЯ ҮЛЕСІН АРТТЫРУ

7.1. Арзан, сенімді және заманауи энергиямен жабдықтауға қол жеткізуді қамтамасыз ету

Топтың энергия үнемдеу мен энергия тиімділігін дамытудың негізгі стратегиялық бағыттары – технологиялық жабдықты жаңғырту, энергия үнемдейтін технологияларды енгізу, жылу энергиясын өндіру мен тұтынуды оңтайландыру, сондай-ақ меншікті генерациялау көздерін, оның ішінде ЖЭК-ні пайдалана отырып дамыту.

Біздің бастамаларымыз:

2031 жылға дейінгі Төмен көміртекті даму бағдарламасы бекітіліп, қызметтің басым бағыттары айқындалды.

Энергия тиімділігін арттыру бойынша:

- үздік қол жетімді техниканы (ҮҚТ) енгізу;
- қазандық және пеш жабдықтарын жаңғырту;
- жылу энергиясын тұтынатын технологиялық қондырғыларды жаңғырту;
- механикалық қорды жаңғырту;
- механикалық қорды және сорғы жабдықтарын оңтайландыруға бағытталған басқару бағдарламаларын іске асыру;
- негізгі және қосалқы жабдықтарды жылумен оқшаулау;
- көлік техникасын оңтайландыру;
- ОЭР есепке алу мен басқарудың автоматтандырылған жүйелерін енгізу;
- энергоменеджмент қызметтерін құру.

Технологиялық пештер мен қазандық жабдықтарының нысаналы энергия аудиті

ҚМГ (ӨМГ, ЕМГ, ММГ және ҚБМ) компаниялар тобының өндіру активтерінде пештер мен қазандық жабдықтарына технологиялық аудит жүргізілді. Жұмыс қорытындысы бойынша қазандық-пеш отынын тұтынуды азайту жөніндегі қосымша шаралар – зерттелетін ЕТҰ-лардың 2022–2031 жылдар кезеңіне арналған ҚМГ Төмен көміртекті даму бағдарламасын іске асыру бойынша іс-шаралар жоспарына енгізілетін болады.

Нәтижесі

Ағымдағы жылы жобалық-сметалық құжаттаманы дайындау бойынша 8 іс-шара, сондай-ақ отын-энергетикалық ресурстарының есептік жылдық үнемделуі 22 289 мың тоннаны (716,6 мың ГДж) (2023 қорытындысы бойынша энергияның жиынтық тұтынуының 0,6%) құраған 52 ТҚДБ іс-шарасы іске асырылды, бұл шығарындыларды 45 054 тонна CO₂-ге төмендетуге баламалы.

2023 жылғы 20 желтоқсанда ҚМГ Басқармасының шешімімен «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ компаниялар тобында Энергия үнемдеу және энергия тиімділігін арттыру саласындағы басқару регламенті бекітілді. Осы Регламент ҚМГ-ның 2022–2031 жылдарға арналған Төмен көміртекті даму бағдарламасын іске асыру тетігі болып табылады және мақсаттар мен энергетикалық міндеттерді белгілеу және талдау үшін негіз құрайды.

Тұрақты авиациялық отын өндірісі (SAF)

2023 жылғы қыркүйекте Air Astana-мен бірлесіп, Еуропалық қайта құру және даму банкінің қолдауымен экологиялық таза авиаотын (SAF) нарығын техникалық-экономикалық зерттеу және Қазақстан Республикасындағы өндіріс перспективалары бойынша жұмыстар басталды.

2023 жылғы 23-24 қарашада жүргізілген зерттеуге қатысушылардың жұмыс кездесуінің қорытындысы бойынша Қазақстан үшін неғұрлым перспективалы SAF өндіру технологиялары бірлесіп айқындалды.

Зерттеудің келесі кезеңдерінде ҚМГ үшін SAF өндірісінің орындылығын айқындау мақсатында SAF өндірісінің таңдалған технологияларын неғұрлым егжей-тегжейлі зерделеу, сондай-ақ тұрақты авиаотын (SAF) өндіру үшін ҚР нормативтік-құқықтық базасын зерделеу жоспарлануда. ТЭБ нәтижелері 2024 жылдың бірінші жартыжылдығында ұсынылатын болады.

7.b. Заманауи және орнықты энергиямен жабдықтау үшін инфрақұрылымды кеңейту және технологияларды жаңғырту

ЖЭК жобаларын дамыту:

1 ГВт ЖЭС – Total Eren-мен бірлесіп,
 120 МВт гибридті электр станциясы – Epi-мен бірге;
 2031 жылға қарай «жасыл» электр энергиясын кемінде 15% мөлшерінде сатып алу;
 2023 жылғы желтоқсанда ЖЭК генерациялау көздерінен электр энергиясын тұтынуды растау үшін 10 000 бірлік мөлшерінде I-REC жасыл сертификаттарын сатып алу жүзеге асырылды.

Нәтижесі

2031 жыл:
 15% – ҚМГ электр тұтыну балансындағы ЖЭК үлесі;
 кемінде 300 МВт ЖЭК жобаларын іске асыру;
 Қазақстанда сутегі энергетикасын дамыту;
 ЕТҰ-ны энергоменеджмент қызметтерімен 100% қамту.
 Қосымша ақпарат «Төмен көміртекті даму бағдарламасы» бөлімінде берілген.



ҮДЕМЕЛІ, ТОЛЫҚ ҚАМТЫЛҒАН ЖӘНЕ ОРНЫҚТЫ ЭКОНОМИКАЛЫҚ ӨСУГЕ, ТОЛЫҚ ЖӘНЕ НӘТИЖЕЛІ ЖҰМЫСПЕН ҚАМТУҒА ЖӘНЕ ЛАЙЫҚТЫ ЖҰМЫСҚА ЖӘРДЕМДЕСУ

8.5. Әйелдер мен ерлер, соның ішінде жастар мен мүгедектер үшін толық және нәтижелі жұмыспен және лайықты еңбекпен және бірдей еңбекақымен қамтамасыз ету

ҚМГ 49 мыңнан астам адамды жұмыспен қамтамасыз етеді, оның ішінде 81% ерлер мен 19% әйелдер.

8.6. Жұмыс істемейтін, оқымайтын және кәсіби дағдыларды игермейтін жастардың үлесін айтарлықтай азайту

ҚМГ компаниялар тобында өндірісте жас мамандарды тарту және дамыту бағдарламалары іске асырылуда.

Нәтижесі

Жас маман – АМӨЗ және ПМХЗ-ға жас мамандарды тарту және дамыту бағдарламасы. 2022 жылдан 2023 жылға дейін АМӨЗ-де оқып, жұмыс істейтін 31 адам бар, оның ішінде 7 адам жұмысқа орналастырылды, ПМХЗ-ға 1 адам жұмысқа орналастырылды.

Дуальды оқыту – ҚМГ компаниялар тобына оқытуды, тағылымдамадан өтуді және одан әрі жұмысқа орналастыруды қамтитын бағдарлама. Мәселен, 2022–2023 жылдар аралығында ЕМГ-ге осы бағдарлама бойынша оқитын 99 адамның 4-үі жұмысқа орналастырылды; АМӨЗ-ге 62 адамның 17-сі жұмысқа орналастырылды; ПМХЗ-ға 53 адамның 36-сы жұмысқа орналастырылды.

«Тағылымгер» – бағдарлама үш мамандық бойынша басталды – технологиялық қондырғылардың операторы, технологиялық сорғылар мен компрессорлардың машинисі, БӨАЖА аспапшысы. Тағылымдамадан өтушілер оқып, АМӨЗ-де өндірістік тағылымдамадан өтеді. 2022–2023 жылдар аралығында осы бағдарлама бойынша 60 адам оқиды, оның ішінде 29 адам жұмысқа орналастырылды.

8.8. Еңбек құқықтарын қорғау және барлық жұмысшылар үшін сенімді және қауіпсіз жұмыс жағдайларын қамтамасыз етуге жәрдемдесу

ҚМГ қызметкерлеріне әлеуметтік қолдау ұжымдық шарттарға және жұмыс берушінің ішкі актілеріне сәйкес ұсынылады. ҚМГ компаниялар тобында ұжымдық шарттар 24 кәсіпорында жұмыс істейді. Кәсіпорындардың әлеуметтік топтамасы әлеуметтік жеңілдіктердің 50-ден астам түрін қарастырады, бүгінгі таңда ұжымдық шарттар мен актілердің барлық талаптары ҚМГ-ның барлық кәсіпорындарында толық көлемде сақталады.



ТҰРАҚТЫ ИНФРАҚҰРЫЛЫМ ҚҰРУ, ОРНЫҚТЫ ИНДУСТРИЯЛАНДЫРУ МЕН ИННОВАЦИЯЛАРҒА ЖӘРДЕМДЕСУ

9.1. Адамдардың экономикалық дамуы мен әл-ауқатын қолдау мақсатында өңірлік және трансшекаралық инфрақұрылымды қоса алғанда, сапалы, сенімді, орнықты және тұрақты инфрақұрылымды негіздеу

ҚМГ Цифрлық трансформациялау бағдарламасы ғылыми зерттеулерді кеңейтуге, өнеркәсіптік секторлардың технологиялық мүмкіндіктерін жетілдіруге ықпал етеді. ҚМГ ғылыми зерттеулерге және осы саладағы жергілікті әлеуетті арттыруға қомақты қаражат салады. Өнеркәсіптік әртарапандыруды қамтамасыз ету үшін отандық технологиялық қуаттарды дамыту елдегі климаттық жағдайға да оң әсерін тигізеді.

«АВАІ АЖ әзірлеу» жобасы ҚМГ тобының барлық өндірістік ақпаратын Big Data платформасындағы бірыңғай деректер базасында орталықтандыруды, сондай-ақ оны жасанды интеллект пен машиналық оқытуды қолдана отырып өңдеу мен талдауды көздейді.

АВАІ ақпараттық жүйесі – әрқайсысы нақты өндірістік мәселелерді шешуге бағытталған 17 дербес модуль.

Нәтижесі

6 АВАІ модулі енгізілді («Деректер базасы», «Картақұрушы», «Тереңдік-сорғы жабдықтарын іріктеу», «Геологиялық-техникалық іс-шаралардың тиімділігін іріктеу және талдау», «Технологиялық режим», «Өндіруді жоспарлау және мониторинг»).

Қол жеткізілген әсерлер:

- автоматтандырылған деректерді жинау және өндірістік есептерді жүктеп түсіру функциясы іске асырылды;
- ӨМГ мен ҚГМ-да неғұрлым тиімді технологиялық режим есебінен қосымша өндіру көлемі алынды;
- ӨМГ мен ММГ тереңдік-сорғы жабдықтарының істен шығуын қысқарту есебінен ұңғымаларды жерасты жөндеу саны азайды;
- ӨМГ және ММГ-да геологиялық-техникалық іс-шаралардың тиімділігі артты;
- ҚГМ-де қабаттық қысымды ұстап тұрудың неғұрлым тиімді жүйесі есебінен қосымша өндіру алынды.

9.4. Ресурстарды пайдалану тиімділігін арттыру және таза және экологиялық таза технологиялар мен өндірістік процестерді кеңінен қолдану арқылы оларды орнықты ете отырып, инфрақұрылымды жаңарту және өнеркәсіптік кәсіпорындарды қайта жабдықтау

2031 жылға дейінгі Төмен көміртекті даму бағдарламасы бекітілді, энергия тиімділігін арттыру жөніндегі қызметтің басым бағыттары айқындалды: энергия менеджментін оңтайландыру және энергия менеджменті қызметтерін құру, ОЭР есепке алу мен басқарудың автоматтандырылған жүйелерін енгізу, нақты ЕТҰ активтерінде серпінді жобалардың қолданылуын айқындау, үздік қолжетімді техникаларды (ҮҚТ) енгізу, механикалық қорды жаңғыртуды, көлік техникасының құрамын оңтайландыру мен жаңғыртуды жүзеге асыру.

Нәтижесі

2031:

ЕТҰ-ны энергоменеджмент қызметтерімен 100% қамту;
 энергия сыйымдылығының 2019 жылғы деңгейден 10%-ға төмендеуі.



ҚАЛАЛАР МЕН ЕЛДІ МЕКЕНДЕРДІҢ АШЫҚТЫҒЫН, ҚАУІПСІЗДІГІН, ӨМІРШЕҢДІГІН ЖӘНЕ ЭКОЛОГИЯЛЫҚ ОРНЫҚТЫЛЫҒЫН ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУ

11.2. 2030 жылға қарай жол қозғалысы қауіпсіздігін арттыру, атап айтқанда, осал жағдайдағы адамдардың, әйелдердің, балалардың, мүгедектердің және қарттардың қажеттіліктеріне ерекше назар аудара отырып, қоғамдық көлікті пайдалануды кеңейту негізінде барлығының қауіпсіз, арзан, қолжетімді және экологиялық тұрақты көлік жүйелерін пайдалана алуын қамтамасыз ету

ҚМГ қосымша декарбонизация шараларын іске асыру бойынша жұмыс істейді, оның ішінде электр жанармай құю станциялары бойынша, енгізу бойынша пилоттық жобаларды іске қосу көміртекті ұстау, сақтау және пайдалану технологиялары (CCS), іске асыру орман-климаттық жобалар және т.б.

2023 жылғы ақпанда Қазақстан Республикасының 2060 жылға дейінгі Төмен көміртекті даму стратегиясы қабылданды. Көлік секторын күкіртсіздендірудің перспективасы бағыттарының бірі электромобильдерді дамытуды көздейді. Бұдан басқа, «Самұрық-Қазына» АҚ Төмен көміртекті даму тұжырымдамасы шеңберінде барлық портфельдік компаниялардың алдына бензин көлігін біртіндеп электр көлігіне ауыстыру мақсаты қойылды. Үкімет климаттық мақсаттарға қол жеткізуге ықпал ететін корпоративтік сектордың бастамаларын қоса алғанда, ынтымақтастықтың барлық нысандарын құптайды, ҚМГ Қазақстанда электромобильдер үшін зарядтау инфрақұрылымын дамыту жобасын іске асыру мүмкіндігі қарастырылуда.

11.6. 2030 жылға қарай қалалардың жан басына шаққандағы теріс экологиялық әсерін азайту, оның ішінде ауа сапасына және қалалық және басқа да қалдықтарды жоюға ерекше назар аудару арқылы азайту

Қоршаған ортаға теріс әсерді кезең-кезеңімен төмендетуге бағытталған ең үздік қолжетімді әдістерді енгізу

Қазақстанда ластаушы заттар шығарындылары бойынша 50 ірі ластаушылардың қатарына кіретін ҚМГ-ның бірқатар компаниялары 2024 жылы ҚР Экология және табиғи ресурстар министрлігінен кейіннен кешенді экологиялық рұқсат ала отырып, ұлттық салалық ҮҚТ анықтамалықтары негізінде экологиялық тиімділікті арттыру бағдарламасын әзірлеуге ниетті.

Ластаушы заттар шығарындыларын азайту жөніндегі бағдарламасын әзірлеу

ҚМГ компаниялар тобы бойынша ластаушы заттардың шығарындыларын төмендету мақсатында қоршаған ортаға ЛЗ шығарындыларын азайту бағдарламасын әзірлеу және нысаналы көрсеткіштерді белгілеу жоспарлануда.

Дүниежүзілік Банктің «2030 жылға қарай ІМГ-ні тұрақты алаулатып жағуды толық тоқтату» бастамасын іске асыру

ҚМГ Дүниежүзілік Банктің 2030 жылға қарай ілеспе мұнай газын тұрақты жағуды толық тоқтату жөніндегі бастамасының қатысушысы болып табылады. Жоғарыда аталған бастаманы іске асыру шеңберінде Компания 2030 жылға қарай газды тұрақты алаулатып жағуды толық тоқтатуға бағытталған ҚМГ шығарындыларын басқару жөніндегі саясатты басшылыққа алады.

«Жасыл белдеу» құру – көгалдандыру жобалары

АМӨЗ 2023 жылғы 5 маусымда экологиялық конференция барысында Атырау облысының әкімдігі мен ҚМГ арасында қол қойылған Атырау қаласын көгалдандыру жөніндегі ынтымақтастық туралы меморандум аясында үш жыл ішінде 10 мың ағаш отырғызады.

Нәтижесі

- Халық үшін қолайлы өмір сүру ортасын құру және экологиялық жағдайды жақсарту, оның ішінде атмосфералық ауаның сапасын жақсарту мақсатында МӨЗ «Жасыл Қазақстан» ұлттық жобасының көрсеткіштеріне сәйкес іс-шараларды іске асырады. Бағыт шеңберінде бес жыл ішінде шығарындыларды 20%-ға қысқарту көзделіп отыр.
- Ластаушы заттар эмиссияларын мониторингілеудің автоматтандырылған жүйелерін орнату бойынша жұмыстар жүргізілуде. Қазіргі уақытта Жол карталарына сәйкес осы жүйені орнату бойынша құрылыс-монтаж жұмыстары жүргізілуде.
- Атырау облысының әкімдігі мен «Ембімұнайгаз» АҚ арасында «жасыл белдеу» құру мақсатында Атырау облысының әкімдігі бөлген Талқайран ауылындағы 243 гектар аумақты көгалдандыру жұмыстарын жүргізу туралы меморандумға қол қойылды.
- 2023 жылы АМӨЗ Атырау облысының әкімдігіне жабық тамыр жүйесі бар 200 шаған ағашын берді. Ағаштар ретропарк аумағына отырғызылды. 2022–2023 жылдары ЕМГ Меморандум аясында 22 мыңға жуық көшет отырғызды.



ТҰТЫНУ МЕН ӨНДІРІСТІҢ ҰТЫМДЫ ҮЛГІЛЕРІНЕ КӨШУДІ ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУ

12.4. Келісілген халықаралық қағидаттарға сәйкес химиялық заттарды және олардың бүкіл өмірлік циклі бойындағы барлық қалдықтарды экологиялық тұрғыдан ұтымды пайдалануға қол жеткізу және олардың адам денсаулығы мен қоршаған ортаға теріс әсерін азайту үшін олардың ауаға, суға және топыраққа түсуін айтарлықтай азайту

12.5. 2030 жылға қарай қалдықтардың пайда болуын болдырмау, оларды азайту, өңдеу және қайта пайдалану бойынша шаралар қабылдау арқылы олардың көлемін едәуір азайту

12.6. Компанияларға, әсіресе ірі және трансұлттық компанияларға тұрақты өндіріс әдістерін қолдануға және өз есептерінде ресурстарды ұтымды пайдалану туралы ақпаратты көрсетуге кеңес беру

Су ресурстарын басқару бағдарламасы

Су алуды қысқарту, суды қайта пайдалануды ұлғайту жөніндегі нысаналы көрсеткіштерді айқындау мақсатында ҚМГ компаниялар тобы бойынша Су ресурстарын басқару жөніндегі ұзақ мерзімді бағдарлама әзірленді.

TAZALYQ

АМӨЗ қоршаған ортаның жай-күйін жақсартуға арналған TAZALYQ ауқымды экологиялық жобасын белсенді түрде іске асыруда.

Тарихи жинақталған мұнай қалдықтарын кәдеге жарату бағдарламасы

Тарихи жинақталған мұнай қалдықтары мен мұнаймен ластанған аумақтарды кәдеге жарату бағдарламасын іске асыру.

Нәтижесі

Тарихи мұнай қалдықтарын жою: 2018–2023 жылдары 3,2 млн тонна мұнай қалдықтары қалпына келтірілді.

Carbon Disclosure Project

Компания су ізін есептейді және Carbon Disclosure Project алаңында Су қауіпсіздігі сауалнамасын орналастырады.

Жасыл кеңсе

Корпоративтік «жасыл» бағыт белсенді дамып келеді және «жасыл кеңсе» қағидаттары кезең-кезеңімен енгізілуде, мысалы, қалдықтарды бөлек жинауды енгізу, кеңсе үй-жайларында су және энергия үнемдеу.

Нәтижесі

Жасыл кеңсені енгізу аясында және пластик пен металл қалдықтарының пайда болуын азайту мақсатында біздің кеңсенің бірінші қабатында фандомат орнатылды. Бүкіл кезеңде «Изумруд кварталы» БО-да фандоматтың көмегімен 18 741 пластикалық бөтелке және 3 619 алюминий бөтелке тапсырылды.

2022 жылдың қорытындысы бойынша CDP су қауіпсіздігі бойынша сауалнама жарияланды.



КЛИМАТТЫҢ ӨЗГЕРУІНЕ ЖӘНЕ ОНЫҢ САЛДАРЫНА ҚАРСЫ ШҰҒЫЛ ШАРАЛАР ҚАБЫЛДАУ

13.2. Климаттың өзгеруіне ден қою шараларын саясатқа, стратегияларға және жоспарлауға енгізу

Метан шығарындыларын азайту

Carbon Limits (метанның жылыстауын басқару саласындағы әлемдік көшбасшы) компаниясымен Меморандум жасалды. Меморандумға Жол картасы шеңберінде ҚМГ мамандарын метанның жылыстауын басқару бойынша оқыту жүргізілді, ал 2024 жылы LDAR метанның жылыстауын анықтау және жою бағдарламасының демонстрациясын өткізу жоспарланған.

Сондай-ақ COP28 алаңдарында метан шығарындыларын азайту және салдарын жұмсарту мақсатында Компания USAID (PCA) қаржыландыратын «Орталық Азия энергетикасы» жобасын іске асыратын Tetra Tech ES, Inc корпорациясымен ынтымақтастық туралы меморандумға қол қойды.

ҚМГ 2023 жылғы желтоқсанда Baker Hughes Services Kazakhstan LLP компаниясымен төмен көміртекті жобаларды іске асыру, оның ішінде метанның жылыстауын мониторингілеу және жою, алауларда күнделікті күйдіруді қысқарту жобаларын іске асыру мәселелері бойынша ынтымақтастық жөнінде келісімге қол қойылды.

OGMP 2.0-ге қосылу

Компания UNEP OGMP 2.0 метан бастамасына қосылды, бұл метан шығарындыларын азайту және UNEP-ке метан шығарындылары туралы есеп беру үшін өз мақсатын белгілеуді көздейді.

Мұнай-газ секторын күкіртсіздендіру туралы хартияға қосылу

Компания тараптардың COP-28 климаттың өзгеруі жөніндегі конференциясында осы бастамаға қосылды.

Орман-климаттық жобалар

Павлодар облысында 2000 га алқапта учаске айқындалды, парниктік газдарды сіңіру әлеуеті бағалануда.

Нәтижесі

- 2022 жылдан 2031 жылға дейінгі кезеңге арналған Төмен көміртекті даму бағдарламасын іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспары әзірленіп, бекітілді.
- ҚМГ-ның CO₂ ұстау, сақтау және пайдалану (CCUS) және өндірілген мұнай қабаттарын мұнай беруді ұлғайту үшін айдау әлеуетін айқындау бойынша пилоттық жобасы әзірленуде.
- Ашық түсті мұнай өнімдері үшін бенчмарк әзірленді.

Басым міндеттер
ҚМГ үлесі

13.3. Климаттың өзгеруінің ауырлығын азайту және әлсірету және адамдар мен мекемелерді оларға бейімдеу және ерте алдын алу бойынша ағарту жұмыстарын жақсарту, ол туралы ақпарат тарату

Ішкі көміртекке баға белгілеу тұжырымдамасы

ЕТҰ-ның көміртегі ізін азайту жөніндегі шараларды жоспарлау мен қамтамасыз етуді енгізу, сондай-ақ көміртекті реттеудің қаржы-экономикалық көрсеткіштерге әсерін жан-жақты есепке алу мақсатында ішкі көміртекті баға белгілеу тетіктері әзірленді. Қазіргі уақытта оларды «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ компаниялар тобының бизнес-процестеріне интеграциялау бойынша жұмыс жүргізілуде.

CDP

Компания көміртегі ізін есептейді және CDP алаңына климаттық сауалнаманы орналастырады.

Әлеуметтік көрсеткіштер бойынша төмен көміртекті ауысу мен тиімділікті бағалауға негізделген World Benchmarking Alliance Oil and Gas рейтингіне сәйкес, 2023 жылы «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ 2022 жылы 77-орыннан көтеріліп, әлемнің 100 негізгі мұнай-газ компаниясы арасында 37-орынға ие болды.

Task Force on Climate-related Financial Disclosures (TCFD)

Климаттың өзгеруіне байланысты қаржылық ақпаратты ашу жөніндегі жұмыс тобының, TCFD-ның ұсыныстарына сәйкес климаттық тәуекелдерді ашу.

Парниктік газдар шығарындылары бойынша есептіліктің қамтуын кеңейту

Парниктік газдар бойынша есептілікті жетілдіру және парниктік газдар шығарындыларын басқару жүйесін жақсарту мақсатында ҚМГ компаниялар тобы бойынша парниктік газдардың жанама шығарындыларын түгендеу бойынша 12 санат бойынша 3-қамту жұмыстары жүргізілді, сондай-ақ оны кейіннен ҚМГ парниктік газдар шығарындылары бойынша мониторинг және есептілік әдістемесіне енгізу мақсатында ақпарат жинау әдістемесі әзірленді.

Нәтижесі

Парниктік газдар шығарындыларын сандық бағалаудың корпоративтік әдістемесі енгізілді.

Score бойынша парниктік газдар шығарындыларын есептеу әдістемесі әзірленуде.

Басым міндеттер
ҚМГ үлесі

ҚҰРЛЫҚ ЭКОЖҮЙЕЛЕРІН ҚОРҒАУ ЖӘНЕ ҚАЛПЫНА КЕЛТІРУ ЖӘНЕ ОЛАРДЫ ҰТЫМДЫ ПАЙДАЛАНУҒА ЖӘРДЕМДЕСУ, ОРМАНДЫ ҰТЫМДЫ ПАЙДАЛАНУ, ШӨЛЕЙТТЕНУГЕ ҚАРСЫ КҮРЕС, ЖЕРДІҢ ТОЗУ ПРОЦЕСІН ТОҚТАТУ ЖӘНЕ КЕРІ ҚАЙТАРУ ЖӘНЕ БИОЛОГИЯЛЫҚ ӘРТҮРЛІЛІКТІҢ ЖОҒАЛУ ПРОЦЕСІН ТОҚТАТУ

15.3. Шөлейттенуге қарсы күрес жүргізу, тозуға ұшыраған жерлер мен топырақты, соның ішінде шөлейттену, құрғақшылық және су тасқынынан зардап шеккен жерлерді қалпына келтіру және жердің жағдайын нашарлатпауға тырысу

ҚМГ ластаушы заттардың төгінділерін азайтуға және табиғи көздерден су алуды азайтуға бағытталған жобалар мен іс-шараларды іске асыруда.

Carbon Disclosure Project

Компания су ізін есептейді және CDP алаңында су қауіпсіздігі сауалнамасын орналастырады. ҚМГ компаниялар тобы бойынша Су ресурстарын басқару бағдарламасы әзірленуде.

TAZALYQ

АМӨЗ Атырау қаласының қоршаған ортасының жай-күйін жақсартуға арналған TAZALYQ ауқымды экологиялық жобасын белсенді түрде іске асыруда.

Тұщыландыру зауыттарын салу

Қатты суды тұщыландыру зауыты Маңғыстау облысын сумен қамтамасыз ету мәселесін шешудегі бірегей жоба болып табылады. Зауыт өңірді дамыту үшін жылына кемінде 6,2 млн м³ көлемінде Еділ суының көлемін шығарады.

Маңғыстау облысының «Кендірлі» демалыс аймағы ауданындағы тұщыландыру зауыты. Болжалды қуаты тәулігіне 50 мың м³ суды құрайды.

Жерді қалпына келтіру

Компанияда «тарихи» мұнай қалдықтарын қалпына келтіру және мұнаймен ластаған жерлерді тазарту жұмыстары жүргізілуде.

Нәтижесі

TAZALYQ: жоба аясында АМӨЗ-де «Механикалық тазарту құрылыстарын (жабық үлгідегі МТҚ) қайта құру» жобасын іске асыру аяқталуға жақын. Қазіргі уақытта 1-кезеңді іске асыру аяқталып, жобаның 2-кезеңінің құрылысы аяқталуда.

«Нормативтік-тазартылған ағындардың арнасын қайта құру және АМӨЗ булану алқаптарын қалпына келтіру» жобасы іске асырылуда. Булану өрістері кезең-кезеңмен жұмыс жүргізілетін 4 секторға бөлінген. 1 және 2-секторлар толығымен құрғатылған және қалпына келтірілген. АМӨЗ ақаба суларын АМӨЗ булану алаңдарына ағызған қолданыстағы ашық каналдың орнына құбыр орнатылды.

15.5. Табиғи мекендеу орындарының тозуын тежеу, биологиялық әртүрліліктің жоғалуын тоқтату және жойылып кету қаупі төнген түрлердің сақталуын және жойылып кетуін болдырмау үшін маңызды шаралар қабылдау

Орман-климаттық жобалар

ҚМГ-ның 2031 жылға дейінгі Төмен көміртекті даму бағдарламасы шеңберінде құрлық экожүйелерін сақтауға қолайлы әсер ететін орман-климаттық жобаларды іске асыру жоспарлануда.

Биоәртүрлілікке әсерді азайту шараларының иерархиясы

Компанияда өндірістік қызметті жоспарлау мен жүзеге асыру кезінде мынадай төрт негізгі әрекет ескеріле отырып, биоәртүрлілікке әсер етудің салдарын азайту шараларының иерархиясы қолданылады: ықтимал елеулі тікелей әсерлердің алдын алу, азайту, қалпына келтіру және өтеу.

Биоәртүрлілікті сақтау бағдарламасы

Биоәртүрлілікті сақтауға байланысты мақсаттар мен мерзімдерді, биоәртүрлілікті сақтау мәселелері бойынша жергілікті немесе халықаралық табиғат қорғау ұйымдарымен ынтымақтастықты қамтитын Биоәртүрлілікті сақтау бағдарламасын әзірлеу.

Нәтижесі

Павлодар облысында 2000 га алқапта учаске айқындалды, парниктік газдарды сіңіру әлеуеті бағалануда.



ОРНЫҚТЫ ДАМУ МҮДДЕСІНДЕ ЖАҒАНДЫҚ ӘРІПТЕСТІК ШЕҢБЕРІНДЕ ЖҰМЫСТЫ ЖҮЗЕГЕ АСЫРУ ҚҰРАЛДАРЫН НЫҒАЙТУ ЖӘНЕ ЖАНДАНДЫРУ

17.1. Салықтар мен басқа да кірістерді жинау бойынша ұлттық мүмкіндіктерді арттыру мақсатында ішкі көздерден алынатын, оның ішінде дамушы елдердің халықаралық қолдауының арқасында алынатын ресурстарды жұмылдыруды күшейтеу

ҚМГ **GRI стандартына және Country by country OECD Action 13 бастамасына** сәйкес салықтар туралы ақпаратты ашады.

Мемлекеттердің пайдасына аударымдар

Компания жыл сайын Есепте мемлекеттердің пайдасына мынадай төлем түрлері бойынша төлемдер бойынша ақпарат ұсынады:

• Салықтар

Тау-кен салығынан басқа барлық салықтар.

• ПҚӨС

Пайдалы қазбаларды өндіруге салынатын салық жер қойнауын пайдаланушының өндірілетін минералдық шикізаттың, мұнайдың, жер асты суларының және емдік балшықтардың әрбір түрі бойынша жеке-жеке міндетті төлемі болып табылады.

Жер қойнауын пайдаланушы салық кезеңінде өндірген шикі мұнайдың, газ конденсатының және табиғи газдың нақты көлемі пайдалы қазбаларды өндіруге салық салу объектісі болып табылады.

• Қол қою бонусы

Қол қою бонусы жер қойнауын пайдаланушының келісімшарттық аумақта (жер қойнауы учаскесінде) жер қойнауын пайдалану құқығын сатып алғаны үшін, сондай-ақ Қазақстан Республикасының заңнамасында айқындалған тәртіппен келісімшарттық аумақты (жер қойнауы учаскесін) кеңейту кезінде біржолғы тіркелген төлемі болып табылады.

• Өзге төлемдер

Басқа төлемдер мемлекеттерге барлық басқа төлемдерді, соның ішінде экспорттық кедендік бажды қамтиды.

Нәтижесі

«ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ мемлекетке төлемдер саласындағы ашықтықты арттыру, сектордан түсетін кірістер мәселелерінде өндіруші компаниялардың жауапкершілігін күшейту, өңірлердегі компания қызметі туралы халықтың хабардарлығын арттыру бойынша үздік әлемдік тәжірибелерді ұстанады.

17.16. Барлық елдерде, әсіресе дамушы елдерде орнықты даму мақсаттарына қол жеткізуді қолдау үшін білімді, тәжірибені, технологияны және қаржылық ресурстарды жұмылдыратын және тарататын көптеген мүдделі тараптардың қатысуымен серіктестіктермен толықтырылған орнықты даму мүдделерінде Жағандық серіктестікті нығайту

БҰҰ ОДМ іске асыру мақсатында ҚМГ салалық компаниялармен, халықаралық агенттіктермен белсенді ынтымақтасады және энергия үнемдеу, еңбекті қорғау және қоршаған ортаны қорғау, климаттық өзгерістерге қарсы күрес, шығарындыларды азайту, сондай-ақ жасыл энергетиканы және басқа да осыған ұқсас бағыттарды ілгерілету саласындағы мемлекетаралық ұйымдардың қатысушысы болып табылады.

17.17. Әріптестердің ресурстарын пайдалану тәжірибесі мен стратегияларына сүйене отырып, мемлекеттік ұйымдар, мемлекеттік және жеке секторлар мен азаматтық қоғам ұйымдары арасындағы тиімді әріптестікті ынталандыру және көтермелеу

ESG ТӘУЕКЕЛДЕРІН БАСҚАРУ

Компанияда бизнесті жүргізудің және Компанияны басқарудың негізгі үдерістеріне интеграцияланған және ҚМГ құнының өсуі, оның табыстылығы мен тәуекелдері арасындағы оңтайлы теңгерімге қол жеткізуге бағытталған тәуекелдерді басқарудың корпоративтік жүйесі (ТБКЖ) енгізілді және тиімді жұмыс істейді. Компаниядағы тәуекелдерді басқару стратегиялық және операциялық мақсаттарға қол жеткізуге әсер ететін қауіпті оқиғаларды болдырмауға және олардың пайда болу әсерін шектеуге мүмкіндік береді.

ТБКЖ ҚМГ корпоративтік басқару жүйесінің негізгі құрамдас бөлігі болып табылады, оның барлық басқару деңгейлерінде тәуекелдерді басқарудың тік процесі құрылған және барлық елеулі тәуекелдерді уақтылы сәйкестендіруге, бағалауға және мониторингілеуге, сондай-ақ тәуекелдер деңгейін төмендету бойынша уақтылы және барабар шаралар қабылдауға бағытталған.

Директорлар кеңесі Директорлар кеңесінің Аудит жөніндегі комитетінің қолдауымен Компанияның стратегиялық мақсаттарына сәйкестік кепілдігін, Компанияның негізгі тәуекелдерін уақтылы сәйкестендіруді, оларды бағалау мен басқару әдістерін қамтамасыз ету үшін тәуекелдерді басқаруды дамытудың негізгі векторын айқындайды, сондай-ақ тәуекелдерді басқару жүйесінің тиімділігі жөніндегі есептерді қарайды.


Басқарма ТБКЖ ұйымдастыру мен оның тиімді жұмыс істеуіне, Қорғау, Аудит жөніндегі комитетке және Директорлар кеңесіне тәуекелдер бойынша тоқсан сайынғы есептерді уақтылы ұсынуға, ТБКЖ саясатының іске асырылуын қамтамасыз етуге, Компанияның тәуекелдерді басқару саласындағы ішкі нормативтік құжаттарды жетілдіруге және тәуекелдерді басқару бойынша қажетті шараларды қабылдауға жауапты болады. Басқарма жанынан Тәуекелдер жөніндегі комитет жұмыс істейді, ол тұрақты жұмыс істейтін консультативтік-кеңесші орган болып табылады және ҚМГ компаниялар



тобының тәуекелдерді басқару мәселелерін алдын ала қарау және олар бойынша ҚМГ Басқармасына шешімдер қабылдау үшін ұсынымдар дайындау үшін құрылған. Комитет Компанияның тәуекелдерін және оларды басқару жөніндегі шаралардың тиімділігін, тәуекелдерді басқару жөніндегі әдіснамалық құжаттарды, тәуекелдерді басқару саясатын, рәсімдерін және құрылымын дамыту жөніндегі ұсыныстарды; тәуекелдерді басқарудың жаңа тәсілдерін, ТБКЖ жетілдіру жөніндегі жұмыс жоспарларын қарайды.


ҚМГ-дағы үш қорғаныш желісінің тұжырымдамасына сәйкес бірінші қорғаныш желісі (бизнес-функциялар) – құрылымдық бөлімшелердің басшылары мен қызметкерлері – тәуекелдерді өз деңгейінде бағалауға және басқаруға, сондай-ақ ішкі бақылаудың тиімді жүйесін қамтамасыз етуге жауапты болады; екінші қорғаныш желісі (мониторинг функциялары) – құрылымдық бөлімшелердің басшылары мен қызметкерлері – тәуекелдерді басқарудың, ішкі бақылаудың, заңнаманың, ішкі құжаттардың сақталуының тиімді практикасын енгізуді қамтамасыз ету мен қадағалау және ҚМГ қызметкерлері тарапынан жосықсыз әрекеттер фактілерін тергеу; үшінші қорғаныш желісі (тәуелсіз функция) – Ішкі аудит қызметі – ҚМГ Директорлар кеңесі мен Басқармасына бірінші және екінші қорғаныш желілерінің басқару жүйелері мен жұмысының тиімділігі туралы растауды ұсынады.


ҚМГ компаниялар тобының қызметіне тән басталуы жоспарланған мақсаттарға қол жеткізу және қойылған міндеттерді іске асыру қабілетіне теріс әсер етуі мүмкін тәуекелдерді/тәуекел факторларын сәйкестендіруді, оларды басқару жөніндегі іс-шаралар жоспарын бағалау мен әзірлеуді барлық басқару деңгейлерінде тәуекел/тәуекел факторларының иелері жүзеге асырады. 2023 жылы Компания тәуекелдердің шоғырландырылған тіркелімін, оның ішінде ҚМГ компаниялар тобының орнықты дамуына әсер ететін тәуекелдерді өзектендірді.

НЕГІЗГІ ESG ТӘУЕКЕЛДЕРІ ЖӘНЕ ТӘУЕКЕЛДЕРДІ БАСҚАРУ ЖӘНЕ АЗАЙТУ ҮШІН ҚАБЫЛДАНАТЫН ШАРАЛАР

Тренд (бір жыл ішінде)	Тәуекел мен ықтимал салдардың сипаттамасы	Тәуекелді азайту және тәуекелді басқару үшін қабылданатын шаралар
Экологиялық аспектілер		
	<p>Климаттық қауіптер және төмен көміртекті даму</p> <p>Компания өз қызметінде энергияға ауысу мен климаттың өзгеруіне байланысты тәуекелдерге тап болады, олар мынадай қауіп факторларын қамтиды:</p> <ol style="list-style-type: none"> 1. Энергия ауысуымен байланысты тәуекелдер (көміртегі бірліктерін сатудағы шектеулер, іс-шараларды іске асыруға қомақты шығындар, төмен көміртекті жобалардың төмен рентабельділігі, заңнамалық және рұқсат беру нормативтерінің болмауы, электр энергиясына тарифті арттыру). 2. Климаттың өзгеруінің Компанияға физикалық әсері (қысқа мерзімді: су тасқыны, көшкін, сел, құрғақшылық, өрт, дауыл; жүйелі: ауаның қалыптан тыс жоғары температурасының ұзақ кезеңі, теңіз деңгейінің көтерілуі және жағалау ұңғымаларын су басу, Каспий теңізі деңгейінің төмендеуі). <p>Әсері:</p> <p>Бұл тәуекелдер Компанияның қазба отындарының ірі өндірушісі және парниктік газдар эмитенті ретіндегі қызметіне шығындардың өсуі, кірістіліктің төмендеуі және одан әрі даму мүмкіндіктерін шектеу түрінде теріс әсер етуі мүмкін.</p> <p>Жекелеген контрагент елдерде жаңартылатын көздерден энергия өндіру көлемінің өсуін күтуге болады, бұл Компания жеткізетін өнімді тұтынудың төмендеуіне әкелуі мүмкін.</p>	<p>Климаттың өзгеруіне және оның салдарына байланысты тәуекелді азайту шеңберінде ҚМГ компаниялар тобында мынадай іс-шаралар жүзеге асырылады және іске асырылған:</p> <ol style="list-style-type: none"> 1. 2023 жылы Еуропалық Қайта құру және даму банкінің қолдауымен климат саласындағы корпоративтік басқаруды жетілдіру жөніндегі іс-қимыл жоспары әзірленді (TCFD ұсынымдарына сәйкес); 2. Baker Hughes-пен көміртекті ұстау және сақтау (CCUS) туралы өзара түсіністік туралы келісімге қол қойылды; 3. Күн электр станцияларын салу жобасы бойынша «Самұрық-Энерго» АҚ-мен ынтымақтастық туралы меморандумға қол қойылды; 4. Ішкі көміртекке баға белгілеудің жаңартылған бағдарламасы бекітілді; 5. Жасыл жобаларға инвестициялар жөніндегі корпоративтік стандарттың жобасы дайындалды; 6. Корпоративтік мүдделерді ескере отырып, төмен көміртекті даму, энергия тиімділігі және энергия үнемдеу, ЖЭК және баламалы энергетика саласындағы заңнамалық базаны жетілдіру жөніндегі жұмыс топтарына қатысу; 7. CO₂ ұстау, пайдалану және сақтаудың «толық тізбегін» құру бойынша пилоттық жобаны іске асыру әлеуетін бағалау (2-кезең); 8. Орман-климаттық жоба іске асырылуда. Stantec компаниясы мердігер болып айқындалды; 9. Компанияның парниктік газдар шығарындыларының мониторингі мен есептілігі жөніндегі әдістемеге имплементациялау мақсатында Парниктік газдар шығарындыларын түгендеу әдістемесі (3-қамту) әзірленді; 10. «Орталық Азия энергетикасы» жобасын іске асыратын Tetra Tech Inc корпорациясымен меморандум жасалды. (Компания объектілеріндегі метан шығарындыларының көздерін түгендеу және шығарындылар көлемін азайту мақсатында). 11. ҚМГ мұнай-газ компаниялары арасында метан шығарындылары бойынша есептілік бойынша OGMP 2.0 (Мұнай-газ метаны бойынша әріптестік) бастамасына қосылды.

Тренд (бір жыл ішінде)	Тәуекел мен ықтимал салдардың сипаттамасы	Тәуекелді азайту және тәуекелді басқару үшін қабылданатын шаралар
	<p>Экологияға теріс әсер ету қаупі</p> <p>Компанияның қоршаған ортаға қолайсыз экологиялық әсер ету қаупіне және экологиялық заңнама талаптарын сақтамағаны үшін міндеттемелерді қатаңдату қаупіне ұшырау мүмкіндігі бар.</p> <p>Әсері:</p> <p>Экологиялық тәуекелдің іске асуы айыппұлдар, нормативтен тыс төлемдер, қоршаған ортаны қалпына келтіру шығындары түріндегі қаржылық шығындарға, сондай-ақ заңды жауапкершілікке және әлеуметтік-экологиялық шиеленісті арттыруға әкелуі мүмкін.</p>	<p>Қоршаған ортаны қорғау саласында Компания үшін басым бағыттар мыналар болып табылады:</p> <ul style="list-style-type: none"> • атмосфералық ауаға шығарындыларды басқару және шикі газды алаулатып жағуды азайту; • су ресурстарын басқару; • өндіріс қалдықтарын басқару; • жерді қалпына келтіру; • энергия тиімділігін арттыру. <p>Қоршаған ортаға қолайсыз экологиялық әсер ету қаупін азайту үшін Компания мыналарды жүзеге асырады:</p> <ul style="list-style-type: none"> • жобаларды басқаруға және экологиялық көрсеткіштерді жақсарту үшін тәуекелге бағытталған тәсілге негізделген маңызды экологиялық аспектілерді алдын ала басқару; • экологиялық мәселелер бойынша мүдделі тараптармен өзара іс-қимыл жасау; • ЕТҰ қалдықтарын кәдеге жарату және өңдеу мақсатында уәкілетті органмен қол қойылған қоршаған ортаны қорғау саласындағы ынтымақтастық туралы меморандумды іске асыру; • жиналған қалдықтарды түгендеу және ластанған жерлерді қалпына келтіру жобаларын мониторингілеу; • корпоративтік экологиялық бағытты толыққанды дамыту, сондай-ақ Компанияның жасыл экономика қағидаттарына бейілділігін қамтамасыз ету; • ЕТҰ-ға ең үздік қолжетімді технологияларды (ҮДТ) және экологиялық мониторингтің автоматтандырылған ақпараттық жүйесін (АМЖ) енгізу бойынша жұмыс жүргізілуде.
	<p>Теңіз операцияларын жүргізу кезіндегі мұнайдың төгілу қаупі</p> <p>Технологиялық режимнің бұзылуы, құбырлардағы авариялар, өндірістік және технологиялық жабдықтардың штаттан тыс жұмысы, барлау және бағалау ұңғымаларын бұрғылау кезіндегі газ-мұнай көріністері, сондай-ақ Каспий теңізі экожүйесінің тұйықталуы, таяз су, кен орнындағы қалыптан тыс жоғары қабат қысымы, күкіртсутегінің жоғары болуы және жер бетінің маусымдық қатуы мұнай төгілуіне әкелуі мүмкін.</p> <p>Әсері:</p> <p>Бұл факторлар қоршаған ортаға айтарлықтай зиян келтіруі, өндіріс процесін тоқтатуы және авариялар мен авариялардың салдарын жоюға арналған қаржылық шығындарға әкелуі мүмкін.</p>	<p>Мұнай төгілу қаупін азайту мақсатында Компания мынадай іс-шараларды жүргізеді:</p> <ol style="list-style-type: none"> 1. Технологиялық режимдердің сақталуын тұрақты бақылау және мониторинг. 2. Өндірістік және технологиялық жабдықтар мен құбырлардың жұмыс істеуін тұрақты бақылау. Жоспарлы-алдын алу жөндеулерін және техникалық қызмет көрсетуді уақтылы жүргізу. 3. Мұнайдың авариялық төгілуін жоюға дайындық, ҚР ТЖ министрлігімен бірлесіп 1, 2 және 3-деңгейдегі оқу-жаттығуларды оқыту және өткізу. 4. Төгілуге ден қоюдың Солтүстік Каспий экологиялық базасының тиімді жұмыс істеуін қамтамасыз ету. 5. Жойылған ұңғымалардың жай-күйіне мониторинг жүргізу. 6. Тиісті ұсынымдармен және түзетулер енгізе отырып, жоспарлы-алдын алу іс-шараларын қарау жөніндегі ҚК ӨБК комитеттеріне, жұмыс топтарына қатысу.

Тренд (бір жыл ішінде)	Тәуекел мен ықтимал салдардың сипаттамасы	Тәуекелді азайту және тәуекелді басқару үшін қабылданатын шаралар
	<p>Өндірістік объектілердегі авариялық жағдайлардың, техногендік апаттардың қаупі</p> <p>Компанияның өндірістік қызметінің әлеуетті қаупі бар. Авариялық және штаттан тыс жағдайлар, өндірістік объектілердегі техногендік апаттар нәтижесінде мүлікке, үшінші тұлғаларға және қоршаған ортаға зиян келтіру қаупі бар.</p> <p>Есепті кезеңде «Ембімұнайгаз» АҚ Мұнай-газ өндіру басқармасында апат тіркелді: 2023 жылғы 16 қарашада бұрғылау процесінде ұңғымадан өзек алу кезінде газ-мұнай-су белгілері (ГМСБ) орын алды. Зардап шеккендер жоқ.</p> <p>Әсері:</p> <p>Өндірістегі апаттар мынадай салдарға әкелуі мүмкін:</p> <ol style="list-style-type: none"> 1. Қызметкерлердің жарақаттары мен өлімі 2. Жабдықтардың, ғимараттар мен құрылыстардың ішінара немесе толық бұзылуы 3. Қоршаған ортаға әсерді жоюға, өртті сөндіруге, өндірісті қалпына келтіруге арналған шығыстар 4. Қоршаған ортаға нормативтен тыс әсері үшін айыппұлдар төлеу. 	<p>Ұңғымаларды бұрғылау жұмыстарын жүргізу кезінде оқыс оқиғаларды болдырмау мақсатында мынадай алдын алу шаралары қабылданады:</p> <ul style="list-style-type: none"> • геологиялық сипаттамаларды нақтылау бойынша зерттеулер; • бұрғылау ерітіндісін тұтыну параметрлерін, бұрғылау ерітіндісіндегі газ концентрациясының көрсеткіштерін және технологиялық процесті бақылау; • ұңғымалардың құрылысын авторлық қадағалау мамандарының бұрғылау ерітіндісін дайындаудың рецептурасы мен әдістемесін міндетті бақылау; • ГМСБ ерте анықтау үшін тікелей және жанама белгілерді бақылау; • Түсіру-көтеру операцияларын жүргізу процесінде толтырылатын (ығыстырылатын) бұрғылау ерітіндісі көлемдерінің көтерілетін (түсірілетін) бұрғылау құбырларының көлеміне сәйкестігін тексеру. <p>Өндірістік тәуекелдерді азайту мақсатында Компания:</p> <ul style="list-style-type: none"> • нормативтік құжаттардың талаптарына сәйкес жабдыққа техникалық қызмет көрсетуді және жөндеуді уақтылы жүргізуді қамтамасыз етеді; • ықтимал қауіпті факторларды уақтылы диагностикалау және анықтау, сондай-ақ өндірістік объектілердің өнеркәсіптік қауіпсіздігіне сараптама жүргізу; • Қызмет мерзімі өткен жабдықтардың өнеркәсіптік қауіпсіздігіне сараптама жүргізу жөніндегі іс-шаралардың орындалуын бақылау; • жабдықтарды (техникалық құрылғыларды) қауіпсіз пайдалану бойынша нұсқама жүргізеді; • Біліктілік куәліктерін бере отырып, қауіпсіз пайдаланудың техникалық регламентінің талаптарын білуін тексереді (рұқсат береді). <p>Жыл сайын сақтандыру жағдайының басталуы нәтижесінде мүлікті залалдан (кездейсоқ жойылу, жоғалту немесе бүліну қаупінен) ерікті сақтандыру шарттары жасалады.</p>

Тренд (бір жыл ішінде)	Тәуекел мен ықтимал салдардың сипаттамасы	Тәуекелді азайту және тәуекелді басқару үшін қабылданатын шаралар
Әлеуметтік аспект		
	<p>Өндірістік жарақат алу қаупі</p> <p>Қызметкерлердің еңбекті қорғау саласында белгіленген ережелерді сақтамауы, өндірістік тәртіпті бұзу қызметкерлердің өміріне қауіп төндірудің және денсаулығына зиян келтірудің көзі болып табылады.</p> <p>2023 жылдың қорытындысы бойынша ҚМГ компаниялар тобының 29 қызметкері зардап шекті, 2022 жылмен салыстырғанда 19%-ға төмендеу байқалады.</p> <p>2023 жылы мердігер ұйымдардың қатысуымен еңбек ету қабілетінен айыратын жазатайым оқиғалардың ұлғаюына байланысты ӨҚ, ЕҚОҚ саласындағы тәуекелдерді азайтуға бағытталған мердігер ұйымдармен өзара іс-қимыл процестерін жақсарту бойынша шаралар қабылдануда.</p> <p>Әсері:</p> <p>Қауіпсіздік және еңбекті қорғау ережелерін бұзу денсаулыққа зиян келтіруге, сондай-ақ өндірістің бұзылуына, қаржылық шығындарға және Компанияның іскерлік беделіне нұқсан келтіруге әкелуі мүмкін.</p> <p>Қосымша ақпарат – «Денсаулық сақтау, өнеркәсіптік қауіпсіздік және қоршаған ортаны қорғау» бөлімінде.</p>	<p>Өндірістегі жазатайым оқиғаларды болдырмау мақсатында Компания мыналарды қамтамасыз ететін ұйымдастыру-техникалық іс-шараларды жүргізеді:</p> <ul style="list-style-type: none"> • жұмыстарды қауіпсіз жүргізу, өндірістік жарақаттанудың және кәсіптік аурулардың алдын алу; • оқытуды және білімді тексеруді уақтылы жүргізу; • еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау саласындағы ішкі бақылау; • еңбекті механикаландырудың жаңа технологиялары мен құралдарын енгізу; • өндірістік объектілердің өнеркәсіптік қауіпсіздік деңгейін арттыру; • «Қорғау» картасын және жұмыс істеу мен жүргізу мінез-құлқын бақылау карталарын пайдалану арқылы Near Miss салдарсыз оқиғалар бойынша есеп беру бағдарламасы іске асырылуда. • ЕТҰ-да Жұмыс қауіпсіздігі бойынша мінез-құлықты бақылау бағдарламасын және Жүргізу қауіпсіздігі бойынша мінез-құлықты бақылау бағдарламасын іске асыру бойынша жұмыс жалғасуда; • бірқатар ЕТҰ-да өндірістік қауіпсіздік және еңбекті қорғау саласында кешенді тексерулер жүргізілді.

Тренд
(бір жыл
ішінде)

Тәуекел мен ықтимал
салдардың сипаттамасы

Тәуекелді азайту және тәуекелді
басқару үшін қабылданатын шаралар



Пандемия қаупі

Жаңа вирустардың/штамдардың пайда болуы жұмысшылардың денсаулығына қауіп төндіреді. Қазақстан Республикасында коронавирустық инфекциямен (КВИ) сырқаттанушылық бойынша эпидемиологиялық жағдай салыстырмалы түрде қолайлы, ауруға шалдығушылық деңгейі төмендегені байқалды. 2023 жылдың мамырында Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымы COVID-19 үшін «Халықаралық маңызы бар денсаулық сақтау саласындағы төтенше жағдай» мәртебесін алып тастады. Алайда, бұл вирус қауіп төндірмейді дегенді білдірмейді.

Әсері:

1. ҚМГ компаниялар тобында ауру жұқтырудың таралуы және байланыста болған тұлғалар санының ұлғаюуы.
2. Наразылық, жұмысқа барудан бас тарту, жалған ақпарат, дүрбелең және наразылық сезімдері, ксенофобия.
3. Денсаулыққа зиян, уақытша еңбекке жарамсыздық, өлім, өтемақы төлеу.
4. Білікті операциялық персоналдың және инженерлік-техникалық қызметкерлердің болмауы немесе жетіспеушілігі (еңбек өнімділігінің төмендеуі).
5. Жұқтырған және байланысқан адамдарды мәжбүрлеп оқшаулау және ауруханаға жатқызу, мемлекеттік органдар тарапынан шектеу шаралары (карантинге жабу).

Ағымдағы эпидемиологиялық жағдайға және нақты өңірдегі эпидемиологиялық тәуекел аймағына байланысты корпоративтік орталық пен ЕТҰ-да бас мемлекеттік санитариялық дәрігерлердің қолданыстағы қаулыларының талаптары мен ұсынымдары орындалады.

Жаңа штамдардың таралуына байланысты жағдай нашарлаған жағдайда, ҚМГ және оның ЕТҰ қызметінің әзірлігі мен үздіксіздігін қамтамасыз ету үшін бекітілген алгоритмдерге сәйкес іс-шаралар кешені іске асырылуда.

Тренд
(бір жыл
ішінде)

Тәуекел мен ықтимал
салдардың сипаттамасы

Тәуекелді азайту және тәуекелді
басқару үшін қабылданатын шаралар



Терроризм қаупі

ҚМГ қызметкерлеріне, мердігерлері мен активтеріне қарсы бағытталған террористік және өзге де зорлық-зомбылық акциялары

Әсері:

Компания – Компания активтеріне қатысты террористік актілер мен басқа да қылмыстық әсерлер жасау ықтималдығы бар бірқатар елде қызмет атқарады. Есепті кезеңде ҚМГ компаниялар тобында осы тәуекелдің іске асу фактілері анықталған жоқ.

Компанияда алдын алу шараларының кешені іске асырылады, оның ішінде:

- техникалық қауіпсіздік құралдарының, хабарлау жүйелерінің жай-күйін, эвакуациялау схемаларының өзектілігін, шығу жолдарының және эвакуациялау жолдарының ағымдағы жай-күйін тексеру;
- күзет және сервистік қызмет қызметкерлерін объектілердің терроризмге қарсы қорғалуы және төтенше жағдайлар туындаған кезде жеке қауіпсіздікті қамтамасыз ету мәселелері бойынша оқыту.
- ЕТҰ объектілерінің физикалық қауіпсіздігі және терроризмге қарсы қорғалуы тұрғысынан тексеру.
- объектілерді терроризмге қарсы қорғауды және дене қауіпсіздігін қамтамасыз ету мәселелері бойынша құқық қорғау және арнайы органдармен өзара іс-қимыл;
- ҚМГ объектілерінде жұмысқа жіберілген мердігерлік ұйымдардың қызметкерлеріне қатысты тексеру іс-шараларын жүзеге асыру.
- объектілерде штаттан тыс жағдайлар туындаған кезде күзет персоналының, сервистік және техникалық бөлімшелердің іс-әрекеттері бойынша оқу-жаттығу сабақтарын өткізу;
- видеобақылау жүйелеріне, интеграцияланған қауіпсіздік жүйесіне, кіруді бақылау мен басқару жүйесіне және шлагбаумдарға қызмет көрсетудің регламенттік жұмыстарына қызмет көрсету бойынша бақылауды қамтамасыз ету;
- әртүрлі ТЖ туындаған жағдайдағы іс-әрекеттер бойынша күзет қызметкерлерінің білімін тексеру;
- өткізу және объектішілік режимді ұйымдастыру бойынша әзірленген регламенттерді өзекті күйде ұстау;
- терроризмге қарсы іс-қимыл саласындағы заңнаманың талаптарына сәйкес террористік тұрғыдан осал объектілерге паспорттау жүргізу.

Тренд
(бір жыл
ішінде)

Тәуекел мен ықтимал
салдардың сипаттамасы

Тәуекелді азайту және тәуекелді
басқару үшін қабылданатын шаралар



Қатысу аймақтарындағы әлеуметтік жағдай

Компанияда рұқсат етілмеген ереуілдер қаупі бар.

Әсері:

Компанияның беделіне теріс әсер, өндірістік қызметтің бұзылуына және операциялық шығындардың жоғарылауына, сондай-ақ күрделі шығындар мен жобалар кестесіне әсер. Шикізат тауарларына бағаның өсуі, ел ішіндегі инфляцияның неғұрлым жоғары деңгейі немесе теңгенің әлсіреуі еңбекақы мөлшерінің өзгеруіне қатысты келіссөздерге әсер етуі мүмкін.

2023 жылы мердігерлік ұйымдардың қызметкерлері мен ЕТҰ-ның кейбір қызметкерлері арасында бірқатар рұқсат етілмеген ереуілдер болды. Кәсіподақ комитеттерінің жетекшілерімен келіссөздер және еңбек ұжымдарымен кездесулер, сондай-ақ Компания қызметкерлері мен мердігерлер арасындағы жалақы алшақтығын азайту шаралары жүргізілді.

2023 жылдың қорытындысы бойынша Маңғыстау облысы бойынша ҚМГ ЕТҰ мен олардың мердігерлік ұйымдарында ереуілдер саны 59%-ға төмендеді (2023 жылы 9 ереуіл болды, ал 2022 жылы – 22).

Әлеуметтік тәуекелдерді төмендету үшін Компанияда мынадай іс-шаралар жүзеге асырылады:

1. Маңғыстау облысы бойынша әлеуметтік-еңбек жанжалдарын уақтылы реттеу үшін Ақтау қаласындағы ҚМГ өкілдігі жұмыс істейді. ҚМГ Маңғыстау облысы Жаңаөзен қаласының проблемалық мәселелерін шешу бойынша ведомствоаралық штабтың жұмысына қатысады.
2. ҚМГ кәсіпорындары мен олардың мердігерлік ұйымдарындағы әлеуметтік ахуалды үздіксіз бақылау ұйымдастырылды. Наразылық акцияларын реттеу жөніндегі әзірленген іс-қимыл алгоритмі шеңберінде үкілетті мемлекеттік органдармен бірлесіп бірыңғай ұстаным әзірленді. Ықтимал жанжалдардың алдын алу және әлеуметтік жағдайды жақсарту мақсатында ҚМГ ЕТҰ мердігерлік ұйымдарында өндірістік қатынастар (Industrial Relations) бағыты бойынша тұрақты бақылау ұйымдастырылған.
3. ЕТҰ жұмыскерлердің еңбек және демалыс жағдайларын жақсарту, іске асыру кезеңі 2023–2027 жылдарға арналған жол карталарын әзірледі, ол әлеуметтік-тұрмыстық инфрақұрылым объектілерін салуды және қолданыстағы әлеуметтік инфрақұрылым объектілеріне күрделі жөндеу жүргізуді қамтиды. 2023 жылы корпоративтік орталық барлық ЕТҰ үшін SRS жақсарту жөніндегі жоспардың бірыңғай нысанын әзірледі (Samruk Research Services), сондай-ақ ЕТҰ-ға бару практикасы және тұрақтылық деңгейін арттыру жөніндегі іс-шаралар жоспарларын әзірлеуге жәрдемдесу енгізілді. Ағымдағы жылы «ПКОП» ЖШС ӘӨҚО-мен бірлесіп тереңдетілген әлеуметтанулық зерттеулер жүргізді. 2023 жылдың қорытындысы бойынша SRS индексі 75%-ды құрады.
4. ҚМГ тобында Ішкі коммуникациялардың бірыңғай жүйесі (Регламент) жұмыс істейді. Барлық кәсіпорындарда басшылықтың еңбек ұжымымен әлеуметтік, тұрмыстық, өндірістік мәселелерді талқылауға және шешімдердің нұсқаларын бірлесіп әзірлеу үшін міндетті жоспарлы кездесулері өткізіледі. 2023 жылы ҚМГ ЕТҰ-ның 14 000 қызметкерін қамтумен 101 есептік кездесу өткізілді, онда қызметкерлер 500-ден астам сұрақ қойды, барлығы бойынша түсініктемелер берілді.
5. ҚМГ Маңғыстау облысындағы жұмыссыздықты төмендетуге белсенді жәрдемдеседі. 2023 жылдың басынан бастап ҚМГ өкілдігін тікелей үйлестіру кезінде Маңғыстау облысының әкімдігімен бірлесіп ЕТҰ мен ҚМГ мердігерлік ұйымдарына 2 216 адам жұмысқа орналастырылды. Сондай-ақ ҚМГ мен Abu-Dhabi Ports Group (ADP) компаниясы қол қойған келісім шеңберінде облыс тұрғындары арасында ADP-де бос лауазымдарға орналасуға конкурс басталды.
6. Еңбек ұжымдарын шоғырландыру, командалық рухты және саламатты психологиялық атмосфераны қалыптастыру мақсатында корпоративтік мәдениетті дамыту үшін үнемі түрлі іс-шаралар өткізіледі (ҚМГ барлық ЕТҰ қатысуымен ҚМГ спартакиадасы, «Үздік маман» кәсіби шеберлік конкурсы).
7. Жаңаөзен қаласы жастарының білім деңгейін арттыру үшін еліміздің үздік мамандандырылған мектеп-интернаттары мен колледждерінде оқушыларды оқытуды қаржыландыру бағдарламасы іске қосылды. Бағдарлама жыл сайын орта есеппен 1300 оқушыны оқытуға арналған.

Тренд
(бір жыл
ішінде)

Тәуекел мен ықтимал
салдардың сипаттамасы

Тәуекелді азайту және тәуекелді
басқару үшін қабылданатын шаралар



Корпоративтік басқару аспектілері

Комплаенс-тәуекелдер

Жеке пайда мен мүліктік мүдделерді, оның ішінде оларды үшінші тұлғалар үшін алуға бағытталған сыбайлас жемқорлық сипатындағы қасақана іс-әрекеттер. Сыбайлас жемқорлық әрекеттерінің кез келген фактілері қаржылық залалдың мөлшеріне қарамастан Компания қызметіне мүлдем жат әрекет болып табылады.

Әсері:

Қаржылық шығындар, беделге нұқсан.

Компания ішкі бақылау жүйелерін енгізу және күшейту, үшінші тұлғалар тарапынан да, Компания қызметкерлері тарапынан да заңсыз және жосықсыз әрекеттердің алдын алудың бірыңғай саясатын белгілеу, қызметкерлер тарапынан құқыққа қайшы және жосықсыз әрекеттер жасау фактілері бойынша ішкі тергеулер жүргізу тәртібін белгілеу жөнінде дәйекті жұмыс жүргізеді. Компанияда жетекші әлемдік тәжірибелер, сондай-ақ мыналар бойынша міндеттемелер ескеріле отырып, саясаттар мен стандарттар қолданылады:

- ішкі және комплаенс-бақылау жүйелерін жетілдіру және күшейту, есепті кезеңде ҚМГ-да тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді сатып алуды жоспарлау, ұйымдастыру және өткізу қағидаларына бір көзден алу тәсілімен сатып алу үшін негіздемелерді қолданудың негізділігі бөлігінде толықтырулар енгізілді;
- сыбайлас жемқорлыққа қарсы мониторинг жүргізу;
- сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне талдау жүргізу;
- сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыру, қызметкерлер арасында ықтимал бұзушылықтар мен шаралар туралы профилактикалық іс-шаралар мен түсіндіру жұмыстарын жүргізу;
- шешім қабылдау рәсімдерінің есептілігі мен ашықтығын қамтамасыз ететін ұйымдық-құқықтық тетіктерді белгілеу;
- іскерлік әдеп нормаларын қабылдау және сақтау;
- сыбайлас жемқорлыққа қарсы тақырыпта семинарлар мен тренингтер ұйымдастыру;
- сыбайлас жемқорлық факторларын анықтауға арналған ішкі құжаттардың жобаларын сараптау;
- мүдделер қақтығысының алдын алу;
- контрагенттердің және CEO-1, CEO-2 деңгейлеріндегі лауазымдарға кандидаттардың сенімділігі тұрғысынан тексерулер жүргізу;
- инсайдерлер тізімін жасау және инсайдерлерге шектеулер, міндеттемелер және жауапкершілік туралы хабарламалар жіберу;
- Директорлар кеңесіне есеп бере отырып, жедел желіге келіп түскен өтініштерді өңдеу.

ҚМГ ESG-тәуекел-рейтингі



32,3

Жоғары тәуекел



Sustainalytics агенттігі «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ экология, әлеуметтік саясат және корпоративтік басқару (ESG) саласындағы қызметінің тиімділігіне жыл сайынғы кешенді зерттеу жүргізді.

ҚМГ ESG-тәуекелдерін басқаруды Рейтингтік агенттік 32,3 балл деңгейінде бағалады, бұрын рейтинг 28,5 балды құраған болатын.

Салыстырмалы рейтингте ҚМГ 18-ші орыннан Sustainalytics агенттігі бағалаған 315 әлемдік мұнай-газ компаниясы арасында 40-шы орынға көшті.

Сарапшылардың пікірінше, ESG-тәуекелдерге ұшырау рейтингінің жоғары мәні сала бойынша орташа мәндерге, яғни мұнай-газ саласына тән тәуекелдерге сәйкес келеді. Алынған бағалау Компанияның шығарындылар мен қалдықтар көлеміне, өндірістік қауіпсіздік көрсеткіштеріне және корпоративтік басқару мәселелеріне қатысты ESG тәуекелдерін көрсетеді.

Бұл ретте ҚМГ сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл мәселелері бойынша тәуекелдерді басқару бойынша оң сараптамалық баға алды, адами капитал мәселелері бойынша тәуекелдерді басқару деңгейін арттырды, сондай-ақ ресурстарды пайдалану, биоәртүрлілік және іскерлік әдеп мәселелері

бойынша тәуекелдерді басқарудың тұрақты деңгейін сақтап қалды.

ҚМГ ESG-аспектілері бойынша шаралар мен жұмыстарды күшейтудің маңыздылығын түсінеді. ҚМГ үшін негізгі ESG-сын-қатерлер – шығарындыларды, қалдықтарды азайту, төмен көміртекті даму бағдарламасын іске асыруды жалғастыру, еңбекті қорғау мен қызметкерлердің қауіпсіздігіне қатысты жұмысты күшейту, сондай-ақ озық халықаралық тәжірибелер деңгейінде корпоративтік басқару жүйесін қолдау болып табылады.

Sustainalytics компанияларға ESG рейтингін беру кезінде олардың экология, әлеуметтік жауапкершілік және басқару тәуекелдерін және бәсекелестермен салыстырғанда осы тәуекелдерді басқару мүмкіндігін бағалайды. Sustainalytics рейтингі туралы толық ақпаратты мына сілтеме арқылы алуға болады:

<https://www.sustainalytics.com/esg-rating/national-company-kazmunaygas-jsc/1028382256>

MORNINGSTAR | SUSTAINALYTICS

«Sustainalytics» халықаралық рейтингтік агенттігі (Амстердам, Нидерланды)

Sustainalytics компаниясы – бұл экологиялық, әлеуметтік және корпоративтік басқару саласындағы жетекші тәуелсіз зерттеу компаниясы, бүкіл әлемдегі инвесторларға жауапты инвестициялық стратегияларды әзірлеуге және енгізуге көмектесетін рейтингтік және аналитикалық компания.

Анықтама ретінде:

ESG-рейтинг (Environmental, Social and Governance) – бизнестің экологиялық және әлеуметтік тәуекелдерін, сондай-ақ компаниядағы корпоративтік басқару тәуекелдерін бағалау.

ESG рейтингі инвестициялық шешімдер қабылдау кезінде инвесторлар үшін стратегиялық құрал болып табылады және компанияның ұзақ мерзімді орнықтылығын айқындау үшін тәуекелдер мен мүмкіндіктерді анықтауға көмектеседі.

ЦИФРЛЫҚ ДАМУ

2-6

Есепті кезеңде индустрияландыру, инновациялар және инфрақұрылым бойынша орнықты даму мақсаттарына қол жеткізуге бағытталған ҚМГ цифрлық жобаларын іске асыру жалғастырылды.

1. ЦИФРЛАНДЫРУ БОЙЫНША ІСКЕ АСЫРЫЛҒАН ЖОБАЛАР

Наряд-рұқсат беру процесін жақсарту және қызметкерлердің қауіпсіздігін күшейту мақсатында «Ембімұнайгаз» АҚ пилоттық түрде электрондық наряд-рұқсат берудің цифрлық жүйесін енгізді. Жоба рұқсат-нарядты ресімдеуді жеңілдету мен жеделдетуге бағытталған, ол қауіпті жұмыстардың мониторингін жақсартуға және рұқсат-нарядтарды қашықтықтан келісу және қол қою есебінен ілеспе шығындарды қысқартуға мүмкіндік береді.

Бұдан басқа АМӨЗ қондырғыларында технологиялық процесті (АРС) жетілдірілген басқару жүйесін енгізу бойынша жұмыс жүргізілуде. АРС нысаналы мұнай өнімдерінің тұрақты шығуына қол жеткізу үшін қондырғылардың технологиялық режимінің параметрлерін автоматты түрде түзетеді және адам факторының әсерін болдырмау арқылы қондырғының апаттық тоқтауын болдырмауға мүмкіндік береді.

Бүгінгі таңда АРС АТ-2 мұнайын бастапқы өңдеу қондырғысына және АВТ-3 қондырғысына енгізілді.

2. ЦИФРЛАНДЫРУ БОЙЫНША ІСКЕ АСЫРЫЛЫП ЖАТҚАН ЖОБАЛАР

2.1. «Сапарларды басқару» жобасы

Қауіпсіз жүргізу мәдениетін қалыптастыру, көліктік қауіпсіздік деңгейін арттыру және көлікті басқару процесі иелерінің жұмысын жеңілдету мақсатында «Өзенмұнайгаз» АҚ, «Қаражанбасмұнай» АҚ және «Маңғыстаумұнайгаз» АҚ-да «Сапарларды басқару» жобасын тираждау бойынша жұмыстар жүргізілуде:

- автоматтандыру деңгейін, GPS-трекерлермен жабдықталуын ескере отырып, ЕТҰ-дағы процестердің жетілуін диагностикалау;
- әрбір ЕТҰ үшін көлікті басқару процестерін дамытудың жеке бағдарламаларын дайындау;
- қозғалыс қауіпсіздігіне назар аударатырып, көлікті басқару жүйесін кезең-кезеңімен енгізу.

Жоғарыда көрсетілген ЕТҰ-да жобаны іске асыру бойынша Жол карталары бекітілді.



2.2. «Электрондық тапсырыс-наряд (ҰЖАЖ/ҰКЖ)» жобасы

«Өзенмұнайгаз» АҚ-да операциялық жұмысты жеңілдету және қағаз құжат айналымының санын азайту мақсатында келісу уақыты мен кезеңдерін азайту мақсатында тапсырыс-нарядтарды қалыптастыру мен бекітудің бірыңғай автоматтандырылған жүйесін енгізу арқылы ҰЖАЖ/ҰКЖ бригадалары жұмыстарының тиімділігін арттыру бойынша жұмыстар басталды. Ұңғымаларды күрделі және жерасты жөндеу тапсырыс-нарядтарын қалыптастыру, келісу және бекіту процесін цифрландыру шеңберінде «Электрондық тапсырыс-наряд» жобасы іске асырылатын болады, ол тапсырыс-нарядтарды құру және редакциялау мүмкіндігін, өрістерді толтырудың дұрыстығын автоматты тексеруді, тапсырыс-нарядтың бірегей нөмірін автоматты түрде генерациялауды, сондай-ақ тапсырыс-нарядтарды процестің әртүрлі қатысушыларымен көп деңгейлі келісуді қамтамасыз етеді. Жоба «Өзенмұнайгаз» АҚ қызметкерлеріне тапсырыс-нарядтардың жай-күйі және олардың өзгерістері туралы хабарлама алуға, сондай-ақ тапсырыс-нарядтарға байланысты түрлі параметрлер бойынша есептер шығаруға мүмкіндік береді. Осы шешімнің тұжырымдамасын басқа ЕТҰ-ға тарату жоспарлануда.

2.3. HR-процестерді автоматтандыру

HR-процестерді автоматтандыру және цифрландыру бөлігінде HR-процестердің автоматтандырылған операцияларын енгізу және қағаз жеткізгіштерден бас тарту есебінен HR-процестердің орындалу сапасы мен жылдамдығын арттыруға, операциялық жұмысты жеңілдетуге, ҚМГ АРБД басшыларының, мамандарының еңбек шығындарын азайтуға және стратегиялық бастамаларды, жобалар мен іс-шараларды іске асыру мақсатында тұрақты менеджмент құралдарын енгізуге мүмкіндік беретін ҚМГ КО адами ресурстарын басқару үшін ақпараттық жүйе енгізілуде.

2.4. «Орындалған жұмыстардың онлайн актісі» жобасы

Орындалған жұмыстар актілерін (бұдан әрі – ОЖА) және көрсетілетін қызметтерді келісу және қол қою процестерінің ашықтығын және бюрократиясыздандыруды қамтамасыз ету мақсатында «Өзенмұнайгаз» АҚ, «Қаражанбасмұнай» АҚ және «Маңғыстаумұнайгаз» АҚ-да «Орындалған жұмыстардың онлайн актісі» жобасын тираждау бойынша жұмыстар басталды. Бұл жоба ҚМГ ЕТҰ қызметкерлері мен мердігер компаниялар арасындағы ОЖА келісумен байланысты күнделікті операцияларды азайтуға мүмкіндік береді.



DIGITAL KMG

ҚМГ компаниялар тобы шеңберінде алғаш рет Digital KMG цифрландыру бойынша I практикалық форумы өткізілді. Форумның негізгі мақсаты – компаниялар арасында цифрландыру саласында тәжірибе алмасу, цифрлық шешімдерді енгізу тәсілдерін талқылау, компаниялардың IT-өнімдерге қажеттіліктерін анықтау, цифрлық даму тұжырымдамасын қалыптастыру және АТ және цифрландыру қызметкерлерінің құзыретін арттыру үшін алаң ұсыну.

Іс-шараға корпоративтік орталық пен мұнай барлаумен, өндірумен, өңдеумен және тасымалдаумен айналысатын ҚМГ еншілес компанияларының, сондай-ақ мұнай сервистік кәсіпорындардың өндірісті автоматтандыру, ақпараттық технологиялар және цифрландыру департаменттерінің 100-ге жуық басшылары мен қызметкерлері қатысты.

Форум аясында цифрлық трендтердің мұнай-газ саласына әсері, цифрландыру саласындағы ағымдағы және жоспарланған жобалар, компаниялардың кешенді АТ-архитектурасы қаралды. Кездесу бағдарламасына дизайн-ойлау бойынша сессия кірді, оның шеңберінде ҚМГ еншілес тәуелді ұйымдарын цифрландыру бойынша ашық мәселелердің тізбесі дайындалды.

LEAN 6 SIGMA ФОРУМЫ

Ағымдағы жылы «КазМұнайГаз» ҰК АҚ «Мұнай және газ өндіру» және «Мұнай өңдеу» бизнес-бағыттарында «Lean 6 SIGMA бағдарламасы бойынша IV Конференция» өткізілді.

Конференцияның негізгі мақсаты – ҚМГ компаниялар тобының қызметкерлерін қызметті оңтайландыру және олардың өнімділігін арттыру процесіне тиімді тарту, МӨҰ және МӨЗ қызметкерлерінің үздіксіз жетілдіру мәдениеті бойынша құзыретін арттыру, Компанияның барлық деңгейлерінде тұрақты жетілдіру процесін ұйымдастыру, сондай-ақ 2023 жылғы Lean 6 Sigma үздік жобасына конкурс өткізу болып табылады.

Конференция бағдарламасына ҚМГ басшыларының арасынан таңдалатын Lean 6 Sigma атқарушы демеушілерін оқыту, топтарда жұмыс істеу, сондай-ақ «Ембімұнайгаз» АҚ, «Маңғыстаумұнайгаз» АҚ, «КазГерМұнай» БК ЖШС, «ПМХЗ» ЖШС, «АМӨЗ» ЖШС, «ГКОП» ЖШС және «CASPI Bitum» БК ЖШС үздік Lean 6 sigma жобаларының тұсаукесері кірді.

Конференция аясында «АМӨЗ» ЖШС Медет Зинуллиевтің жетекшілігімен ЭЛТҚ-АВТ-3 қондырғысында химиялық тазартылған суды тұтынуды оңтайландыруға бағытталған жобасы «КазМұнайГаз» ҰК АҚ ЕТҰ арасындағы Lean 6 Sigma үздік жобасы» номинациясы бойынша жоғары марапатқа ие болды.



- 7-ҚАҒИДА.** Іскер топтар экологиялық мәселелерге көзқарасты қолдауы керек, сақтық принципін негізделген.
- 8-ҚАҒИДА.** Іскер топтар мыналарға бағытталған бастамалар қабылдауы керек қоршаған ортаның жай-күйі үшін жауапкершілікті арттыру.
- 9-ҚАҒИДА.** Іскер топтар дамуға және таралуға ықпал етуі керек экологиялық қауіпсіз технологиялар».

БІЗДІҢ БАСҚАРУ ТӘСІЛІМІЗ

3-3, 306-2, 403-1, 403-7

Біз өз қызметіміздің сипаты мен әсер ету ауқымын жақсы түсінеміз, оларды табиғи ресурстарды ұтымды пайдаланудың, Компания қызметінің барлық бизнес-бағыттарында жұмыс істейтін персоналдың және өзіміз қатысатын аймақтарда тұратын халықтың денсаулығын қорғаудың, сондай-ақ қолайлы қоршаған ортаны сақтаудың маңыздылығымен байланыстырамыз.

Компания өз қызметінің экологиялық қауіпсіздігін арттыруда айтарлықтай ілгеріледі. Бұл тиімді ішкі стандарттардың, экологиялық мәдениеттің енгізілуіне және менеджмент жүйесінің үнемі жетілдіріп отырумен байланысты. Компания теріс экологиялық әсерлерді болдырмауға бағытталған «нөлдік нәтиже» мақсатын қояды.

Өндірістік қауіпсіздік, еңбекті және қоршаған ортаны қорғау (бұдан әрі – ӨБ, ЕҚОҚ) мәселелерін басқару жөніндегі мақсаттар Компанияның 2022–2031 жылдарға арналған Даму стратегиясына тікелей байланысты. Стратегия экологиялық жауапкершілікті арттыру бойынша стратегиялық

бастамаларды көздейді. Қоршаған ортаны қорғау бөлігінде ҚМГ компаниялар тобы үшін басым бағыттарға атмосфералық ауаға шығарындыларды басқару, шикі газды алаулатып жағуды қысқарту, су ресурстарын, өндіріс қалдықтарын басқару және топырақ құнарлығын қалпына келтіру, биоәртүрлілікті сақтау жатады.

ҚМГ мен оның еншілес және тәуелді ұйымдарының басшылығы қоршаған ортаның ластануына байланысты шығындар мен залалдарға қатысты нөлдік төзімділік қағидатын ұстанады. Жаңа ҚР Экологиялық кодекстің талаптарына сәйкес, өз қызметінде экологиялық ақпаратты жинауды, жинақтауды, сақтауды, талдауды және таратуды қамтамасыз ету мақсатында Компания ҚМГ Экологиялық саясатын басшылыққа алады.

Компания сегіз негізгі қағидаттан тұратын Шығарындыларды басқару саясатын бекітті, олардың алтауы климаттың өзгеруіне тікелей қатысты, тұрақты алаулатып жағуды толығымен тоқтатуға бағытталған.



ЭКОЛОГИЯ ЖӘНЕ ӨНЕРКӘСІПТІК ҚАУІПСІЗДІК

Шикі газды тұрақты жағу көлемін барынша азайту мақсатында Компания 2015 жылы Дүниежүзілік банктің «2030 жылға қарай ілеспе мұнай газын толық кәдеге жарату» бастамасын қолдады. Атмосфералық ауаға шығарындылардың азайту жөніндегі ең маңызды міндеттердің бірі – ілеспе мұнай газын тиімді пайдалануды және кәдеге жаратуды арттыру, газды алаулатып жағуды барынша азайту болып табылады. Осы бастама шеңберінде шикі газды жағу көлемі бойынша есептілік жыл сайынғы негізде Дүниежүзілік банктің ҚР-дағы өкілдігіне тапсырылады.

ҚМГ ЕТҰ-да су ресурстарын басқару тәсілін жүйелейтін «Сегіз су қағидаты» – су ресурстарын пайдалану бөлігіндегі ҚМГ-ның негізгі қағидаттары болып табылады. Қазір біз халықтың пайдасына тұщы су көлемін босату үшін, өндірістік қажеттіліктерге арналған ақпа сулар мен тұзды суларды тазарту бойынша бірнеше ауқымды жобаларды жүзеге асырудамыз. Су ресурстары тапшылығының алдын алу, экономиканың жоспарланған өсуін қамтамасыз ету мәселесін шешу үшін, сондай-ақ ҚМГ-да су ресурстарын басқару жүйесін жетілдіру үшін ҚМГ компаниялар тобында Су ресурстарын басқарудың ұзақ мерзімді бағдарламасы әзірленді.


ДЕНСАУЛЫҚ САҚТАУ, ӨНЕРКӘСІПТІК ҚАУІПСІЗДІК ЖӘНЕ ҚОРШАҒАН ОРТАНЫ (ДҚ, ӨҚ ЖӘНЕ ҚОҚ) ҚОРҒАУ ЖӨНІНДЕГІ МЕНЕДЖМЕНТ ЖҮЙЕСІ

3-3, 403-1, 403-4, 403-7

Өндірістік қауіпсіздік, еңбекті және қоршаған ортаны қорғау жөніндегі менеджмент жүйесі (МЖ) Қазақстан Республикасы заңнамасының, ISO 14001 және ISO 45001 салалық және халықаралық стандарттарының талаптарына, әлемдік озық тәжірибелер мен тәсілдерді, Халықаралық Мұнай және газ өндірушілер қауымдастығының (IOGP) ұсынымдарын пайдалана отырып, ӨҚ, ЕҚ және ҚОҚ саласындағы ішкі басшылық құжаттарға сәйкес әзірленді, іргелі

қағидаттарға негізделген 10 негізгі элементті қамтиды: мақсатқа жету, көшбасшылық, тәуекелдерді басқару және үздіксіз жетілдіру.

2006 жылдан бастап ҚМГ ISO 9001, ISO 14001 және ISO 45001 талаптарына сәйкес сапа, қоршаған ортаны қорғау, денсаулықты қорғау және еңбек қауіпсіздігін қамтамасыз ету саласындағы интеграцияланған басқару жүйесін (ИБЖ) енгізді. Энергияның едәуір деңгейін тұтынатын ЕТҰ ISO 50001



ІШКІ БАҚЫЛАУ ЖӘНЕ ЖАҚСARTU

- ЕҚОҚ бойынша бағалауды басқару жүйесі
- ЕҚОҚ комитеттерінің жүйесі
- HSE Compliance and RT Audits
- ЕҚОҚ мәдениетін арттыру жөніндегі іс-шаралар кешені

МОНИТОРИНГ

- ЕҚОҚ бойынша есеп беру қағидалары
- ЕҚОҚ бойынша қозғалыс қауіпсіздігін автоматтандыру
- ЕҚОҚ бойынша ҚНҚ жүйесі
- Оқиғаларды тексеру рәсімі
- «Авариялардың себептерін тексеру» автоматтандырылған модулі
- Салыстырмалы талдау

ӨТКІЗУ

- Денсаулық сақтауды басқару жүйесі
- Көлік қауіпсіздігі бағдарламасы
- Дағдарыс жағдайларын басқару стандарты
- Метанның ағып кетуін анықтау бағдарламасы
- Қалдықтарды басқару стандарты
- Сумен қамтамасыз етуді басқару стандарты
- Энергия пайдалану тиімділігінің жол картасы

ӨНДІРІСТІҢ ТҰТАСТЫҒЫ

- Өртке қарсы қауіпсіздікті қамтамасыз ету
- LOTO
- Өндірістік процестің қауіпсіздігін қамтамасыз ету жүйесі

ТӘУЕКЕЛДЕРДІ БАСҚАРУ ЖҮЙЕСІ

- EIA тәуекелдерді бағалау стандарты
- «Қауіпсіздіктің мінез-құлықтық қадағалау бағдарламасы»

МҮДДЕЛІ ТАРАПТАР

- Мердігерлер бойынша стандарт
- Мердігерлердің есептілігі
- Көпшілік тыңдаулар

СТАНДАРТТАР

- Үздік әлемдік практикаларға негізделген ЕҚОҚ стандарттарын әзірлеу және енгізу

КУРС

- ЕҚОҚ саясаты
- Көлік саясаты
- Алкоголь саясаты
- Атмосферадағы шығарындыларды басқару саясаты

СТРАТЕГИЯ

- Жұмыста қауіпсіздікті қамтамасыз ету
- Экологиялық жауапкершілік

МАҚСАТТАР

- Нөл:
- оқыс оқиғалар;
 - төгілулер;
 - төгінділер;
 - күнделікті жағу.

БАСШЫЛЫҚ

- Басшылықтың қызығушылығы: Басшылар форумы, SPE
- ЕҚОҚ бойынша комитеттердің үш деңгейлі жүйесі

стандартына сәйкес сертификатталған. ИБЖ тиімділігін тәуелсіз аудиторлар үнемі растап отырады. Менеджмент жүйесін жетілдіру мақсатында Денсаулық сақтау және еңбек қауіпсіздігі менеджменті жүйесі бойынша ISO 45001 халықаралық стандартының талаптарына сәйкестігіне сертификатталады.

МЖ ӨҚ, ЕҚ және ҚОҚ саласындағы тәуекелдер мен мүмкіндіктерді басқару үшін ортаны қамтамасыз етеді. МЖ жұмысының күтілетін нәтижелері Компания қызметкерлерінің жарақаттануын болдырмау және денсаулығына зиян келтірмеу, сондай-ақ денсаулығы мен еңбек жағдайлары тұрғысынан жұмыс орындарының қауіпсіз болуын қамтамасыз ету болып табылады. Тиімді ескерту шараларын қабылдау арқылы ӨБ, ЕҚ және ҚОҚ саласындағы тәуекелдерді болдырмау немесе азайту Компания үшін өте маңызды.

Өндірістік қауіпсіздік, еңбекті қорғау және қоршаған ортаны басқару саласындағы озық және үздік тәжірибелер ескеріле отырып, барлық деңгейдегі басшылар мен қызметкерлерді ӨҚ, ЕҚОҚ басқару процестеріне тарту және бейілділік дәрежесін арттыру үшін Компанияда комитеттердің үш деңгейлі жүйесі енгізіліп, жұмыс істейді:

- **Бірінші деңгей** – Директорлар кеңесінің Қауіпсіздік, еңбекті қорғау, қоршаған ортаны қорғау және орнықты даму комитеті (ЕҚЕҚОҚОДК);
- **екінші деңгей** – ҚМГ деңгейіндегі ЕҚ, ӨҚ және ҚОҚ жөніндегі комитет;
- **үшінші деңгей** – ЕТҰ ЕҚ, ӨҚ және ҚОҚ жөніндегі комитеттері.

2023 жылы ҚМГ компаниялар тобында ӨҚ, ЕҚ және ҚОҚ саласында жақсартуға бағытталған өзгерістер мен толықтыруларды енгізе отырып, жаңа редакцияда МЖ бойынша басшылықты өзектендіру және бекіту жүргізілді:

- ҚМГ компаниялар тобы қызметкерлерінің ҚМГ Өмірлік маңызды қағидаларын сақтауын қамтамасыз ету бойынша басшылардың жауапкершілігі;
- ҚМГ компаниялар тобының қызметкерлеріне жұмыскерлердің өмірі мен денсаулығына не қоршаған ортаға негізді түрде қауіп төндіретін ықтимал

қауіпті жағдай туындаған кезде жұмыстан бас тартуға немесе тоқтатуға заңды құқық кепілдігін беру;

- денсаулық үшін тәуекелдерді бағалауға негізделген ҚМГ компаниялар тобында персоналдың денсаулығын басқару жөніндегі бағдарламаны әзірлеу және енгізу;
- ҚМГ компаниялар тобы мен мердігерлер қызметкерлерін тәуекелдерді басқару процестеріне тарту, «Қорғау» картасын қолдану арқылы ықтимал қауіпті жағдайларды анықтау және хабардар ету.

Құжаттаманың жарамдылығы мен сәйкестігін сақтау мақсатында 2023 жылы бірқатар ішкі регламенттеуші құжаттар қайта қаралды:

- «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ компаниялар тобында қауіптілігі жоғары жұмыстарды жүргізу кезінде өндірістік қауіпсіздік, еңбекті және қоршаған ортаны қорғау саласындағы тәуекелдерді басқару регламенті;
- «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ компаниялар тобында шұғыл медициналық көмекті ұйымдастыру регламенті;
- «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ оқиғаларды хабарлау және тергеп-тексеру тәртібі туралы ереже;
- «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ компаниялар тобында арнайы киіммен, арнайы аяқ киіммен, жеке қорғаныш құралдарымен қамтамасыз ету стандарты.

Экологиялық тәуекелдерді, климаттың өзгеруіне және су ресурстарының тапшылығына байланысты тәуекелдерді қоса алғанда, ӨҚ, ЕҚ және ҚОҚ саласындағы тәуекелдерге тоқсан сайынғы негізде мониторинг жүргізіледі. ҚМГ қоршаған ортаны қорғау саласындағы көрсеткіштерді үнемі талдайды, мұнай-газ саласының жетекші халықаралық қауымдастықтарының (IOGP, CDP) ұқсас көрсеткіштерімен бенчмаркинг жүргізеді. Компания экологиялық аспектілерге және экологиялық тәуекелдерді бағалауға баса назар аударады.

Жыл сайын ҚМГ еңбекті және қоршаған ортаны қорғау департаменті ҚМГ компаниялар тобының бас директорларының ӨҚ, ЕҚ және ҚОҚ саласындағы форумын өткізеді.

ТӘЖІРИБЕДЕН МЫСАЛ



2023 жылғы 5 қазанда «Өндірістік қауіпсіздік саласындағы көшбасшылық. Қауіпсіздік мәдениетін дамытудағы көшбасшылық» тақырыбында сегізінші жыл сайынғы форум өтті.

Форумға «Самұрық-Қазына» ҰӘҚ және ҚМГ Директорлар кеңесінің мүшелері мен басшылығы, 30-дан астам еншілес және тәуелді ұйымдардың бас директорлары, шетелдік қатысуы бар ҚМГ бірқатар серіктес компанияларының өкілдері шақырылды.

Форумға қатысушыларды құттықтай отырып, ҚМГ Басқарма төрағасы Мағзұм Мырзағалиев: «ҚазМұнайГаз» қауіпсіз еңбек жағдайларын жасауға және біздің қызметімізбен байланысты барлық адамдардың денсаулығын қорғауға, сондай-ақ жұмыс істейтін өңірлерімізде экологиялық тұрақтылықты сақтауға басымдық беретінін атап өтті. Бұл құндылықтар біз үшін даусыз. Оқиғаларға нөлдік төзімділік – бұл барлық басқару деңгейлерінде ұстануға тырысуымыз керек маңызды қағида».

Жыл қорытындысы, Компания кәсіпорындары қол жеткізген көрсеткіштер шығарылды және оқиғалардың нөлдік деңгейіне қол жеткізу үшін жақсартуға арналған ұйымдастырушылық шаралар қабылдау қажет болатын салалар атап өтілді.

Форумда сондай-ақ JMJ компаниясының консультанттарының қатысуымен ҚМГ-да қауіпсіздік саласындағы көшбасшылық бойынша пікірталас семинарлары өткізілді, онда компания кәсіпорындарының бірінші басшылары қауіпсіздік техникасындағы көзге көрінбейтін аспектілерді талқылау және байланыс нүктелерін құру топтарында талқылау бойынша ашық диалог жүргізді.

Өндірістік қауіпсіздік, еңбекті қорғау және қоршаған ортаны қорғау саласындағы жетістіктері үшін марапаттау рәсімінде форумның барлық қатысушыларын бірыңғай мақсаты — жүйелі корпоративтік қауіпсіздік мәдениетін құру біріктіретіні айтылды. ӨҚ, ЕҚ және ҚОҚ-ға қосқан үлесі үшін марапатталған үздік қызметкерлер марапатталды, сондай-ақ ӨҚ, ЕҚ және ҚОҚ бағыттары бойынша көшбасшы компаниялар айқындалды.

ҚМГ Басқарма төрағасы Мағзұм Мырзағалиев Компанияның барлық қызметкерлеріне Компанияда қабылданған «ҚМГ өмірлік маңызды ережелерін» және Халықаралық Мұнай және газ өндірушілер қауымдастығының (IOGP) тиісті Life-Saving Rules ережелерін мүлтіксіз сақтау қажеттігі туралы жолдау жасады.



СУ РЕСУРСАРЫН БАСҚАРУ БАҒДАРЛАМАСЫ

3-3, 303-1, 303-2, 303-3, 303-4, 303-5

Су ресурстары осал және қазірдің өзінде климаттың өзгеруі мен өзгергіштігіне ұшырауда, бұл қауымдастықтарға, адам денсаулығына, экономикаға және қоршаған ортаға әртүрлі әсер етеді. ҚМГ өндірістік қызмет және өнімді жеткізу процесінде туындайтын су ресурстарына теріс әсерді азайтуға және мүмкіндігінше болдырмауға басымдық береді.

Компанияның орнықты даму мәселелеріне көзқарасы Компанияның мүдделері мен жоспарларының БҰҰ-ның негізгі қағидаттарымен, жалпыадамзаттық құндылықтармен, жаһандық үрдістермен және Қазақстанның даму басымдықтарымен үйлесуіне негізделген. Компания БҰҰ-ның орнықты дамуының 17 мақсатын ұстанады, оның бірі – 6-мақсат. «Таза су және санитария». Орнықты даму мақсаты 6 – барлығы үшін су ресурстары мен санитарияның бар болуын және ұтымды пайдаланылуын қамтамасыз ету – барлық басқа ТДМ-мен тығыз байланысты.

ТДМ 6 ауыз сумен жабдықтау және базалық санитария мәселелеріне, оның ішінде су шаруашылығын басқару, ақпа суларды тазарту және экожүйелерді сақтау мәселелеріне бағытталған қамту аясын кеңейтеді. Осы аспектілерді қызмет саласына қосу секторлық бытыраңқылық мәселесін шешуге және үйлесімді және орнықты басқаруды қамтамасыз етуге, яғни сумен жабдықтау саласындағы орнықты болашаққа апаратын жолдағы аса маңызды алғашқы қадам болып табылады.

Экологиялық саясатқа сәйкес ҚМГ және оның еншілес және тәуелді ұйымдары орнықты даму қағидаттарына бейілділігін білдіреді және қоршаған ортаны қорғау мен қоршаған ортаға теріс әсердің алдын алуды өз қызметінің негізгі басымдықтарына жатқызады.

Компания суды басқару процестерін үздіксіз жақсартуды қамтамасыз ету, суды үнемдеу және айналымдағы сумен жабдықтау жобаларын енгізу, су тапшылығына байланысты тәуекелдерді бағалау және басқару бойынша міндеттеме алды.

Су ресурстарын пайдалану мен қорғаудың тиімділігін арттыру, су алу мен су тұтынуды қысқарту, айналымдық сумен жабдықтауды және суды қайта пайдалануды ұлғайту, ластаушы заттардың төгінділерінің көлемін және ҚМГ қоршаған ортаға әсерін азайту жөніндегі іс-шаралар мен нысаналы көрсеткіштерді айқындау мақсатында 2023 жылы ҚМГ компаниялар тобында 10 жылдық кезеңге арналған су ресурстарын басқару бағдарламасы (бұдан әрі – Бағдарлама) әзірленді. Бағдарлама экожүйелерді сақтау үшін су ресурстарының тапшылығын болдырмау, экономиканың жоспарланған өсуін қамтамасыз ету, сондай-ақ Компаниялар тобы бойынша су ресурстарын басқару жүйесін жетілдіру мәселесін шешуге бағытталған. Бағдарламаның шекарасына ҚМГ негізгі операциялық ЕТҰ кірді, сондай-ақ ҚМГ инвестициялық жобалары бойынша талдау жүргізілді. Бағдарлама 2024 жылы бекітіледі деп күтілуде.



Бағдарлама шеңберінде Компаниялар тобы бойынша су ресурстарын басқаруды дамытудың 3 сценарийі айқындалды: базалық сценарий, жасыл даму сценарийі, қарқынды қысқарту сценарийі. Бағдарлама шеңберінде су ресурстарын басқару бойынша ҚМГ ЕТҰ даму сценарийлеріне ірілендірілген салыстырмалы талдау жүргізілді және суды үнемдеу мен сақтау бойынша барынша тиімділікке қол жеткізу бойынша ықтимал ұтымды нұсқалар ұсынылды.

Базалық сценарийге ЕТҰ бизнес-жоспарлары шеңберінде іске асырылатын немесе іске асырылуы жоспарланатын бекітілген бюджеті бар іс-шаралар енгізілген.

Жасыл даму сценарийінің іс-шараларына «базалық сценарий» іс-шаралары, сондай-ақ су тұтыну және су бұру жүйелеріне техникалық аудит жүргізу жөніндегі іс-шаралар: жабдықтың қалдық қызмет ету мерзімін және олардың пайдалануға жарамдылығын бағалау аудиті, айдау объектілеріндегі, тазарту құрылыстарындағы, буландырғыш тоғандардағы аудит; түпкілікті өнімнің су ізінің аудиті жатады.

Қарқынды қысқарту сценарийі – су тұтыну мен су бұру көлемінің қарқынды төмендеуін көздейтін, елеулі қаржылық салымдарды талап ететін қосымша іс-шараларды іске асыру, бұл дамудың ең қымбат сценарийі болып табылады. Бұл сценарий базалық сценарий мен жасыл даму сценарийінің іс-шараларын,

сондай-ақ «судың нөлдік ағызылуына» қол жеткізуге мүмкіндік беретін технологиялық шешімдерді кейіннен енгізе отырып, базалық жобалауды жүргізу жөніндегі іс-шараларды, буландырғыш тоғандарда SMART өлшеу аспаптары-анализаторлар мен геомембрана жүйелерін орнатуды және т.б. қамтиды.

Бағдарлама даму сценарийлерін талдау негізінде Бағдарламада жоспарланған аудиттерді өткізгеннен кейін қарқынды қысқарту сценарийінің іс-шараларына біртіндеп ауыса отырып, іс-шаралар жоспарын толық көлемде орындай отырып, жасыл даму сценарийін іске асыру ұсынылады.

Сонымен қатар Бағдарлама аясында Компанияның су ізі талданды, су ресурстарын басқару саласындағы тәуекел санаттары және оларды азайту бойынша ұсыныстар айқындалды, қол жетімді үздік техникалар тақырыбы зерттелді және ұсынылған іс-шаралармен корреляция жүргізілді.

Бағдарламаға сәйкес су ресурстарын басқару тәсілін жетілдіру су ресурстарының сипатына, осы ресурстарға әртүрлі қажеттіліктерге және сумен жабдықтау мен сұраныс арасындағы динамикалық тепе-теңдікке үлкен сенімділікті қамтамасыз етеді. Ең бастысы, бұл қадамдар суды әртүрлі пайдалану үшін бағалауға және суды тиімді, әділ және тұрақты басқаруды арттыратын шешімдер қабылдауға мүмкіндік береді.

ҚМГ СУ ҚАҒИДАТТАРЫ

Су – өмірдің негізі, тіршіліктің бастауы.

Таза тұщы судың молдығы мемлекеттің тұрақтылығы мен қауіпсіздігін, ал оған жауапты ұқыпты қарау – бизнестің табысы мен тұрақтылығын айқындайды. Бұл қағидаттар Компанияның бейілділігін білдіреді және біздің еліміздің қазіргі және болашақ ұрпақтарының адамдары, табиғаты мен әл-ауқаты үшін су ресурстарын қорғау ниетін көрсетеді.

Біз күнделікті қажеттіліктен бастап мұнай өндіру мен өңдеуге дейін суды үнемі пайдаланамыз. Бұл ретте біз әдепкі тірлігімізде судың қаншалықты маңызды екенін ұмытпауымыз керек. Компанияның әрбір қызметкері оны сақтауға үлес қосуы тиіс.

«КазМұнайГаз» ҰК АҚ Басқарма Төрағасы



СУ РЕСУРСТАРЫН ҚОРҒАУ ЖӘНЕ СУДЫ ҰТЫМДЫ ПАЙДАЛАНУ

3-3, 303-1, 303-2, 303-3, 303-4, 303-5

Компания су ресурстарын пайдалану тиімділігін арттыруға, тұщы су шығынын азайтуға, тазартылған ағынды суларды қайта өңдеу және қайта пайдалану көлемін арттыруға ұмтылады.

ҚМГ миссиясы энергетикалық қауіпсіздікті қамтамасыз етуді, Қазақстанның дамуы мен өркендеуі үшін болашақ ұрпаққа деген қамқорлықпен табиғи ресурстарды тиімді және ұтымды игеруді көздейді.

Су ресурстарын пайдалану бөлігіндегі ҚМГ-ның негізгі қағидаттары «сегіз су қағидаты» болып табылады. Бұл қағидаттар 2018 жылы бекітілген Су ресурстарын басқару жөніндегі корпоративтік стандартта (бұдан әрі – Стандарт) көрсетілген. Стандарт ҚМГ ЕТҰ-да су ресурстарын басқару тәсілін жүйелейді, сондай-ақ Компания басшылары мен қызметкерлерінің тұщы суды сақтау мәселесіне бейілділігін арттыруға көмектеседі.

Су ресурстарын басқару бағдарламасын бекіту қорытындысы бойынша ағымдағы жылы осы корпоративтік стандартты жаңарту күтілуде.

Компания өз қызметін халықаралық талаптарға, экологиялық және су заңнамасына толық сәйкестікте жүзеге асырады. Ластаушы заттарды төгу нормативтерінің жобаларын әзірлейді, Уәкілетті орган бекіткен әдіснамаларға сәйкес есептеулер жүргізеді, ластаушы заттарды төгу тәртібі бөлігінде әсер етуге экологиялық рұқсат алады, су пайдалануға арнайы рұқсат алады.



AMӨЗ жабық типті МТҚ

Су ресурстарын пайдаланудың тиімділігін арттыру, тұщы су шығыны көлемін қысқарту, тазартылған ақпа суларды тұрақты негізде айналымдық пайдалану мен қайта пайдалану көлемін арттыру мақсатында ҚМГ ЕТҰ-да мынадай іс-шаралар іске асырылуда және іске асыру жоспарлануда:

- тұрмыстық ақпа суларды механикалық, химиялық және биологиялық тазарту қондырғыларын жаңғырту, қайта жаңарту, ескі тазарту жабдықтарын қазіргі заманғы модульдік қондырғыларға ауыстыру;
- булану өрістерін қайта құру бойынша жұмыстарды жобалау;
- тазарту қондырғыларын қосымша технологиялармен (кері осмос) қайта жарақтандыру, бұл кейіннен бұл суды технологиялық қажеттіліктер үшін бу өндіру үшін пайдалануға мүмкіндік береді;
- таза ауыз судың ағып кетуін және технологиялық ысыраптарын азайту үшін ескі ауыз су құбырларын жаңаларына ауыстыру;
- TAZALYQ жобасы шеңберінде механикалық тазарту құрылыстарын (МТҚ) қайта құру, бұл бұдан әрі биологиялық тазарту блогына жіберілетін ағындардағы мұнай өнімдері мен өлшенген заттардың құрамы бойынша шекті жол берілетін төгінділер нормативтеріне қол жеткізе

отырып, МТҚ өнімділігін 2 есеге арттыруға мүмкіндік береді;

- нормативтік тазартылған ақпа арнасын қайта құру және AMӨЗ булану өрістерін қалпына келтіру;
- TAZALYQ жобасы шеңберінде кері осмосы қолдана отырып, ақпа суларды толық тазарту қондырғысын салу;
- ПКOP тазарту құрылыстары жүйесін толық қайта құру және жаңғырту, кейіннен мұнай өнімдері мен өлшенген заттар бойынша өндірістік ақпа суларды тазарту тиімділігі 76-дан 98%-ға дейін жақсарды, бұл қоршаған ортаға эмиссияларды қысқарту есебінен экологиялық жүктемені азайтты.

Қоғамның, акционерлердің, мүдделі мемлекеттік органдардың және басқа да тараптардың алдында экологиялық ақпараттың кең қолжетімділігін және Компанияның табиғатты қорғау қызметінің ашықтығын қамтамасыз ету ҚМГ Экологиялық саясатының постулаттарының бірі болып табылады.

2020 жылдан бастап Компания өзінің су ізін есептейді және Су қауіпсіздігі сауалнамасы аясында Carbon Disclosure Project алаңында суды басқару туралы ақпаратты орналастырады.

2023 жылы жарияланған сауалнаманың қорытындысы бойынша 2022 жылы ҚМГ-ға CDP су қауіпсіздігі бойынша «С» бағасы берілді. Алайда Компания осы Бағдарламаны іске асыру шеңберінде осы рейтингті кезең-кезеңімен жақсартуды жоспарлап отыр.

Толығырақ ақпаратты ҚМГ-ның жарияланған есептерінен алуға болады, олар мына сілтеме бойынша ашық қолжетімді: [CDP су қауіпсіздігі жөніндегі сауалнама](#).

ҚМГ қатысу өңірлерінде «Астрахань – Маңғышлақ су құбырын қайта жаңарту» және «Кендірліде теңіз суын тұщыландыру зауытын салу» сияқты сумен қамтамасыз ету мәселелерін шешуге бағытталған әлеуметтік жобаларды іске асыруда.

2023 жылдың желтоқсанында «Астрахань – Маңғышлақ» магистральдық су құбырын қайта жаңарту және кеңейту» жобасының бірінші кезегін іске асыру аяқталды. Жоба «Астрахань – Маңғышлақ» магистральдық су құбырының өткізу қабілетін арттыруға және Атырау мен Маңғыстау облыстарының халқын, ауыл шаруашылығы өндірушілерін, өнеркәсіптік және мұнай-газ өндіруші кәсіпорындарын сумен қамтамасыз ету үшін тозған жабдықтарды жаңартуға бағытталған.

«Астрахань-Маңғышлақ» магистральдық су құбыры – Атырау облысының Құрманғазы, Исатай және Жылыой аудандарының тұтынушыларына, сондай-ақ Маңғыстау облысының Жаңаөзен қаласы, Бейнеу, Маңғыстау, Қарақия және Түпқараған аудандарына су берудің жалғыз орталықтандырылған көзі болып табылады. Жыл сайын халықтың су тұтынуы 4-5%-ға артады.

Сондай-ақ қуаттылығы тәулігіне 50 мың м³ Кендірліде теңіз суын тұщыландыру зауытының құрылысы басталды. Бұл жоба Жаңаөзен қаласының тұрғындары үшін ауыз су тапшылығы проблемасын шешуге мүмкіндік береді, сондай-ақ туризмді, кәсіпкерлікті және ауыл шаруашылығын дамытуға мультипликативтік әсер етеді. Құрылысты 2024 жылдың соңына дейін аяқтау жоспарлануда, ал зауыттың жобалық қуатқа шығуы – 2025 жылдың көктеміне жоспарланған.

Бұған дейін «Қаражанбасмұнай» АҚ Қаражанбас кен орнында Маңғыстау облысында кен орнын сумен қамтамасыз ету мәселесін шешуге арналған қабаттық суды тұщыландыру зауыты іске қосылған болатын.



Толық қуатқа шыққан кезде қабат суын өңдеу тәулігіне 42,5 мың м³ құрайды, бұл ретте тұщыландырылған су өндіру тәулігіне 17,0 мың м³ жетеді, бұл өңір халқының мұқтаждықтары үшін судың едәуір көлемін босатуға мүмкіндік береді. Осы жобаны іске асыруға байланысты 2023 жылдың қорытындысы бойынша ҚБМ-да тұщы су алу көлемі 2022 жылмен салыстырғанда 2,2 млн м³-ке қысқарды.

Сондай-ақ Өзенмұнайгазда өндірістік қажеттіліктер үшін альбсеноман суының жерасты су алу ұңғымалары іске қосылды, осыған байланысты теңіз суын алу 25%-ға қысқарды.

CASPI BITUM-да 2023 жылы өндірістік судың авариялық қоры үшін 2000 м³ ТБР резервуары салынды, осылайша өндірістік судың авариялық қорын 2000 м³-ке дейін ұлғайту есебінен зауытты сумен жабдықтаудың сенімділігі артты (ДГО құбырында оқыс оқиғалар болған жағдайда зауыт 3,5 тәулікке дейін жұмыс істейді). Жасыл желектерді суару үшін тазартылған ақаба суды қайта пайдалануды оңтайландыру жобасы енгізілуде. НК-2 Ду-400 желісін пайдалана отырып, битум зауытының КТҚ-на АТУ учаскесіне дейін тазартылған ақаба суды бұру бойынша жұмыстар орындалды.

ҚМГ бас кеңсесінде 2023 жылы терең био тазарту қондырғыларының блок-модулі ауыстырылды, бұл тазартылған сулардың 50%-на дейін жасыл желектерді суару үшін қайта пайдалануға мүмкіндік береді.

СУ ІЗІ

3-3, 303-1, 303-2, 303-3, 303-4, 303-5, 306-1

ҚМГ компаниялар тобы бойынша су жинау 2023 жылы 80,44 млн м³ құрады, оның ішінде: жер үсті көздері – 35,40 млн м³, жер асты көздері – 21,02 млн м³, қалалық сумен жабдықтау жүйелері – 10,63 млн м³, теңіз – 13,29 млн м³, басқа кәсіпорындардың ақаба сулары – 0,1 млн м³. 1000 мг/л дейін минералдану санаты

ПҚОП тазарту құрылыстары жүйесін қайта құру және жаңғырту жүргізілді. Нәтижесінде мыналар пайдалануға берілді:

- қайта пайдалану үшін ақаба суларды алдын ала өңдеу құрылысы;
- ультрасүзгілеу және кері осмос жүйесі. Шығатын су ішінара ұңғымалардан алынған сумен араластырылғаннан кейін айналмалы суды салу үшін қоректендіру суы ретінде пайдаланылады;
- ақаба суларды алдын ала тазартудың қолданыстағы бөлігінің орнына жаңа «тік мұнай ұстағыш» секциялары және еріген ауамен флотациялауға арналған тік резервуар орнатылды;
- ақаба суларды алдын ала тазарту бөлімінде мұнай мен лайды кетіруге арналған автоматты құрылғыларды орнату қарастырылған;
- ақаба суларды алдын ала тазарту секциясының басында жағымсыз иісі бар газдарды жинауға және кейіннен оларды дезодорациялау жүйесіне тасымалдауға арналған қалпақшалар орнатылған;
- ақаба суларды терең тазарту қондырғысы.


ПҚОП-да тазарту құрылыстарын жаңғырту жөніндегі жұмыстардың аяқталуына байланысты мұнай өнімдері мен өлшенген заттар бойынша өндірістік ақаба суларды тазарту тиімділігі 76-дан 98%-ға дейін жақсарды, бұл қоршаған ортаға эмиссияларды қысқарту есебінен экологиялық жүктемені азайтады.

Сумен қамтамасыз ету жобалары туралы ақпарат «Инвестициялық жобаларды іске асыру» бөлімінде де берілген.

бойынша өндірістік қажеттіліктерге арналған су тұтыну көлемі 37,58 млн м³, ал 1000 мг/л немесе одан да көп минералдану санаты бойынша – 42,85 млн м³ құрады.

Бұл ретте, Атырау және Маңғыстау облыстарының тұтынушыларына тұщы

ҚМГ КОМПАНИЯЛАР ТОБЫ БОЙЫНША СУ АЛУ (Көздер бойынша бөліністе) мың м³



техникалық су жеткізу қызметтерін көрсететін еншілес ұйымның көлемі су алудың 80,44 млн м³ көлеміне қосылғанын атап өтеміз, яғни ҚМГ-ның бұл көлемі өзінің шаруашылық-ауыз су және / немесе өндірістік қажеттіліктеріне пайдаланбайды. Осыған байланысты, жоғарыда көрсетілген көлемді есепке алмағанда, 2023 жылы ҚМГ компаниялар тобы бойынша өз қажеттіліктеріне су тұтынудың жалпы көлемі 56,27 млн м³ құрады.

World Resource Institute (WRI) жүргізген және жариялаған зерттеулерге сәйкес, Қазақстан – су ресурстарын пайдаланудың сыни деңгейіне жатқызылған және алдағы 15-20 жылда су ресурстары стресінің өте жоғары деңгейі болжанады.

Компания сондай-ақ Каспий теңізі, Сырдария және Орал өзендерінің бассейндеріне жататын WRI Aqueduct¹ су стресі көрсеткішіне сәйкес су тапшылығы жоғары өңірлерде орналасқан ҚМГ ЕТҰ-ның объектісіне талдау мен есепке алуды жүргізеді. Осы ұйымдардың су жинауының жалпы көлемі 27,32 млн м³ құрады.


Су тапшылығы жоғары өңірлерде ҚМГ тұщы суды аз пайдалану, айналымдағы суды ұлғайту және суды пайдалануды мұқият мониторингілеу үшін су ресурстарын басқару жөніндегі іс-шараларды әзірлейді.

¹ WRI Aqueduct бойынша: жоғары санат – жалпы су жүктемесі 40-80%, өте жоғары санат – > 80%.

Бұл ретте өндірістік қызметтің су ресурстарына қажеттілігі технологиялық процестердің қажетті шарты болып табылатынын атап өтеміз.

2023 жылы ҚМГ компаниялар тобы 11,23 млн м³ ақаба су бөлді. Ақаба суларды тазарту қондырғыларында тазартқаннан кейін нормативті тазартылған су мамандандырылған қабылдағыштарға жіберіледі: сақтау тоғандары, булану өрістері және сүзу өрістері. Жер үсті су объектілеріне төгу және жергілікті жердің рельефі жоқ. Өз жинақтағыштары жоқ кәсіпорындар жасалған шарттарға сәйкес сарқындарды арнайы компанияларға тазарту және төгу үшін береді.

2023 ЖЫЛЫ ҚМГ КОМПАНИЯЛАР ТОБЫНДА ОПЕРАЦИЯЛАР ТҮРІ БОЙЫНША СУ РЕСУРСТАРЫН ПАЙДАЛУ



- ҚҚҰ-ға айдау
- Бұрғылау, айдау, ҰКЖ, ҚСЖ
- Өзге өндірістік қажеттіліктер
- MAS айналымдық суын толықтыру
- MAS-та бу өндірісі
- Жоғалтулар
- Шаруашылық-ауыз су
- Пайдаланусыз берілгені

2023 ЖЫЛЫ МҰНАЙ ӨНДЕУ БАҒЫТЫ БОЙЫНША ОПЕРАЦИЯЛАР ТҮРІ БОЙЫНША СУ РЕСУРСТАРЫНЫҢ ПАЙДАЛАНЫЛУЫ



Берілген ақпа сулардың жалпы көлемі 0,77 млн м³ (минералдануы 1000 мг/л-ден астам) құрады. 1000 мг/л дейін минералданған ақпа сулардың ағуы жоқ.

Бұл ретте су тапшылығы өңірлеріндегі кәсіпорындардың ақпа суларын ағызу 2,9 млн м³ құрады, оның ішінде өз қабылдағыштарына 2,86 млн м³ тасталды және мамандандырылған компанияларға (қабылдаушы объектілерге) – 0,04 млн м³ берілді.

Ақпа суларды ауыр ауыртпалық ретінде емес, судың, энергияның, қоректік заттардың және басқа да алынатын жанама өнімдердің тұрақты көзі ретінде қарастырған жөн.

Біздің кәсіпорындардағы тазарту қондырғылары мұнай өнімдерімен және тоқтатылған заттармен ластанған ақпа суларды тазартуға арналған.

Мысалы, мұнай өңдеу зауытында ақпа сулар құм ұстағыштарда, мұнай ұстағыштарда, радиалды тұндырғыштар мен флотаторларда қатарынан механикалық және физика-химиялық бөлек тазартудан өтеді. Флотаторлардан кейінгі тазартылған өндірістік ақпа сулар биологиялық тазартуға жіберіледі.

Компанияның алдында тұрған маңызды міндеттердің бірі – тазартылған ақпа суларды технологиялық процеске қайтару, жасыл желектерді суару үшін пайдалану, салынып жатқан алаңдар мен жолдардағы шаңды басу арқылы қайта пайдалануды арттыру. Тазартудан кейінгі ақпа судың бір бөлігі көлікті жуу, шаңды басу және өртке қарсы жүйелерді толтыру үшін қайта пайдаланылады. Бұл ретте тазартылған ақпа судың айтарлықтай көлемі мұнай өңдеу зауыттарында ғана екінші рет пайдаланылады, онда 2023 жылы 4,28 млн м³ тазартылған ақпа су қайта пайдаланылған, негізінен бұл су айналымдық сумен жабдықтау блоктарын толықтыру үшін пайдаланылады. ҚМГ зауыттарында суды қайта пайдалану пайызы («Мұнай өңдеу» бағыты бойынша су жинау көлемінен) 25% -ды құрайды.

2023 жылы ҚМГ МӨЗ айналымдағы сумен жабдықтау жүйелерінде барлығы 437,53 млн м³ пайдаланылды (айналымда).

ҚМГ МӨЗ-ДЕ АЙНАЛЫМДАҒЫ СУМЕН ЖАБДЫҚТАУ ЖҮЙЕЛЕРІНДЕ АЙНАЛҒАНЫ (Айналымдағы су көлемі, млн. м³)



ҚОЙНАУҚАТ ҚЫСЫМЫН ҰСТАП ТҮРУ ҮШІН ҚОЙНАУҚАТҚА АЙДАЛҒАНЫ (Өндірілген ілеспе-қабаттық су, млн. м³)




Мұнай өндіру барысында ілеспе-қабаттық сулар деп аталатын үлкен көлемдер пайда болады – жер бетіне су-мұнай эмульсиясы алынады, ол кейіннен су мен мұнайға гравитациялық әдіспен бөлінеді. Осылайша тұнған су қабатқа айдауға жіберіледі.

2023 жылы өндірілген 136,96 млн м³ ілеспе-қабаттық судың 97%-ы қабаттық қысымды ұстап тұру үшін кері айдалды.

Компанияның қызметі ерекше экологиялық, шаруашылық, тарихи-мәдени және рекреациялық құндылығы бар Қазақстанның батыс өңірінің су объектілеріне (Жайық, Қиғаш өзендері, Көкжиде құмдары) айтарлықтай әсер етеді.

Сезімтал экожүйелерге теріс әсердің алдын алу үшін бақылаушы органдар қоршаған ортаға тұрақты экологиялық мониторинг жүргізеді.

2023 ЖЫЛЫ БАРЛАУ ЖӘНЕ ӨНДІРУ БАҒЫТЫ БОЙЫНША ОПЕРАЦИЯЛАР ТҮРІ БОЙЫНША СУ РЕСУРСТАРЫНЫҢ ПАЙДАЛАНЫЛУЫ



- ҚҚҰ-ға айдау
- Бұрғылау, аяқтау, ҰҚЖ, ҚСЖ
- Басқа өндірістік қажеттіліктер
- Шаруашылық-ауыз су
- Бу өндірісі

ҚОРШАҒАН ОРТАНЫ ҚОРҒАУ

3-3, 2-27, 305-5

ҚМГ биоәртүрлілікті сақтай отырып, табиғи ресурстарды ұтымды пайдалана отырып, өндіріс пен тұтыну қалдықтарын кәдеге жаратып, халықтың экологиялық хабардарлығын арттыра отырып, қоршаған ортаға әсерін барынша азайтуға тырысады.

Қоршаған ортаны қорғау мәселелері ҚМГ-ның басты басымдықтарының бірі болып табылады, Компания өзінің экологиялық көрсеткіштерін жақсарту үшін ұдайы жұмыс істейді.

ҚМГ экологиялық қызметі атмосфералық ауаны қорғау, су ресурстарын ұтымды пайдалану, жер қойнауы мен жер ресурстарын қорғау, қалдықтарды басқару сияқты түрлі бағыттар бойынша жүзеге асырылады. ҚМГ Экологиялық саясаты өндірістік қызмет нәтижесінде атмосфераға шығарындыларды азайту арқылы қоршаған ортаға әсерді барынша азайтуға бағытталған. Саясаттың негізгі қағидаттары: өндірістік қызметтен ластаушы заттардың шығарындыларын азайту арқылы қоршаған ортаға әсерді азайту, өндірістің экологиялық қауіпсіздігін арттыру және экологиялық көрсеткіштерді жақсарту.

ҚМГ табиғи ресурстарды дұрыс пайдалану және ҚМГ өз қызметін жүргізетін аумақтарда қолайлы экологиялық жағдайды қолдау ҚМГ-ның қоғам алдындағы негізгі міндеттерінің бірі болып табылатынын түсінеді.

Компания табиғи ресурстарды ұтымды пайдалануға, ластаушы заттардың қоршаған ортаға әсерін барынша азайтуға, энергия мен ресурс үнемдеуге жәрдемдесуге, қалдықтарды мейлінше аз бойынша өндіруге, сондай-ақ қоршаған ортаға зиян келтірмейтін технологияларды, жабдықтар мен материалдарды енгізуге ниетті. Сонымен қатар біз климаттың өзгеруіне бейімделу және қоршаған ортаға келтірілген зиянды өтеу бойынша шаралар қабылдаймыз.

Мақсаттарға қол жеткізу үшін экологиялық қауіпсіздікті қамтамасыз етуге бағытталған бірқатар іс-шаралар іске асырылды, мысалы, тарихи мұнай қалдықтарын кәдеге жарату және мұнаймен ластанған жерлерді тазарту жөніндегі жұмыстар, қызметкерлер арасында қоршаған ортаны қорғау мәселелерін насихаттау идеологиясы жөніндегі жұмыстарды күшейту, ағаш отырғызу жөніндегі акцияларға қатысу, атмосфералық ауаға шығарындыларды азайту жөніндегі іс-шаралар жоспарларын әзірлеу, экологиялық бағдарламаларды іске асыру және т.б.

Компанияның бірқатар еншілес және тәуелді ұйымдарында санитарлық-қорғау аймағында, сондай-ақ экологиялық жағдай туралы ақпаратты көрсететін шығарындылар көздерінде атмосфералық ауаның сапасын автоматты бақылау жүйелері орнатылған.

«ЭКОЛОГИЯЛЫҚ МОНИТОРИНГТІҢ АВТОМАТТАНДЫРЫЛҒАН АҚПАРАТТЫҚ ЖҮЙЕСІ» ЖОБАСЫ

Экологиялық мониторингтің автоматтандырылған ақпараттық жүйесі (бұдан әрі – ЭМААЖ) қоршаған ортаны қорғау саласында бірыңғай ақпараттық кеңістік құруға арналған.

Жобаның мақсаты:

- Қоршаған ортаны қорғау саласында бірыңғай ақпараттық кеңістік құру;
- Ықтимал экологиялық айыппұлдарды болдырмау үшін ашықтықты, жеделдікті арттыру және адам қателіктерін азайту.

ЭМААЖ негізгі міндеттері:

- Мемлекеттік органдарға қоршаған ортаны қорғау саласындағы есептілікті қалыптастыру процестерін автоматтандыру;

- Нормативтік рұқсат беру құжаттарының деректер базасын жүргізу және қоршаған ортаға эмиссиялар үшін төлемдерді есептеу;
- Технологиялық процестерде туындаған ақауларды өндірістік құрылымдармен уақтылы түзету арқылы әлеуетті нормативтен тыс эмиссияларға жедел ден қою;
- Өндірістік экологиялық бақылау нәтижелері бойынша қоршаған ортаның жай-күйіне жедел мониторинг жүргізу;
- HSE KMG жүйесімен синхрондау арқылы корпоративтік есептілікті қалыптастыру.

2023 жылғы өндірістік көрсеткіштер

- SOx шығарындыларының қарқындылығы – 0,23 (IOGP – 0,09)
- NOx шығарындыларының қарқындылығы – 0,36 (IOGP-0,35)
- Ілеспе мұнай газын (ІМГ) жағу қарқындылығы – 1,4 (IOGP – 8,6)
- ІМГ пайдалану коэффициенті – 98,9%
- Тарихи қалдықтар мен мұнаймен ластанған жерлерді қалпына келтіру: 1 145,04 мың тонна (2022 жыл – 693,7 мың тонна)
- CDP климаттық рейтингі: «С»
- CDP су қауіпсіздігі рейтингі: «С»

ЭКОЛОГИЯЛЫҚ КӨРСЕТКІШТЕР, КСШ ӨНДІРУДІҢ 1 МЫҢ ТОННА М.Б. ШАҚҚАНДА, ТОННА

Жыл	SOx шығарындылар индексі	NOx шығарындылар индексі	Шикі газды жағу қарқындылығы	Шикі газды кәдеге жарату деңгейі, %
2021	0,22	0,24	2,09	98
2022	0,21	0,31	1,5	98,8
2023	0,23	0,36	1,4	98,9

АТМОСФЕРАЛЫҚ АУАНЫ ҚОРҒАУ

305-5, 305-7

ҚМГ қоршаған ортаны қорғау мәселелеріне ерекше назар аударады, өйткені бұл халықтың денсаулығы мен әл-ауқатымен тікелей байланысты. Экологиялық саясат шеңберінде ҚМГ компаниялар тобының міндеттерінің бірі – цифрландыру арқылы қоршаған ортаны қорғау саласындағы процестерді үздіксіз жақсарту болып табылады.

Қоршаған ортаны қорғау бөлігінде ҚМГ үшін басым бағыттарға атмосфералық ауаға ластаушы заттардың шығарындыларын басқару, шикі газды алаулатып жағуды қысқарту, су ресурстарын, өндіріс қалдықтарын басқару және топырақ құнарлығын қалпына келтіру, биоәртүрлілікті сақтау жатады.

Алауларда газ жағудың азаюының арқасында ҚМГ бүкіл тобы бойынша атмосфераға ластаушы заттардың шығарындылары да азайды.

Қоршаған ортаға әсерді барынша азайту жөніндегі негізгі бағыттардың бірі – Компанияның өндірістік қызметі барысында атмосфералық ауаға ластаушы заттардың шығарындыларын азайту болып табылады. Атмосфералық ауаға ластаушы заттар шығарындыларын азайту жөніндегі іс-шаралар шеңберінде мынадай іс-шаралар іске асырылады:

- Мұнайды жылыту пештеріндегі техникалық ескірген оттықтарды кезең-кезеңімен ауыстыру жүргізілуде.
- Газды кешенді дайындау және өңдеу қондырғылары салынуда.
- Тік мұнай резервуарларында көмірсутектердің булануын болдырмау үшін понтондар орнатылған.
- Мұнайды жылытуға арналған пештерде, мысалы, ластаушы заттар шығарындыларының катализдік түрлендіргіштері орнатылған;
- Режимдік-реттеу жұмыстарының кестесіне сәйкес пештердің жанарғы

- құрылғыларының жай-күйін жүйелі бақылау жүзеге асырылады;
- Ұңғымаларды өндіруші қордан айдау қорына ауыстыру арқылы су айдау жүйесін кеңейту жүргізілуде;
 - Өндіруші мұнай ұңғымаларының сағалық жабдықтары жаңартылды;
 - Бу генерациясы мен ұңғымалардың жаңа алаңдары пайдалануға берілді;
 - Қазандықтардың оттықтарында және мұнай мен суды жылыту пештерінде мұнай мен ілеспе газдарды жағуға арналған орташа қысымды алауаралық инжекциялық жанарғы орнатылған.

Атмосфералық ауаға әсерді азайту үшін «энергия және ресурс үнемдеу және атмосфералық ауаға шығарындыларды 2031 жылға дейін азайту жөніндегі нысаналы көрсеткіштері бар іс-шаралар жоспары» бағдарламасы шеңберінде АМӨЗ қолданыстағы мұнай және мұнай өнімдері бар резервуарларды понтондармен толық жарақтандыру бойынша жұмыстар жалғасуда.

2022-2025 жылдар аралығында автобензин мен жеңіл мұнай сақтайтын резервуарларда 12

бірлік көлемінде понтондар орнату жұмыстары іске асырылуда. 2024-2025 жылдарға автобензинді сақтайтын үш резервуарға және жеңіл мұнайды сақтайтын екі резервуарға понтондарды орнату бойынша жұмыстар жоспарланған. Сондай-ақ, «Теңіз мұнайын қайта өңдеу» бағдарламасына сәйкес, 9 бензин мен жеңіл мұнай сақтайтын резервуарларға понтондар орнату жоспарлануда.

Понтондардың болуы мұнай өнімінің атмосфераға булануына жол бермейді, оның жоғалуын азайтады, сапасын сақтайды, объектінің өрт қауіпсіздігі мен жарылыс қаупін азайтады, сондай-ақ қоршаған ортаға теріс әсерін азайтады. Понтондарды резервуарларға орнату ең жақсы қол жетімді техникалар туралы анықтамалық жобада қарастырылған. Дизайнды Maxwell Continental Tank Serv Engineering BV (Нидерланды) компаниясы АМӨЗ-нің арнайы тапсырысы бойынша оның жоғалуын азайту, сапасын сақтау, объектінің өрт және жарылыс қаупін азайту, сондай-ақ қоршаған ортаға теріс әсерін азайту мақсатында әзірледі және дайындады.




Tazalyq жобасы шеңберінде жабық типтегі ағынды сулардың механикалық тазарту құрылыстарын қайта жаңартудың екінші кезеңі жалғасуда: орташа резервуарлар, сорғы станцияларының ғимараттары, өзін-өзі жуу сүзгілері мен флотаторлар алаңдары құрылысы бойынша жұмыстар жүргізілуде.

Бірінші кезең аяқталғаннан кейін жаңартылған механикалық тазарту қондырғыларында айына орта есеппен 12 000 м³ мұнай шламы өңделеді. 2023 жылдың қорытындысы бойынша сарқынды суларды мұнай өнімдерінен тазарту тиімділігінің көрсеткіші 83%-ға жетті, ал

сарқынды суларды өлшенген заттардан тазарту тиімділігі 20%-ға артты. Мұнай шламын тұрақты өңдеу есебінен өңдеуге қайтарылған мұнай көлемі айына орта есеппен 3 280 тоннаны құрайды.

Осылайша, 2023 жылы өңдеуге 39 653 тонна тауарлық мұнай өнімі қайтарылды. Бұл экологиялық жағдайдың жақсаруына және қоршаған ортаға антропогендік әсердің төмендеуіне, флора мен фаунаның жақсаруына және зиянды факторлардың адам денсаулығына әсерінің төмендеуіне әкелді.



Компания негізінен елді мекендердің жанында немесе шегінде орналасқан өзінің өндірістік объектілерінен қоршаған ортаға шығарындылар мен табиғи ресурстардың мониторингіне ерекше назар аударады. ҚМГ өндірістік қызмет нәтижесінде қоршаған ортаға теріс әсерді тиімді төмендету мақсатында қоршаған орта компоненттеріне (атмосфералық ауа, су ресурстары, топырақ жамылғысы және басқалар) тұрақты мониторинг жүргізеді.

Экологиялық мониторинг – бұл қоршаған ортаның сапасы туралы алынған деректерді бақылау, өлшеу, жинау, жинақтау, сақтау, есепке алу, жүйелеу, жалпылау, өңдеу және талдаудың, сондай-ақ олардың негізінде экологиялық ақпарат өндірудің кешенді жүйесі.

Елді мекендерде атмосфералық ауаның сапасын қамтамасыз ету үшін ҚМГ компаниялар тобында атмосфералық ауаға ластаушы заттардың деңгейін төмендету жобалары іске асырылады, сондай-ақ ауа сапасын бақылау жүйелерін ұйымдастыру және санитарлық-қорғау аймақтарының шекараларында ауа сапасын бақылаудың стационарлық бекеттерін орнату жөнінде шаралар қабылданады.

I санаттағы объектілердің операторлары үшін Қазақстан Республикасы Экологиялық кодексінің 418-бабының 16-тармағына сәйкес

2023 жылғы 1 қаңтардан бастап эмиссияларды мониторингілеудің автоматтандырылған жүйесінің (бұдан әрі – АМЖ) міндетті түрде болуы туралы талап қолданылады. АМЖ эмиссиялардың негізгі стационарлық көздеріндегі қоршаған ортаға эмиссиялардың көрсеткіштерін қадағалайды және уәкілетті органның ақпараттық жүйесімен онлайн-байланысы болады.

2023 жылы «Маңғыстаумұнайгаз» АҚ және «Қазақойл Ақтөбе» ЖШС «Ұлттық ақпараттық технологиялар» АҚ-ға (ҰАТ) қосылу арқылы ҚР Экология және табиғи ресурстар министрлігіне (ҚР ЭТРМ) автоматтандырылған мониторинг жүйесінен деректерді онлайн-режимде беруді жүзеге асырды. ҚМГ-ның қалған объектілерінде АМЖ орнату жұмыстары жалғасуда.

ҚМГ компаниялар тобы бойынша атмосфералық ауаға барлық ластаушы заттар шығарындыларының нормативтік көлемі 2023 жылы 119,5 мың тоннаны құрады (2022 жылы: 120,6 мың тонна).

- **Мыңшарипова Сая Найманбайқызы** – Комитет мүшесі.

ҚАУІПСІЗДІК, ЕҢБЕКТІ ҚОРҒАУ, ҚОРШАҒАН ОРТАНЫ ҚОРҒАУ ЖӘНЕ ОРНЫҚТЫ ДАМУ КОМИТЕТІ:

- **Жұбаев Арманбай Сапарбайұлы** – Комитеттің төрағасы;
- **Арғынғазин Арман Әнуарбекұлы** – Комитет мүшесі;
- **Қарабалин Ұзақбай Сүлейменұлы** – Комитет мүшесі.

Директорлар кеңесінің тоғыз мүшесінің ішінен Қазақстан азаматтары – сегіз адам, Ұлыбритания – бір адам.

ӨКІЛЕТТІК МЕРЗІМІ

Директорлар кеңесінің өкілеттік мерзімі үш жылды құрайды. Директорлар кеңесінің мүшелері Директорлар кеңесінің құрамын сапалы жаңарту қажеттілігі ескеріле отырып, ерекше қаралған кезде қатарынан алты жылдан астам мерзімге қайта сайлануы мүмкін. Ерекше жағдайларда тоғыз жылға дейін мерзімге сайлауға жол беріледі (тәуелсіз директорлар үшін бұл жағдайда барлық мүдделі тараптарға Компания ашатын осындай қажеттіліктің егжей-тегжейлі және сенімді негіздемесі дайындалады).

Бұл ретте ҚМГ-да жүргізілген корпоративтік басқарудың тәуелсіз диагностикасының нәтижелері бойынша Компанияның Директорлар кеңесінде акционерлер мен тәуелсіз директорлар өкілдерін неғұрлым ұзақ сақтау мақсатында Акционермен қарым-қатынасты талқылау мүмкіндігін қарау

Компания Директорлар кеңесі құрамындағы тәуелсіз директорлар саны бөлігінде корпоративтік басқару кодексінің талаптарына сәйкес келеді, оған сәйкес тәуелсіз директорлар саны Директорлар кеңесі мүшелерінің жалпы санының 50%-на дейін құрайды.

Директорлар кеңесінің төрағасы «Самұрық-Қазына» АҚ мүдделер өкілі болып табылады, ҚМГ Директорлар кеңесінің барлық комитеттерін тәуелсіз директорлар басқарады.

31.12.2023Ж. ЖАҒДАЙ БОЙЫНША ДИРЕКТОРЛАР КЕҢЕСІ МҮШЕЛЕРІНІҢ ЖАЛПЫ САНЫ – 9, ОНЫҢ ІШІНДЕ:

- тәуелсіз директорлар – 5,
- «Самұрық-Қазына» АҚ өкілдері – 3;
- атқарушы директор (Басқарма төрағасы) — 1.

туралы ұсыныс алды. Сондай-ақ өкілдердің өкілеттік мерзімін Компанияның таңдалған Стратегиясының кезеңіне сәйкес келтіру туралы мәселені зерделеу қажеттілігі туралы ұсыныс берілді. Тәуелсіз консультанттың пікірінше, бұл мынадай артықшылықтар бере алады: жекелеген директорлардың бес-алты жылға созылатын өкілеттік мерзімі және оларды әр жылдары ротациялау Компанияның қызметі мен оның корпоративтік басқару процестері туралы білімнің сабақтастығын қамтамасыз етеді. Директорлар кеңесінде ұзақ уақыт болу орындалатын жұмыстың сапасын арттыруға және Компанияның стратегиясын іске асыру жолында табысты ілгерілеуі үшін жауапкершілікті арттыруға ықпал етеді.

Директорлар кеңесі мен оның Комитеттерінде барлық акционерлерге әділ қарым-қатынас және орнықты даму қағидаттары ескеріле

отырып, және ҚМГ мүддесінде тәуелсіз, дәйекті және тиімді шешімдер қабылдануын қамтамасыз ететін дағдылар, тәжірибе мен білім теңгерімін сақтау қамтамасыз етіледі. «Акционерлік қоғамдар туралы» Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 13 мамырдағы №415-II Заңының 54-бабының 4-тармағына және ҚМГ Корпоративтік басқару кодексінің 5-тарауының 9-тармағына сәйкес Басқарма төрағасынан басқа Басқарма мүшелері Директорлар кеңесіне сайлана алмайды,

ҚМГ Басқармасы 2023 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша 9 адамнан тұрады.

БАСҚАРМА ҚҰРАМЫНА:

Мырзағалиев Мағзұм Маратұлы	Басқарма төрағасы
Абдулгафаров Дастан Елемесұлы	Басқарма төрағасының орынбасары
Арысова Диана Айдарқызы	Басқарма төрағасының орынбасары
Брекешев Серікқали Аманғалиұлы	Басқарма төрағасының орынбасары
Закиров Болат Калавьянович	Басқарма төрағасының орынбасары
Құдайбергенов Қуаныш Мерекеұлы	Басқарма төрағасының орынбасары
Лавренов Василий Сергеевич	Басқарма төрағасының орынбасары
Макеев Дмитрий Сергеевич	Басқарма төрағасының орынбасары
Хасанов Дәулетжан Кеңесұлы	Басқарма төрағасының орынбасары

Басқарма өз қызметін ҚМГ Басқармасының 23.12.2022ж. шешімімен (№68 хаттама) бекітілген «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ Басқармасының 2023 жылға арналған жұмыс жоспарына сәйкес жүзеге асырды.

Жұмыс регламентіне сәйкес Басқарманың іштей отырыстары апта сайын өткізілді.

Көрсетілген сандық деректер Басқарманың іштей отырыстарын өткізу жүйелілігін куәландырады, бұл ҚМГ Корпоративтік басқару кодексінің ережелеріне толық сәйкес келеді.

бұл ретте Басқарма төрағасы Директорлар кеңесінің төрағасы болып сайлана алмайды.

Директорлар кеңесінің мүшелері туралы ақпарат ҚМГ веб-сайтында толығырақ берілген:

<https://www.kmg.kz/ru/sustainable-development/corporate-governance/directors-board>

2023 жыл ішінде ҚМГ Басқармасы іштей отырыстарда **572 шешім (100%)** қабылдады. Атқарушы орган отырыстарының **59 хаттамасы** ресімделді.

2023 жылдың 12 айының қорытындысы бойынша қабылданған Басқарманың күндізгі шешімдерінің жалпы санынан **154 мәселе** белгіленген тәртіппен **ҚМГ Директорлар кеңесінің қарауына шығарылды.**

2023 жылғы қаңтар-желтоқсан аралығында Басқарма шешімдерімен мыналар **бекітілді**:

- «КазМұнайГаз» ҰК АҚ компаниялар тобының кейбір ұйымдарының 2023 жылға арналған базалық тарифтік ставкасы;
- «КазМұнайГаз» ҰК АҚ компаниялар тобында өндірістік қауіпсіздіктің, еңбекті және қоршаған ортаны қорғаудың жай-күйін жақсартудың 2023–2027 жылдарға арналған Жол картасы;
- түзетілген Даму жоспары / КазМұнайГаз ҰК АҚ-ның 2023–2027 жылдарға арналған Бизнес-жоспары;

- «КазМұнайГаз» ҰК АҚ 2023 жылға түзетілген бюджеті;
- «КазМұнайГаз» ҰК АҚ-ның 2024–2028 жылдарға арналған бизнес-жоспары;
- «КазМұнайГаз» ҰК АҚ Басқармасының 2024 жылға арналған жұмыс жоспары;
- «КазМұнайГаз» ҰК АҚ 2023 жылға арналған бюджеті.

Сонымен қатар **36 шешіммен** ҚМГ-ның жекелеген ішкі құжаттарына өзгерістер мен толықтырулар бекітілді.

ЭКОНОМИКАЛЫҚ, ЭКОЛОГИЯЛЫҚ ЖӘНЕ ӘЛЕУМЕТТІК ТАҚЫРЫПТАР ҮШІН ЖАУАПКЕРШІЛІК

2-13

Корпоративтік басқару кодексіне сәйкес Директорлар кеңесі мен Басқарма өз құзыреті шеңберінде Орнықты даму саласында тиісті жүйені қалыптастыруды және оны енгізуді қамтамасыз етеді, бұл ретте лауазымды тұлғалар мен барлық деңгейдегі барлық қызметкерлер орнықты дамуға үлесін қосады.

адамдардың қарауына шығару; жанжалды жағдайларды тұрақтандыру жөнінде ұсыныстар ұсыну арқылы жауап береді.

Атқарушы орган деңгейінде **орнықты даму мәселелерін шешу үшін жауапкершілік** былайша бөлінген:

- Басқарма төрағасының орынбасарлары:** орнықты даму қағидаттарының сақталуын қамтамасыз ететін орнықты даму саласында басқару жүйесін құру және енгізу, сондай-ақ орнықты дамуды негізгі процестерге, Компанияның даму стратегиясына, шешім қабылдау процестеріне интеграциялау, Компанияның төмен көміртекті даму және ESG-рейтинг мәселелері, сондай-ақ қатысу өңірлерінің экономикалық дамуына жәрдемдесу мәселелерін қоса алғанда, орнықты дамудың экономикалық құрамдас бөлігі мәселелерінің кешенін шешу мәселелері;
- Еңбекті және қоршаған ортаны қорғау департаментінің директоры:** еңбекті қорғау, өнеркәсіптік қауіпсіздік және қоршаған ортаны қорғау саласындағы ҚМГ стратегиясы мен саясатын қалыптастыру және іске асырылуын қамтамасыз ету мәселелері, сондай-ақ тұтастай алғанда, өндірістік қауіпсіздікті, денсаулықты қорғауды, еңбекті қорғауды, қоршаған

2023 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша басқару органы деңгейінде орнықты даму мәселелерін шешу үшін жауапкершілік былайша бөлінді:

- Комплаенс қызметі** сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл және ҚМГ компаниялар тобының ішкі корпоративтік мәдениетін қалыптастыру мәселелері бойынша міндетті реттеуші талаптар мен үздік халықаралық тәжірибенің сақталуына, қызметкерлер арасында ашықтықты, адалдықты қамтамасыз етуге, сондай-ақ Қазақстан Республикасының үздік халықаралық стандарттарына, ішкі саясаттары мен заңнамаларына сәйкес бизнесті жүргізу үшін жағдайлар жасауға бағытталған, Директорлар кеңесіне есеп береді;
- Омбудсмен қызметі** Компанияның барлық қызметкерлерінің әділдігі мен мүдделерін сақтауға: даулар мен жанжалдардың алдын алу және реттеу; жүйелі сипаттағы және шешуді талап ететін проблемалық мәселелерді тиісті органдар мен лауазымды

ортаны және экологиялық қауіпсіздікті қамтамасыз ету мәселелері;

- Төмен көміртекті даму департаментінің директоры:** парниктік газдар шығарындыларын басқару, энергетикалық менеджмент жүйесін енгізу мәселелері, сондай-ақ төмен көміртекті жобаларды іске асыруға жәрдемдесу және көміртегі ізін азайту саласындағы ҚМГ нысаналы бағдарларына сәйкес жетекшілік ететін бағыт бойынша қызметті жетілдіру.
- Адами ресурстарды басқару департаментінің директоры:** процестерді іске асыру және орнықты дамудың еңбек, кадр және әлеуметтік аспектілерін басқару мәселелері;

Жоғарыда аталған адамдар ҚМГ Басқарма төрағасына есеп береді. Экономикалық, экологиялық және әлеуметтік мәселелерді шешу үшін жауапты тұлғалардың есеп беруі

ішкі нормативтік құжаттармен, ішкі бақылау және Компания қызметінің үздіксіздігі рәсімдерімен егжей-тегжейлі реттеледі. Аталған мәселелер Басқарма мен Директорлар кеңесінің қарауына шығарылады. Бұл ретте Директорлар кеңесінің отырыстарында тиісті мәселелер қаралғанға дейін Директорлар кеңесінің комитеттері мынадай бөлініске сәйкес Директорлар кеңесі үшін ұсынымдар әзірлейді: корпоративтік басқаруды жетілдіру жөніндегі функциялар мен іс-шаралардың орындалуын кешенді бақылау ҚМГ Директорлар кеңесінің Аудит жөніндегі комитетіне бекітілді, ұйым көрсететін әсердің экономикалық, экологиялық және әлеуметтік аспектілері бойынша бастамашылық жасау, терең қарау және шешім қабылдау, сондай-ақ ҚМГ-да орнықты дамудың енгізілуін бақылау ҚМГ Директорлар кеңесінің еңбек қауіпсіздігі, еңбекті қорғау және орнықты даму комитетіне бекітілді.

МҮДДЕЛІ ТАРАПТАРҒА ЭКОНОМИКАЛЫҚ, ЭКОЛОГИЯЛЫҚ ЖӘНЕ ӘЛЕУМЕТТІК ТАҚЫРЫПТАР БОЙЫНША КЕҢЕС БЕРУ

2-12, 2-14, 2-16, 2-25

Мүдделі тараптар мен Компанияның жоғары корпоративтік басқару органы арасындағы экономикалық, экологиялық және әлеуметтік мәселелер бойынша консультациялар әртүрлі тәсілдермен тұрақты негізде жүргізіледі.

орнықты даму саласындағы мақсаттар мен ҚНҚ айқындауды, ҚМГ-да орнықты дамудың енгізілуін, ҚМГ-ның негізгі процестеріне орнықты дамуды интеграциялауды бақылауды жүзеге асырады.

Мысалы, **ЕҚЕҚОҚОДК** жоғарыда аталған лауазымды тұлғалардың қызметіне жалпы басшылықты жүзеге асырады.

2023 жылы ЕҚЕҚОҚОДК-ның басты назары еңбекті қорғау, өнеркәсіптік қауіпсіздік және қоршаған ортаны қорғау, ESG аспектілерін стратегиялық басқару, сондай-ақ орнықты даму жүйесін енгізу мәселелерінде болды.

2023 жылы ЕҚЕҚОҚОДК 5 отырысы өткізіліп, онда **31 мәселе** қаралды.

ҚМГ Директорлар кеңесінің **ЕҚЕҚОҚОДК** орнықты даму мәселелерін қарауды және ұйымдастыруды, орнықты даму саласындағы саясатты, ҚМГ орнықты даму туралы жыл сайынғы есебін, орнықты даму саласындағы іс-шаралар жоспарларын және бекітілуі Директорлар кеңесінің құзыретіне жататын өзге де ішкі құжаттарды, орнықты дамудың әлеуметтік, экономикалық және экологиялық компоненттерін енгізу, орнықты даму саласындағы басқару жүйесін қалыптастыруды,

ЕҚЕҚОҚОДК 2023 жылғы күн тәртібіндегі негізгі мәселелерге мыналарды жатқызуға болады:

- Еңбекті қорғау, өндірістік қауіпсіздік және қоршаған ортаны қорғау мәселелері бойынша есеп
- «КазМұнайГаз» ҰК АҚ-ның 2022–2031 жылдарға арналған Төмен көміртекті даму бағдарламасының іске асырылу мәртебесі
- ҚМГ ESG рейтингі туралы
- «КазМұнайГаз» ҰК АҚ ESG тәуекел-рейтингін жақсарту жөніндегі іс-шаралар жоспарын бекіту туралы

- «КазМұнайГаз» ҰК АҚ-да және оның бизнес-бірліктерінде орнықты даму жүйесін енгізу және орнықты даму қағидаттарын негізгі бизнес-процестерге енгізу туралы мәртебе-есеп
- «КазМұнайГаз» ҰК АҚ-ның Орнықты даму мақсаттарына қол жеткізуге қосқан үлесі туралы
- «КазМұнайГаз» ҰК АҚ-ның климат саласындағы корпоративтік басқару жөніндегі іс-қимыл жоспарын әзірлеу және TCFD ұсынымдарына сәйкес ашуды дайындау» жобасы бойынша жұмыс нәтижелері туралы

Бұдан басқа ЕҚЕҚОҚОДК 2023 жылы «КазМұнайГаз» ҰК АҚ-ның 2022 жылғы Орнықты даму туралы есебін қарап, мақұлдады.

ЕҚЕҚОҚОДК жұмысына қатысу үшін Комитет отырыстарына дауыс беру құқығынсыз ҚМГ лауазымды тұлғалары мен қызметкерлері үнемі шақырылып отырды. ҚМГ Директорлар кеңесі Комитет әзірлеген ұсынымдардың әрқайсысын қабылдады.

Экономикалық, экологиялық және әлеуметтік проблемалар бойынша мүдделі тараптардың кең тізбесіне кеңес беру Компанияның

СЫНИ МАҢЫЗДЫ МӘСЕЛЕЛЕР ТУРАЛЫ АҚПАРАТТАНДЫРУ

2-16

ҚМГ Директорлар кеңесін сыни маңызды проблемалар туралы ақпараттандыру Компанияның қызметі туралы тұрақты есептер арқылы жүзеге асырылады, оның ішінде, бірақ аталғандармен шектелмейді: ҚМГ Басқарма төрағасының қызметтегі негізгі өзгерістер туралы есебі, еңбекті және қоршаған ортаны қорғау жөніндегі ақпарат, қаржы-шаруашылық қызметтің алдын ала нәтижелері бойынша есеп, Ресей Федерациясына қатысты санкциялардың ҚМГ қызметіне әсері туралы ақпарат*, жасалуына мүдделілік бар, Басқарма шешім қабылдап жасалған мәмілелер туралы есеп, стратегияны, қызметтің негізгі көрсеткіштері мен инвестициялық жобаларды

веб-сайты, жұртшылықпен өзара іс-қимыл жөніндегі қызмет (Баспасөз қызметі) арқылы, сондай-ақ орнықты даму саласындағы ақпаратты ашу мәселелері бойынша сыртқы және ішкі мүдделі тараптармен ҚМГ-ның орталық коммуникациялар арнасы болып табылатын Орнықты даму туралы жыл сайынғы есеп шығару арқылы жүргізіледі. Сонымен қатар ҚМГ-да мүдделі тараптармен және Компаниямен тиісті түрде диалог құруға мүмкіндік беретін түрлі коммуникация тәсілдері бар. Мысалы, инвестициялық қоғамдастыққа арналған ақпарат: <https://www.kmg.kz/investors/> арнайы порталында орналастырылады, жұмысқа орналастыру мәселелері <https://work.kmg.kz/#/> порталында орналастырылады, қызметкерлердің құқықтары мен заңды мүдделерін бұзу мәселелері бойынша nysana@csc.kz жылдам жүйесіне жүгінуге болады, құпия ақпараттандыру жүйесі <https://www.sk-hotline.kz/#/> интернет-порталы арқылы қолжетімді, сондай-ақ Омбудсмен қызметінің мәселелері бойынша функционалдық өзара іс-қимыл ombudsman@kmg.kz, еңбекті және қоршаған ортаны қорғау мәселелері hse@kmg.kz және орнықты даму sustainability@kmg.kz арқылы жүзеге асырылады.

орындау мәртебесіне шолу, ҚМГ-ның шоғырландырылған даму жоспарын іске асыру туралы есеп, тәуекелдер жөніндегі есеп, Директорлар кеңесі шешімдерінің орындалуы туралы есеп, сондай-ақ Директорлар кеңесі комитеттері төрағаларының есептері.

Жоғарыда көрсетілген есептерден басқа, ДК дереу хабарлау қажет болатын мәселелерді мезгіл-мезгіл айқындап отырады, мысалы, ҚМГ тобындағы ағымдағы жағдай, операциялық қызмет және т.б. туралы, қаржылық көрсеткіштер туралы, ҚМГ тобы компанияларындағы еңбекті және қоршаған ортаны қорғау саласындағы елеулі оқиғалар

туралы ақпарат, соның ішінде өрт туралы есептер (мұндай оқиғалар есепті кезеңнен кейін болған болса да). ҚМГ Директорлар кеңесінің Қауіпсіздік, еңбекті, қоршаған ортаны қорғау және орнықты даму жөніндегі комитеті ҚМГ-да және оның бизнес-бірліктерінде орнықты даму жүйесін енгізу және орнықты

МАҢЫЗДЫ МӘСЕЛЕЛЕРДІҢ СИПАТЫ МЕН САНЫ

Директорлар кеңесінің әрбір іштей отырысында қаралатын ҚМГ еңбекті және қоршаған ортаны қорғау жөніндегі ақпаратты қарау шеңберінде есепті кезеңге қарамастан, ҚМГ тобының компанияларындағы еңбекті және қоршаған ортаны қорғау саласындағы кез келген оқиғалар туралы Директорлар кеңесінің мүшелерін жедел ақпараттандыру тапсырмасы берілді.

Бұдан басқа, ЕҚЕҚОҚОДК ҚМГ-да және оның бизнес-бірліктерінде орнықты даму жүйесін енгізу және орнықты даму қағидаттарын негізгі бизнес-процестерге енгізу туралы мәртебе-есеп, сондай-ақ ҚМГ-ның ESG тәуекел-рейтингі және Төмен көміртекті даму бағдарламасының іске асырылу мәртебесі туралы мәселені тыңдайды.

ҚМГ компаниялар тобының еңбекті қорғау және өнеркәсіптік қауіпсіздік саласындағы саясаты жоғары басшылықтың еңбекті қорғау және өнеркәсіптік қауіпсіздік мәселелеріне бейілділігіне негізделген және әрбір қызметкерді қауіпсіздік мәдениетін дамытуға тартуға бағытталған.

*Анықтама

Компанияның перспективалық жобаларына нақты әсер етуі мүмкін санкциялардың ықтимал кеңеюін ескере отырып, теріс әсерлер мен салдарларды азайту үшін қолданыстағы санкциялардың мониторингін жүзеге асырады. Тәуекелдерді азайту мақсатында Компания санкциялық режим күшейтілген жағдайда жобалардан шығу немесе оларды өз бетінше іске асыру тетіктерін көздейді. Санкциялардың ҚМГ қызметіне әсерін талдау және қажетті шараларды әзірлеу жөніндегі жұмыс тобы құрылды. Санкциялардың ҚМГ қызметіне әсері туралы шоғырландырылған ақпарат ҚМГ ДК-ға, Қорға, ҚР ЭМ-ге және ҚМГ мүдделі бөлімшелеріне мерзімдік негізде беріліп отырады.

даму қағидаттарын негізгі бизнес-процестерге енгізу туралы есептерді, сондай-ақ ESG (Environmental-Social-Governance) рейтингінің деңгейін арттыру жөніндегі жұмыстардың мәртебесі туралы ақпаратты үнемі қарап талқылайды).

БАСҚАРУ ОРГАНЫН НОМИНАЦИЯЛАУ ЖӘНЕ ІРІКТЕУ

2-10

Директорлар кеңесінің мүшелігіне кандидаттарды ұсыну және іріктеу тәртібі

Директорлар кеңесінің мүшелігіне кандидаттарды ұсыну және іріктеу тәртібі ҚМГ Жарғысымен және өзге де нормативтік құжаттармен айқындалады, оны Акционерлердің жалпы жиналысы Директорлар кеңесінің төрағасымен және Тағайындаулар мен сыйақылар жөніндегі комитеттің төрағасымен бірлесіп жүзеге асырады, сондай-ақ ол кандидатураларды іздестіру мен жалдауды жүзеге асыру кезінде ашықтық, әділдік және кәсіпқойлық қағидаттарына негізделеді.

Директорлар кеңесінің мүшелері акционерлердің және өзге де тұлғалардың өкілдері ретінде сайлауға ұсынылғандар арасынан сайланады. Директорлар кеңесінің мүшелігіне кандидаттардың лауазымдық функцияларын орындау үшін және ұзақ мерзімді құнның өсуін және Компанияның орнықты дамуын қамтамасыз ету үшін қажетті білімі, дағдылары мен тәжірибесі болуы, сондай-ақ мінсіз іскерлік беделі болуы тиіс.

Директорлар кеңесінің төрағасы мен мүшелері Акционерлердің жалпы жиналысында сайланады.

Тәуелсіз директорлар «Самұрық-Қазына» АҚ Басқармасының 2016 жылғы 26 қыркүйектегі шешімімен, №35/16 хаттама, бекітілген «Самұрық-Қазына» АҚ компаниялары Директорлар кеңесінің/Байқау кеңесінің құрамдарын қалыптастыру жөніндегі қағидаларға сәйкес іріктеледі.

Мүдделер қақтығысы

2-15

Компаниядағы мүдделер қақтығысын реттеу жөніндегі негізгі процестер ҚМГ Директорлар кеңесі бекіткен ҚМГ және оның ЕТҰ қызметкерлері мен лауазымды тұлғаларының мүдделер қақтығысын реттеу жөніндегі саясатта, сондай-ақ Іскерлік әдеп кодексінде көрсетілген.

Атқаратын лауазымына қарамастан, Компанияның әрбір қызметкері мен әрбір лауазымды тұлғасы осы Саясаттың талаптарының сақталуы үшін жауапты болады. Қазіргі уақытта Компанияда жұмысқа қабылдау/лауазымға тағайындау/жаңа лауазымға тағайындау және кірісу кезінде қызметкерлердің және/немесе лауазымды тұлғалардың ықтимал мүдделер қақтығысы туралы ақпаратты бастапқы ашу рәсімі енгізілді. Бұл Ашу мынадай ақпаратты қамтиды: 1) ҚМГ және оның ЕТҰ контрагент компанияларындағы/бәсекелестеріндегі бенефициарлық иеленуі/үлестік қатысуы және басшылық етуі туралы мәліметтер; 2) ҚМГ және оның ЕТҰ контрагенттерінің немесе бәсекелестерінің жеке және алқалы органдарына қатысуы туралы мәліметтер; 3) ҚМГ және оның ЕТҰ контрагенттерімен өзара іс-қимылы туралы мәліметтер; 4) ҚМГ және/немесе оның ЕТҰ-ға тиесілі активтерді және/немесе бағалы қағаздарды сатып алу ниеті туралы мәліметтер және т.б. Комплаенс саласындағы ҚМГ-ның мүдделер қақтығысының бар-жоғы және саясаттардың және/немесе өзге де құжаттардың талаптары мен рәсімдерінің сақталуы, оның ішінде «Самұрық-Қазына»

АҚ компаниялар тобының лауазымды тұлғаларында жұмысқа қабылдауға, басшы лауазымдарға тағайындауға кандидаттар ретінде қаралатын тұлғалармен, сондай-ақ жасалуына ҚМГ-ның мүдделілігі бар мәмілелер жасасу кезінде үлестестік белгілерінің бар-жоғы тұрғысынан тексеру жүргізу көзделген. Жоғарыда көрсетілген тұлғалардан «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» ҚР 2015 жылғы 18 қарашадағы №410-V ҚРЗ Заңына сәйкес сыбайлас жемқорлыққа қарсы шектеулерді қабылдауға келісім жинау қосымша жүзеге асырылады.

Мақсаттарды, құндылықтарды, миссияларды және стратегияларды айқындаудағы басқару органының рөлі

2-12

ҚМГ Директорлар кеңесі стратегиялық жоспарлау және ҚМГ даму стратегиясын іске асыру мәселелеріне белсенді қатысады.

ҚМГ-ның стратегиялық бастамаларына бақылауды жүзеге асыру және уақтылы түзету шараларын қабылдау мақсатында Директорлар кеңесі ҚМГ Басқарма төрағасының қызметтің негізгі өзгерістері жөніндегі есебін, еңбекті және қоршаған ортаны қорғау жөніндегі ақпаратты, қаржы-шаруашылық қызметтің алдын ала нәтижелері жөніндегі есепті, жасалуына мүдделілік бар, жасасу туралы шешімдерін Басқарма қабылдаған жасалған мәмілелер туралы есепті, Даму стратегиясының, ҚНК және инвестициялық жобалардың орындалу мәртебесіне шолуды, ҚМГ-ның шоғырландырылған даму жоспарының іске асырылуы туралы есепті, Директорлар кеңесі комитеттері төрағаларының есептерін, Директорлар кеңесі шешімдерінің орындалуы туралы есепті, сондай-ақ Директорлар кеңесіне есеп беретін қызметтердің қызметі туралы есептерді үнемі тыңдайды.

Директорлар кеңесі ҚМГ қызметінің басым бағыттарын айқындауға және ҚМГ Даму стратегиясын бекітуге, сондай-ақ оның іске асырылуына мониторингті жүзеге асыруға жауапты болады.

2023 жылғы 26 шілдеде кесте бойынша жоспарланған отырыс өткізілді, оның шеңберінде Даму стратегиясы және сыртқы факторларды талдау мәселелері және олардың 2021 жылғы 3 қарашадағы Директорлар кеңесінің шешімімен (№17/2021 хаттама) бекітілген 2022–2031 жылдарға арналған ҚМГ Даму стратегиясына әсері қаралды. ҚМГ-ның қолданыстағы Даму стратегиясының өзектілігі, оның ішінде оның «Самұрық-Қазына» АҚ жүргізіп жатқан реформасына және сыртқы факторларға сәйкестігі, сондай-ақ ҚМГ-ның ірі мұнай-газ активтеріне қатысты стратегиясы бойынша ағымдағы мәртебесі мәселесі қаралды.

Директорлар кеңесі 2023 жылы бірқатар стратегиялық мәселелерді қарады:

- Шетелдік нарықтарға мұнай жеткізудің баламалы бағыттары
- «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ-ның 2024–2028 жылдарға арналған шоғырландырылған бизнес-жоспары туралы
- ҚМГ қызметінің корпоративтік негізгі көрсеткіштерін және олардың нысаналы мәндерін бекіту
- ҚМГ орталық аппаратының құрылымын бекіту
- ҚМГ-ның 2028 жылға дейінгі Даму стратегиясының іске асырылуы туралы 2022 жылға арналған есеп туралы
- Инвестициялық жобалардың іске асырылу мәселелері
- Басшы қызметкерлер қызметінің уәждемелік негізгі көрсеткіштерінің карталарын және олардың нысаналы мәндерін бекіту
- ҚМГ-ның мұнай сатып алу, мұнай өнімдерін сатып алу-сату туралы шарттар жасасуы
- ҚМГ-ның 2022 жылғы таза кірісін бөлу тәртібі және ҚМГ-ның бір жай акциясына есептегендегі дивиденд мөлшері туралы
- ҚМГ облигацияларын шығару туралы және ҚМГ облигацияларын шығару шарттарын айқындау туралы
- ҚМГ-ның 2022 жылғы Жылдық есебін бекіту
- ҚМГ-ның 2022 жылғы Орнықты дамуы туралы есепті бекіту

- 2025 жылы өтеуге жататын орта мерзімді жаһандық ноталарды мерзімінен бұрын өтеу (сатып алу) және мерзімінен бұрын өтеу (сатып алу) бағасын айқындау туралы
- Сооperatieve KazMunaiGaz U.A-ның «Самұрық-Қазына» АҚ-дан «ҚМГ Қашаған Б. В.» ЖШЖК акцияларының 50%-ын кері сатып алуын жүзеге асыру туралы
- ҚМГ стратегиялық емес активтерін шығару жөніндегі жол карталарын бекіту туралы
- ҚМГ стратегиялық емес активтерінің тізбесін бекіту туралы
- Киберқауіпсіздік мәселелері
- ҚМГ-ның 2022–2031 жылдарға арналған Даму стратегиясының өзектілігі

2023 жылғы 6 қазанда орнықты даму мәселелері бойынша ҚМГ Директорлар кеңесінің жыл сайынғы отырысы өткізілді, оның шеңберінде мынадай өзекті мәселелер бойынша талқылау өтті:

- «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ орнықты даму жүйесі және ESG-тәуекел рейтингі туралы
- «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ үшін TCFD ұсынымдары және қаржылық есептіліктің жаңа стандарттары бойынша ақпаратты ашу
- «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ Төмен көміртекті даму бағдарламасының іске асырылу мәртебесі

Директорлар кеңесі Компания жұмыскерлері мен оның мердігерлерінің барлық өндірістік объектілеріндегі экология және қоршаған ортаны қорғау, өмірі мен денсаулығы мәселелерінің жоғары басымдылығын, кадрлық әлеуетті дамытуды және орнықты даму саласындағы жалпыға бірдей танылған жаһандық мақсаттарға бейілділікті түсінеді, сондықтан орнықты дамуды және өндірудің көміртегі сыйымдылығын үдемелі төмендетуді ҚМГ-ның негізгі стратегиялық мақсаттарының бірі ретінде айқындайды, бұл «Самұрық-Қазына» АҚ-ның пайымына, Қазақстан Республикасының Даму стратегиясына және әлемдік инвестициялық қоғамдастықтың күн тәртібіне сәйкес келеді.

ОРНЫҚТЫ ДАМУ САЛАСЫНДАҒЫ ЕСЕПТІ ДАЙЫНДАУДАҒЫ ЖОҒАРЫ КОРПОРАТИВТІК БАСҚАРУ ОРГАНЫНЫҢ РӨЛІ

2-14

Компанияның Жарғысына сәйкес Орнықты даму туралы есепті бекіту ҚМГ Директорлар кеңесінің құзыретіне жатады.

ҚМГ Директорлар кеңесінің Қауіпсіздік, еңбекті, қоршаған ортаны қорғау және орнықты даму жөніндегі комитеті ҚМГ Директорлар кеңесі үшін Орнықты даму саласындағы есепті бекіту туралы ұсынымды тексеретін және әзірлейтін ҚМГ органы болып табылады.

GRI жаңа стандарттарына сәйкес орнықты даму туралы есепте маңызды тақырыптарды ашу (GRI 3: Material Topics 2021) әрбір есепті кезеңде және ДК мүшелерінің тікелей қатысуымен айқындалады.

Орнықты дамуы туралы есепте келтірілген деректерді растау үшін тәуелсіз тарап оны верификациялауды жүзеге асырады, бұл өз кезегінде есепте ашылатын ақпараттың сенімділігін және инвесторлар тарапынан сенімділікті арттыруға және соның салдарынан ҚМГ-ның инвестициялық тартымдылығын жақсартуға ықпал етеді.

БАСҚАРУ ОРГАНЫНЫҢ ҚҰЗЫРЕТТІЛІГІ ЖӘНЕ ҚЫЗМЕТІН БАҒАЛАУ

Басқару органы мүшелерінің ұжымдық білімі

2-17

Директорлар кеңесінің мүшелері өз дағдылары мен кәсібилігін, соның ішінде экономикалық, экологиялық және әлеуметтік аспектілерді басқару бөлігінде ұдайы арттыруға ұмтылады. Тағайындаулар мен сыйақылар жөніндегі комитет тұрақты негізде Директорлар кеңесі мүшелерінің дағдылары мен білімдерінің ағымдағы теңгерімін қарайды.

Директорлар кеңесінің мүшелерін оқыту туралы ақпарат Компанияның веб-сайтында үнемі жаңартылып отырады және мына сілтеме бойынша қол жетімді: https://www.kmg.kz/ru/sustainable-development/corporate-governance/directors_board/.

Директорлар кеңесінің отырыстарында, оның ішінде Директорлар кеңесінің, сондай-ақ Директорлар кеңесінің Қауіпсіздік, еңбекті және қоршаған ортаны қорғау және орнықты даму жөніндегі комитетінің орнықты даму мәселелері жөніндегі жекелеген отырысында мәселелерді қарау шеңберінде ESG аспектілерін қамту периметріне кіретін неғұрлым өзекті тақырыптар, оның ішінде халықаралық трендтер мен елішілік бастамалар туралы ақпарат үнемі талқыланып отырады.

БАСҚАРУ ОРГАНЫНЫҢ ҚЫЗМЕТІН БАҒАЛАУ

2-18

Корпоративтік басқару кодексіне сәйкес және директорлар кеңесі мен оның комитеттерінің, «Самұрық-Қазына» АҚ Директорлар кеңесінің, Директорлар кеңесі Комитеттерінің, Директорлар кеңесінің төрағасы, мүшелері мен Корпоративтік хатшысының (бұдан әрі – Ереже). Ережеде Директорлар кеңесі, комитеттер және Директорлар кеңесінің мүшелері Директорлар Кеңесі бекіткен құрылымдық процесс шеңберінде жыл сайынғы негізде бағалануы тиіс деп көзделген. Бұл ретте бағалау кемінде үш жылда бір рет тәуелсіз кәсіби ұйымды тарта отырып жүргізіледі.

2021 жылы ҚМГ-ні қоса алғанда, «Самұрық-Қазына» АҚ-ның 11 портфельдік компаниясында «ПрайсуотерхаусКуперс» ЖШС командасы 2020 жылғы 1 қаңтардан бастап 2021 жылғы 31 мамырды қоса алған кезеңдегі корпоративтік басқарудың тәуелсіз диагностикасын жүргізді. Аталған диагностика шеңберінде мынадай бес бағыт бойынша қызмет бағаланды: ДК және атқарушы органның тиімділігі; тәуекелдерді басқару, ішкі бақылау және аудит; орнықты даму; акционерлердің құқықтары; ашықтық.

Тәуелсіз диагностиканың қорытындысы бойынша ҚМГ «КазМұнайГаз» ҰК АҚ Корпоративтік басқаруды жетілдіру жөніндегі 2022–2023 жылдарға арналған іс-шаралар жоспарын бекітті.

Осыған байланысты 2023 жылы Директорлар кеңесінің қызметіне жеке тәуелсіз бағалау жүргізілген жоқ.

Бұл ретте 2023 жылы Корпоративтік басқару кодексі талаптарына сәйкес 2022 жылдың қорытындысы бойынша сауалнама жүргізу арқылы Директорлар кеңесі мүшелерінің өзін-өзі бағалауы жүргізілді. Өзін-өзі бағалау сауалнамасын Тағайындаулар мен сыйақылар жөніндегі комитеттің және Директорлар кеңесінің төрағалары бірлесіп әзірледі. Сауалнама екі бөлімнен тұрды — «Құрам және процестер», «Мінез-құлық және әрекеттер» – және 30 сұрақ. Өзін-өзі бағалау нәтижелері Тағайындаулар мен сыйақылар жөніндегі комитетте алдын ала қаралды, оның барысында Директорлар кеңесінің төрағасына Тағайындаулар мен сыйақылар жөніндегі комитеттің төрағасымен бірлесіп, Директорлар кеңесінің отырысы шеңберінде Директорлар кеңесінің қызметін өзін-өзі бағалау нәтижелерін талқылау кезінде 2022 жылдың қорытындылары бойынша мынадай аспектілерді талқылау ұсынымы әзірленді:

- барлық аспектілердегі әртүрлілік;
- Директорлар кеңесі мүшелерінің сабақтастық жоспары және сайлану процесі;
- ҚМГ стратегиясы;
- кәсіптік дамыту және оқыту.

2023 жылғы желтоқсандағы Директорлар кеңесінің отырысында 2023 жылдың қорытындысы бойынша ҚМГ Директорлар кеңесінің қызметін бағалауға қатысты мәселе қаралды. Жыл сайынғы негізде өзін-өзі бағалауды жүргізу мақсаты Директорлар кеңесі мүшелерінің сауалнамаларды толтыру қорытындылары бойынша динамиканы анықтау болып табылады. ҚМГ Директорлар кеңесі назар аударуды қажет ететін ережелерді анықтау, сондай-ақ нәтижелерді бұрын алынған нәтижелермен салыстыру мақсатында 2023 жылдың қорытындысы бойынша ҚМГ Директорлар кеңесінің қызметіне өзін-өзі

бағалау арқылы бағалау жүргізу туралы шешім қабылдады.

ҚМГ Директорлар кеңесінің 2024 жылғы 7 наурыздағы отырысында 2023 жылдың қорытындысы бойынша Директорлар кеңесінің қызметін өзін-өзі бағалау нәтижелері туралы есеп қаралды. Директорлар кеңесінің 2024 жылғы 10 сәуірдегі шешімімен «КазМұнайГаз» ҰК АҚ Директорлар кеңесінің қызметін жетілдіру жөніндегі іс-шаралар жоспары бекітілді.

СЫЙАҚЫНЫ АЙҚЫНДАУ САЯСАТЫ МЕН ПРОЦЕСІ

2-19, 2-20

ҚМГ Директорлар кеңесі мүшелерінің сыйақы деңгейі ҚМГ Директорлар кеңесі мүшелерімен жасалған шарттарға сәйкес Акционерлердің жалпы жиналысының шешімімен белгіленеді.

ҚМГ Директорлар кеңесі мүшелерінің сыйақысы тіркелген болып табылады. Бұл ретте, Директорлар кеңесінің төрағасы үшін белгіленгеннен басқа, Директорлар кеңесіне төрағалық еткені үшін қосымша сыйақы да көзделген.

Корпоративтік басқару кодексіне сәйкес «Директорлар кеңесі мүшелерінің сыйақы деңгейі Директорлар кеңесінің әрбір мүшесін ұйымды табысты басқару үшін талап етілетін деңгейде тарту, ұстап қалу және ынталандыру үшін жеткілікті болуы тиіс. Ұйымның Директорлар кеңесінің мүшесіне сыйақы белгілеу «Самұрық-Қазына» АҚ әзірлейтін әдіснамаға сәйкес жүзеге асырылады, бұл ретте ұйым үшін осы адамның Директорлар кеңесінің құрамына қатысуынан күтілетін оң нәтижесі назарға алынуы тиіс». Сондай-ақ Корпоративтік басқару кодексіне сәйкес бірде-бір тұлға өзінің сыйақысына байланысты шешімдер қабылдауға қатыспауға тиіс.

Сыйақы мөлшерін айқындау тәртібін Акционерлердің жалпы жиналысы айқындайды. «Самұрық-Қазына» АҚ Басқармасының 2016 жылғы 26 қыркүйектегі шешімімен (№35/16 хаттама) «Самұрық-Қазына» АҚ компанияларының Директорлар кеңесінің/

Байқау кеңесінің құрамдарын қалыптастыру жөніндегі қағидалар бекітілді, олар сонымен қатар Директорлар кеңесінің мүшелеріне сыйақы белгілеу тәртібін де көздейді.

«Сыйақы және шығыстарды өтеу» қағидаларының 3-бөліміне сәйкес сыйақы мөлшерін белгілеу кезінде директорлардың міндеттері, Компания қызметінің ауқымы, даму стратегиясы мен бизнес-жоспарда айқындалатын ұзақ мерзімді мақсаттар мен міндеттер назарға алынады. Сыйақы тәуелсіз директорларға төленеді. «Самұрық-Қазына» АҚ тобына кіретін компаниялардың Директорлар кеңесі құрамындағы «Самұрық-Қазына» АҚ өкілдеріне сыйақы «Самұрық-Қазына» АҚ Басқармасының шешімі негізінде айқындалады. Кәсіби директорларды тарту және ұстап қалу мақсатында бәсекеге қабілетті сыйақыны қалыптастыру үшін Қор Басқармасының шешімімен Қор активтері қызметінің жекелеген салалары бойынша жылдық сыйақының ең жоғары мөлшері белгіленеді. Жылдық сыйақылардың (лимиттердің) ең жоғары мөлшерін белгілеу ұқсас компанияларда қабылданған сыйақылар мөлшерімен салыстырылып жүзеге асырылады.

2023 жылы ҚМГ Директорлар кеңесінің мүшелеріне сыйақы мөлшерін айқындау үшін консультанттар тартқан жоқ.

МҮДДЕЛІ ТАРАПТАРДЫҢ ЕҢБЕККЕ АҚЫ ТӨЛЕУГЕ ҚАТЫСТЫ ҚАТЫСУЫ

2-20

Сыйақы мөлшерін айқындау тәртібін ҚМГ акционерлерінің жалпы жиналысы – «Самұрық-Қазына» АҚ айқындайды. Корпоративтік басқару кодексіне сәйкес Директорлар кеңесінің Тағайындаулар мен сыйақылар жөніндегі комитеті тәуелсіз директорларға кандидаттардың сыйақысы мөлшері бойынша ұсыныстар енгізеді.

ҚМГ Директорлар кеңесі Тағайындаулар мен сыйақылар жөніндегі комитетінің отырыстарында қажеттілігіне қарай ҚМГ Директорлар кеңесі мүшелерінің сыйақысына байланысты мәселелер талқыланады.

Есепті кезеңде Директорлар кеңесінің Тағайындаулар мен сыйақылар жөніндегі комитеті 2022 жылғы жұмыс қорытындылары бойынша ҚМГ Директорлар кеңесінің қызметін өзін-өзі бағалау нәтижелерін қарап, оның шеңберінде ҚМГ Директорлар кеңесі мүшелерінің сыйақы деңгейі бағаланды.

Gri 2-12, 2-20, 2-21 көрсеткіштері (тәуекелдерді басқару, Директорлар кеңесінің сыйақысы) туралы толығырақ ақпарат ҚМГ-ның 2023 жылғы жылдық есебінде <https://www.kmg.kz/ru/investors/reporting/> ҚМГ сайтында көрсетілген.

ЭКОНОМИКАЛЫҚ НӘТИЖЕЛІЛІК



10-ҚАҒИДА. Іскер топтар сыбайлас жемқорлықтың барлық түрлеріне, соның ішінде бопсалау мен парақорлыққа қарсы тұруы керек

Компания орнықты экономикалық қызметті қамтамасыз етуге міндеттенеді. Компанияның қаржылық және операциялық көрсеткіштерге қол жеткізуі, стратегиялық және бизнес-жоспарлауы орнықты даму қағидастары ескеріле отырып жүргізіледі. ҚМГ жыл сайын елдің әлеуметтік-экономикалық әлеуетін арттыруға және Компания қатысатын өңірлерді дамытуға елеулі үлес қосады.

ҚМГ-ның шоғырландырылған және жекелеген даму жоспары мен бюджетін қалыптастыру және бекіту «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ Даму жоспарын қалыптастыру, бекіту, түзету және мониторингілеу қағидаларымен регламенттеледі. Шоғырландырылған Бизнес-жоспар ЕТҰ-ның 5 жылдық кезеңге арналған жоспарларын қамтиды және «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ ЕТҰ-ның бизнес-жоспарлары мен бюджеттерін әзірлеу, келісу, бекіту және мониторингілеу қағидаларымен регламенттеледі. ҚМГ-ның Даму жоспары мен бюджеті ҚМГ-ның бекітілген Корпоративтік есеп саясатының және Халықаралық қаржылық есептілік стандарттарының (КЕХС) талаптарына сәйкес жоспарлаудың автоматтандырылған жүйесінде қалыптастырылады.

Стратегиялық мақсаттарға қол жеткізуді талдау үшін ҚМГ ай сайынғы, тоқсандық және жылдық басқару есептері негізінде Бизнес-жоспарлардың орындалуына мониторинг жүргізеді.

Есепті кезеңде Компанияның таза пайдасы **924 млрд теңгені** құрады.

ҚМГ қатысу өңірлеріндегі ірі салық төлеушілердің бірі бола отырып, ел бюджетіне салықтар және басқа да төлемдер бойынша өз үлесін қосады. 2023 жылы **1 162 млрд теңге** сомасында салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер төленді.

Компания сонымен қатар тұрақты жалақы ғана емес, сонымен қатар жұмыскерлер мен олардың отбасыларына әлеуметтік қолдау көрсете отырып, **49 мыңнан астам адамды** жұмыспен қамтамасыз етеді. Компания қызметкерлерге әлеуметтік аударымдар мен зейнетақы жарналарына жіберген қаражат 2023 жылы **79 млрд теңгені** құрады.

Отандық өндірушілерді қолдау бағдарламаларына қатысу және сатып алуда елішілік құндылықтарды арттыру ҚМГ-ның басым міндеті болып табылады. 2023 жылдың қорытындысы бойынша ҚМГ компаниялар тобы бойынша жеткізілген тауарлардың, жұмыстар мен қызметтердің жалпы көлемі **2 186 млрд теңгені** құрады. Сатып алудағы елішілік құндылық үлесі – **77%-ды** құрайды.

Компанияның экономикалық тиімділігінің төмендегі көрсеткіштері ел экономикасына қосқан үлесін бағалауға мүмкіндік береді.

ҚҰРЫЛҒАН ЖӘНЕ БӨЛІНГЕН ЭКОНОМИКАЛЫҚ ҚҰН

3-3, 201-1, 201-4, 415-1

Көрсеткіш	Өлш. бірл.	2021	2022 ¹¹	2023
Бөлінген экономикалық құн				
Жиынтық кірістер*	млрд теңге	7 628	9 827	9 243
Бөлінген экономикалық құн				
Жиынтық шығыстар**	млрд теңге	6 341	8 521	8 318
Бөлінбеген экономикалық құн				
Жыл ішіндегі таза пайда	млрд теңге	1 287	1 307	924

* Жиынтық кірістер – жиынтық кіріс туралы шоғырландырылған есептегі кірістер мен басқа да кірістердің жиынтығы.

** Жиынтық шығыстар – жиынтық табыс туралы шоғырландырылған есептегі жалпы шығыстар мен шығындар, соның ішінде табыс салығы бойынша шығыстар.

Көрсеткіш	Өлш. бірл.	2021	2022	2023
Басқа да салықтар мен төлемдер (КТС-сыз)	млрд теңге	1 453	1 764	1 728
Басқа да салықтар мен төлемдер (КТС-сыз)	млрд теңге	1 565	1 908	1 876
Төленген табыс салығы	млрд теңге	111	144	147
Капитал өнім берушілеріне төлемдер	млрд теңге	309	701	558

Деректер 2023 жылғы ҚМГ ақша қаражатының қозғалысы туралы шоғырландырылған есептен (тікелей әдіс) алынды.

Көрсеткіш	Өлш. бірл.	2021	2022	2023
Күрделі салымдар (есептеу әдісі бойынша)	млрд теңге	472	535	804

*Күрделі салымдардың ұлғаюуы құбырларды ауыстырумен, ҚМГ ЕТҰ ұңғымаларын бұрғылаумен және жайластырумен, сондай-ақ «Астрахань-Маңғышлақ» су құбырын реконструкциялаумен және кеңейтумен байланысты

ҚМГ есепті кезеңде мемлекеттен ақшалай түрде қаржылық көмек алған жоқ және мемлекеттік/саяси қажеттіліктерге қайырмады.

¹¹ 2022 жылғы ҚМГ қаржылық көрсеткіштері «Полимер Продакшн» ЖШС-ның 100% үлесі қосылғаны ескеріле отырып қайта есептелді.

ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРДІҢ ЗЕЙНЕТАҚЫ ЖОСПАРЛАРЫ

201-3

Ұлттық заңнамаға сәйкес азаматтардың зейнетақы жинақтары Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорында, сондай-ақ ерікті жинақтаушы зейнетақы қорларында болады. Компания өз тарапынан ұйымдардың ұжымдық шарттарына сәйкес жұмыс істемейтін зейнеткерлерді әлеуметтік қолдау бойынша қосымша міндеттемелерін орындайды, оған сәйкес қызметкерлер зейнеткерлік жасқа толуына байланысты құрметті демалысқа шыққан кезде, сондай-ақ зейнеткерлікке шыққаннан кейін мерей жасына жетуіне байланысты Қазақстан Республикасының

ұлттық және мемлекеттік мерекелеріне материалдық көмек түрінде, құнын ішінара өтей отырып, санаторий-курорттық емдеуге жолдамалар және т.б. түрінде әлеуметтік қолдау алады.

ҚМГ кәсіпорындарында тараптардың келісімі бойынша еңбек қатынастары бұзылған кезде өтемақы төлей отырып, зейнеткерлікке дейінгі жастағы қызметкерлерге ерте зейнетке шығу мүмкіндігін беру, зейнеткерлік жасқа толған қызметкерлермен еңбек қатынастары бұзылған кезде өтемақы төлеу жобасы іске асырылуда.

Көрсеткіш	Өлш. бірл.	2021	2022	2023
Әлеуметтік аударымдар және міндетті зейнетақы жарналары	млрд теңге	54	66	79

ҚМГ САЛЫҚТЫҚ ЕСЕП САЯСАТЫ

207-1, 207-4

ҚМГ, тобының компанияларында салықтық есепке алуды жүргізуді стандарттау мақсатында **Корпоративтік салықтық есеп саясаты** (бұдан әрі – Корпоративтік СЕС) әзірленіп енгізілді.

Корпоративтік СЕС ҚЕХС «Бухгалтерлік есеп және қаржылық есептілік туралы» ҚРЗ Заңымен, ҚР өзге де заңнамалық актілерімен және Қазақстан Республикасы ратификациялаған халықаралық шарттармен, сондай-ақ ҚМГ/еншілес ұйымның қызметін реттейтін ішкі құжаттармен өзара байланыста ҚР салық заңнамасының талаптарына сәйкес әзірленді. Корпоративтік СЕС ережелері ҚМГ компаниялар тобының коммерциялық және салықтық құпиясы болып табылады.

Корпоративтік СЕС ережелері мен ҚР салық заңнамасының нормалары не ҚР ратификациялаған халықаралық шарттар арасында қайшылықтар болған кезде салық

заңнамасының не тиісті халықаралық шарттың нормалары қолданылады.

Корпоративтік СЕС-ті ҚМГ және оның барлық еншілес ұйымдары басшылыққа алады, мына ұйымдарды қоспағанда:

- ерекше тұрақты салық салу режимі көзделген өнімді бөлу туралы келісім шеңберінде жер қойнауын пайдалану жөніндегі операцияларды жүзеге асыратын ұйымдар;
- ҚР шегінен тыс тіркелген, сондай-ақ ҚМГ филиалдары мен оның еншілес ұйымдарының ҚР шегінен тыс тіркелген филиалдары.

Корпоративтік СЕС мақсаты ҚМГ мен оның еншілес ұйымдарының ұйымдық және салалық ерекшеліктерін ескере отырып, салық есебін жүргізуге бірыңғай тәсілге қол жеткізу болып табылады.

Корпоративтік СЕС міндеті – салық заңнамасында мынадай талаптар болған жағдайларда ҚМГ компаниялар тобының салық есебін жүргізу ерекшелігін көрсету болып табылады:

- ҚР Салық кодексінде көзделген бірнеше нұсқалардан не әдістерден таңдау жасауды талап ететін немесе жасауға мүмкіндік беретін нормалар болса;
- тек жалпы нормаларды белгіленіп, салық есебін жүргізу тәсілдерінде, салық салу объектілерін және салық салуға байланысты объектілерді айқындау тәртібінде айқындылық пен нақтылық болмаса;
- СЕС-те жекелеген шарттар мен ережелерді көрсету талап етілсе.

Корпоративтік СЕС ҚР Салық кодексінің мынадай қағидаттарына негізделеді:

- салық салудың міндеттілік қағидаты – ҚМГ және оның еншілес ұйымдары салықтарды Қазақстан Республикасының бюджетіне толық көлемде уақтылы және дұрыс есептеуге, ұстап қалуға және төлеуге міндетті;
- салық салудың әділдік қағидаты – ҚМГ және оның еншілес ұйымдарының

операцияларына бір кезеңде бір салық салу объектісі бойынша салықтың және төлемнің бірдей түрімен қосарланған салық салынбайды;

- ҚМГ және оның еншілес ұйымдарының адалдық қағидаты – салық үнемін алу және салық төлемдерін азайту мақсатында өздерінің заңсыз әрекеттерінен пайда алуға жол берілмейді.

ҚМГ және ҚМГ-ның барлық еншілес компаниялары корпоративтік СЕС негізінде Компания қызметінің салалық ерекшеліктерін ескере отырып, өз деңгейінде жекелеген салықтық есепке алу саясатын әзірлеп, енгізді.

ҚР салық заңнамасына өзгерістер мен толықтырулар енгізілген жағдайда, ҚМГ және еншілес ұйымдардың корпоративтік СЕС және жекелеген СЕС-ке тиісті өзгерістер енгізіледі.

ҚМГ салық салуға өзінің көзқарасында салықтық жоспарлау кезінде ҚМГ-ның коммерциялық қызметінің ерекшеліктерін және ҚМГ-ның 2022–2031 жылдарға арналған Даму стратегиясына толық сәйкес келетін осындай тәсілдің әлеуметтік әсерін ескереді.

Салықтық жоспарлау шеңберінде мемлекеттердің пайдасына салық төлемдері бойынша ақпарат (GRI 207-4) жыл сайын ҚМГ корпоративтік сайтында орналастырылады <https://www.kmg.kz/ru/investors/reporting/>.

Салықтық әкімшілендіру және бақылау, тәуекелдерді басқару

207-2

Тәуекелдерді, оның ішінде салықтық тәуекелдерді басқару тәсілін Тәуекелдерді басқарудың корпоративтік жүйесі (ТБКЖ) белгілейді.

Тәуекелдерді басқару процесі туралы толығырақ «ESG тәуекелдерді басқару» бөлімінде.

Мүдделі тараптармен өзара әрекеттесу және салыққа байланысты мәселелерді басқару

207-3

ҚМГ салық заңнамасына сәйкес салық мониторингіне жататын ірі салық төлеушілердің тізбесіне енгізілген.

ҚМГ-да тұрақты негізде ҚМГ тобының компанияларында туындайтын салық заңнамасын қолданудың проблемалық мәселелерін талдау бойынша жұмыс жүргізіледі, кейіннен заңнамалық актілерге өзгерістер енгізу жөнінде ұсыныстар әзірленеді, сондай-ақ ҚМГ тобы компанияларының қызметіне салық салуға қолайлы жағдайлар жасау, салық заңнамасын, Кеден одағы мен ҚР кеден заңнамасын, трансферттік баға белгілеу туралы ҚР заңнамасын жүйелі жетілдіру, сондай-ақ операциялық тиімділікті арттыру және тұтастай алғанда ҚМГ құнын ұлғайту

мақсатында ҚР заңнамасына өзгерістер енгізуге бастамашылық жасалады.

Мемлекеттік органдармен қарым-қатынастар мен өзара іс-қимылдар ҚР заңнамасының нормалары шеңберінде салық саясатының дұрыстығын айқындау, ҚР салық заңнамасына сәйкес ұстанымын қорғау, мемлекеттік органдар, сондай-ақ акционер, салалық қауымдастықтар ұйымдастыратын кездесулерге, талқылауларға қатысу мақсатында іскерлік хат алмасу арқылы құрылады.

Заңнаманы жетілдіру арқылы ҚМГ компаниялар тобының мүдделерін қорғау мыналарды қамтиды:

- салық салу бөлігінде заңнаманы жетілдіру бойынша ұсыныстар (оның ішінде негіздемелер, презентациялар мен есептеулер) әзірлеу;
- салық заңнамасын және жер қойнауы және жер қойнауын пайдалану туралы заңнаманы орындау бөлігінде тиісті мемлекеттік органдар әзірлеген нормативтік құқықтық актілердің жобаларына қорытындыларды қарау және ұсыну;
- ҚМГ компаниялар тобының заңнамалық бастамаларын салалық қауымдастықтар (Қазақстан салық төлеушілер қауымдастығы (ҚХА), KAZENERGY қауымдастығы, «Атамекен» ҚР Ұлттық Кәсіпкерлер Палатасы (ҰКП) жанынан жұмыс істейтін консультативтік-кеңесші органдардың жұмысына тікелей қатысу арқылы, Қазақстан Республикасының уәкілетті мемлекеттік органдары мен ҚР Парламентінің қатысуымен жұмыс топтарында сүйемелдеу).

ҚМГ-ның 2022–2031 жылдарға арналған стратегиялық мақсаттары	Салық салу тәсілінің стратегиялық мақсаттармен байланысы
ҚМГ-ның өсуін қамтамасыз ету үшін жеткілікті ресурстық база.	Мемлекеттік органдар тарапынан фискалдық ынталандыру
ҚМГ құн тізбегінің тиімділігін арттыру.	Осындай кен орындарында өндіруді ұлғайту мақсатында жетілген кен орындары бойынша салық ауыртпалығын одан әрі оңтайландыру туралы мемлекетпен келіссөздер жүргізу
Бизнесті әртараптандыру және өнімдер портфелін кеңейту	Салық ортасындағы өзгерістер және салықтық жеңілдіктер мен преференцияларды алу/ұзарту мүмкіндігі
Орнықты даму және өндірістің көміртекті сыйымдылығын үдемелі төмендету	Салық органдарының түсіндірмелерін алу және қажет болған жағдайда салық заңнамасына өзгерістер енгізу арқылы салық салу тәртібін реттеу

ИНВЕСТИЦИЯЛЫҚ ЖОБАЛАРДЫҢ ІСКЕ АСЫРЫЛУЫ

203-1, 203-2

Инвестициялық портфель Компания үшін дәстүрлі бағыттардағы (жер қойнауын пайдалану, сервис, мұнай тасымалдау және өңдеу), сондай-ақ жаңа бағыттардағы бірқатар

жобалармен ұсынылған: мұнай-газ химиясы және төмен көміртекті даму саласындағы жобалар, оның ішінде жасыл энергетика құрылысы жобалары.

2023 ЖЫЛҒА АРНАЛҒАН ИНВЕСТИЦИЯЛЫҚ ПОРТФЕЛЬДІҢ ЖАЛПЫ ҚҰНЫ 50 461 МЛРД ТЕҢГЕНІ ҚҰРАЙДЫ, ОНЫҢ ІШІНДЕ ҚМГ ҮЛЕСІНЕ – 18 636 МЛРД ТЕҢГЕ.

Жобаның бағыты	2022 жылы инвестициялық портфельдің құнын бөлу (млрд теңге)	2023 жылғы инвестициялық портфельді ҚМГ үлесіне бөлу (млрд теңге)	2023 жылғы инвестициялық портфельді ҚМГ үлесіне бөлу (%)
Мұнай мен газды барлау және өндіру	41 857	12 713	68,2%
Мұнай тасымалдау	419	155	0,8%
Мұнай өңдеу және мұнай өнімдері маркетингі	797	732	3,9%
Мұнай-газ химиясы	6 131	4 329	23,2%
ESG-жобалар	965	420	2,3%
Сервистік жобалар	178	178	1,0%
Өзгесі	114	109	0,6%
Жиыны:	50 461	18 636	100%

МҰНАЙ МЕН ГАЗДЫ БАРЛАУ ЖӘНЕ ӨНДІРУ

Инвестициялық портфельде құрлықта да, теңізде де жүзеге асырылатын мұнай мен газды барлау және өндіру жобаларының үлесі айтарлықтай.

